

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

З. Қ. Қанаева

**МЕНЕДЖМЕНТ ПЕН МАРКЕТИНГТЕГІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2016

ӘОЖ 349.6 (075)

Қ 34

*Пікір жазғандар: Мұхитдинов Н.М., биол. ғыл. докторы,
профессор, ҚазҰУ
Құрбанова Г.В., биол. ғыл.
докторы, профессор, ҚазҰТЗУ
Есімова О.А., хим. ғыл. кандидаты,
доцент, ҚазҰУ*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы басылым жоспары бойынша басылды.

Қанаева З.Қ.

Қ34 «Менеджмент пен маркетингтегі экологиялық құқық негіздері»: Оқу құралы./ З.Қ.Қанаева. – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. –152 б. Кесте – 8. Сызба – 11. Библиогр. тізім – 28 атау.

ISBN 978-601-228-978-7

Оқу құралы табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды құқықтық басқару негізі туралы түсінік береді. Оқу құралында қоршаған ортаны қорғауды құқықтық басқару негізі ретінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің негізгі ережелері толық қарастырылған. ISO 14000 Халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық менеджмент жүйесіне ерекше көңіл бөлінген, ISO 14000 Халықаралық стандарттардың енгізілуіне байланысты Қазақстандағы қазіргі жағдай, өнім мен тауарлардың экологиялық таңбалау мен экологиялық маркетинг түсінігі келтірілген. Оқу құралы бакалавр-магистрант экологтарға және табиғат қорғау саласында қызмет ететін басқа мамандар үшін пайдалы.

ӘОЖ 349.6 (075)

ISBN 978-601-228-978-7

© З. Қ. Қанаева, 2016

© ҚазҰТЗУ, 2016

КІРІСПЕ

Оқу құралының мақсаты – студенттерге халықтың экологиялық қауіпсіздігін, тұқым қорларының сақталуын қамтамасыз ету үшін, табиғат ресурстарын қалпына келтіру және ұтымды пайдалану мақсатында, табиғи ортаға рауалды әсер ету шамасын белгілеу үшін экологиялық менеджмент және маркетингтің құқықтық негізі аумағында студенттерді теориялық және практикалық жағынан даярлау.

Оқу құралының міндеті – Мемлекеттік Білім стандарттарына сәйкес болашақ эколог мамандарына қойылатын білім және іскерлікті үйрету:

Студент пәнді оқып шыққаннан кейін төмендегілерді білуі керек:

- табиғи ресурстық және табиғатты қорғау құқықтарының негіздерін;
- экологиялық құқықтың негізгі көздерін;
- қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқарудың негізгі әдістерін;
- қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды мемлекеттік реттеу институттарын;
- өндірістік өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғауды басқаруды;
- экологиялық менеджменттің негіздерін;
- экологиялық маркетингтің негіздерін.

Атқара білу керек:

- қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқару саласындағы негізгі заңды актілердің қолдану аумағын бағалау;
- өндірістік өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін талдау;
- ISO 14001 стандартының негізгі ережелерін салыстыра отырып, қазіргі жағдайдағы өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіне салыстырмалы баға беру;
- экологиялық таңбалаудың жақсы қасиеттерін бағалау.

1. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1.1. Экологиялық құқық туралы түсінік

Экологиялық құқық пәні

Экологиялық құқық пәні адам және қоғамның табиғатпен қарым-қатынастарын құқықтық реттеу жиынтығын қарастырады.

Ғылыми-техникалық прогрестің даму темпіне байланысты адамның табиғатқа әсер етуі бара-бара күшейе түсуде. Қазіргі уақытта осы әсер табиғи факторлардың әсерімен тең, мұның өзі қоғам мен табиғаттың арасындағы салыстырмалы күштің сапалы өзгеруіне әкеп соғады.

Адам биосфераның көптүрлілігін құрастырып, көптеген түрінің бірі болып, өзінің биосферадағы рөлін түсіне отырып, биосфераның бір бөлігі ретінде, басқалары сияқты адам да табиғаттың заңдарына мойын ұсыну керек.

Табиғаттың даму заңдары – адам үшін қоғамның даму заңдарымен салыстырғанда ең жоғарғы тәртіптегі заңдар.

Атомдардың биогендік миграция заңы (В.И.Вернадский).

Биосферада және жер үстінде химиялық элементтердің миграциясы жалпы тірі заттардың тікелей қатысуынан болады. Жер үстімен, атмосферада, организмдер мекендейтін литосфераның төменгі қабаты мен суда және де геологиялық қабықшаларда болатын жалпы химиялық процестерді биотикалық және биогендік факторлардың есебінсіз түсіну мүмкін емес. Адамдар биосфераға және оның тірі мекеніне әсер ете отырып, сонымен қатар атомдардың биогендік миграциясының талаптарын өзгертеді. Соның әсерінен, адамның тілегіне қарамастан бұл процесс өздігінен даму процесіне айналады, ал глобальдық жағдай туғанда, онда бұл процесс тіпті басқарылмай қалады.

Бұл заң кез келген жобаларда табиғаттың өзгеруіне қарамастан биотаға әсер етуін есепке алу керектігін анықтайды.

Табиғат ресурстарын шектеу заңы.

Жердің барлық табиғи ресурстары (және талаптары) сарқылады. Біздің планетамыз табиғи шектелген бір тұтас болғандықтан, ал онда сан жетпес бөлшектер мекендей алатын

болғандықтан бұл заңның негізі болады. Сондықтан да «сарқылмайтын» табиғи ресурстар категориясы болған.

«Барлығы немесе ештеме» заңы (Боулич Х.).

Әлсіз әсерлер табиғи жүйеде жиналмағанша ешқандай қарсы немесе жауапты реакция бермеуі мүмкін, ал егер олар жиналса, онда динамикалық процестің дамуына әкеп соғады. Экологиялық жобалауда бұл заңның пайдасы өте зор.

Константалық заң (Вернадский В.И.).

Табиғаттың тірі заттарының саны – бұл константа (қазіргі геологиялық периодта). Биосфераның кез келген бір аймағында тірі заттектің санының өзгерісі, келесі бір тура сондай өлшеммен бірдей өзгеріске әкеп соғады, бірақ қарама-қарсы белгімен. Әдетте жоғары дамыған экожүйелер мен түрлер басқа эволюциялық төмен сатыдағы түрлердің әсерінен ығыстырылады (ірі организмдер кіші организмдермен), ал адамға пайдалы формалар – пайдасы аз, еш пайдасы жоқ немесе зиян заттармен алмастырылады.

Құнарлылықтың (табиғи) төмендеу заңы.

Топырақтың пайда болуы әрдайым егіннің жиналуынан, табиғи процестің бұзылуынан, сонымен қатар, ұзақ уақыт мономәдениеттің әсерінен, өсімдіктердің токсикалық заттектерді бөлінуінен және олардың жиналуынан, пайдаланылған жерлердегі топырақтың табиғи құнарлығы ақырындап төмендейді. Бүкіл әлемде барлық егістік жерлердің 50% құнарсызданған (2 млрд. га. дейін), бұл дегеніміз жылына 7 млрд. га жуық егістік жерлер құнарсызданады деген сөз.

Экологиялық корреляция заңы.

Экожүйеде, сол сияқты кез келген бір тұтас табиғи жүйеде, әсіресе биотикалық қауымдастықта, соның ішіне кіретін тірі және биотикалық экологиялық компоненттердің түрлері функционалды бір-біріне сәйкес келеді.

Жүйеде бір бөліктің жойылуы (мысалы, бір түрдің жойылуы) жүйедегі сол бөлікпен тығыз қарым-қатынаста болған бөлшектердің барлығына әсер етеді (жойылуына дейін) және ішкі динамикалық тепе-теңдіктің функционалды өзгеруіне әкеп соғады. Бір-бірден жойылмайтын, бірақ топпен әрқашанда өзара байланыстағы тірі организмдерді сақтау үшін, экологиялық корреляция заңының маңызы өте зор.

Қоғамның заңдары – өзіндік әлеуметтік пен экологиялық жайлылығы үшін және ұйымдастыру үшін адамдарға арнап жазылған.

Қоршаған орта – бұл даму үшін тірі организмдердің өмір сүру ортасы. Оның жағдайы ең қажет критерий болып саналса, ал оны сақтау – даму процесіндегі әр кездегі көңіл аудару объектісі. Қолайлы да, сәтті даму үшін экологиялық тәртіптегі проблемаларды ескеретін саясат керек. *Экологиялық проблемаларды шешудегі қоршаған ортаның құқығы туралы ғылым, ең бастысы ресурс ретінде қарастырылады.*

Қоршаған табиғи орта құқығының аумағындағы экологиялық проблемаларды шешу үшін келесішешу жолдарын қолдануға болады:

1. Жаңа экологиялық-құқықтық дүниетанымды құрастыру. Ол үшін В.И. Вернадскийдің біліміне негізделе отырып, қоғам үшін жаңа және бір тұтас құқықтық дүниетаным керек.

2. Мемлекеттік экологиялық саясатты өңдеу және ретпен максималды тиімді іске асыру. Ол үшін әрдайым мемлекеттің экологиялық функция аумағында шешілуі қажет.

3. Қазіргі заманға сай экологиялық заңдылықтарды құрастыру. Ол үшін экологиялық заңдылықтарға кіретін келесі критерийлер мен сипаттамалар керек:

– қоршаған орта аумағындағы арнайы құқықтық актілер жүйесін құрастыру, заңдылықтарды экологизациялау (әкімшілік, азаматтық, кәсіпшілік, қылмыстық және т.б.);

– құқықтық экологиялық талаптармен қамтамасыздандыратын механизмді құрастыру;

– Еуропалық елдер мен РФ экология заңдылықтарының гармонизациясын қолдану.

4. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқаратын мемлекеттік органдардың оптималды жүйесін құрастыру.

5. Табиғатты қорғау шаралары үшін оптималды түрде қаржыландыруды қолға алу.

6. Тұрғылықты жерлердегі тұрғындарды табиғатты қорғау іс-шараларына шақыру.

7. Экологиялық тәрбиелеу.

Экологиялық құқық пәні

Кез келген құқықтық сала – өзінше құқықтық қарым-қатынастағы нақты саланы реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Құқықтық салалардың әр қайсысында нақты анықталған белгілері болуы тиіс.

Құқықтық саланың ең негізгі 3 белгілері бар, олар:

- *құқықтық реттеу заты,*
- *экологиялық құқықтың көздері,*
- *экологиялық құқықтың жеке өз бетінше бір салаға бөлінуінде мемлекеттің қажеттілігі.*

Кез келген құқықтың саласының заты – бұл берілген құқықтық саласының нормаларымен реттелген қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы.

Экологиялық құқық пәні – бұл құқықтық нормалармен реттелген табиғи ортаны қорғау мен пайдалану аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастар жиынтығын қарастырады.

Құқығы бар және міндет атқаратын қоғамдық экологиялық қарым-қатынастағы қоғам, экологиялық құқықтың қарым-қатынастардың *субъектісі* болып табылады. Құқықтық орындаушылар, сот органдары, өнеркәсіптер, азаматтар және қоғамдық ұйымдастырушылар экологиялық қарым-қатынастың *қатысушылары* болып табылады.

Экологиялық құқықтың заты ретінде, әдетте қоғамдық қарым-қатынастың 2 тобы анықталады:

- *табиғи ресурстарды рационалды пайдалану;*
- *қоршаған ортаны қорғау бойынша топтар.*

Қоғам мен табиғаттың қарым-қатынастарының саласында адамның қызығушылықтары мен қажеттілігін ескере отырып, қазіргі заманға сай қоршаған орта құқығының заты келесі қарым-қатынастарды бөледі:

- *табиғи ресурстарға және объектілерге жеке-меншіктері;*
- *табиғатты пайдалану бойынша;*
- *деградацияның әртүрлі формаларынан қоршаған ортаны қорғау бойынша және заңды жеке тұлғалардың заңды талаптары мен экологиялық құқығын қорғау бойынша.*

Экологиялық құқық – өзара байланыс пен өзара тәуекелділіктің бірігуі (1-кесте).

Қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі

Табиғи ресурстық құқық	Табиғатты қорғау құқығы
<p>Әртүрлі табиғатты пайдаланушылардың қажеттілігін, заңды талаптарын қамтамасыздандыру мақсатында табиғи ресурстарды рационалды пайдалану бойынша қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі (табиғи ресурстар қарым-қатынасы)</p>	<p>1) сақтандыру; 2) жаңғырту; 3) адамды қоршап тұрған табиғи ортаны зерттеу, оған қоса алдын ала ескерту және адамның шаруашылық ісінен кейінгі әсерді жою бойынша қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі (табиғатты қорғау қарым-қатынасы)</p>

Құқықтық реттеу объектілері ретінде қоршаған орта мен оның бір бөлік элементтері саналады.

Экологиялық құқық қарым-қатынастарының объектілерін анықтау үшін ҚР Экологиялық кодексіндегі 1-тарауды қарау керек. «Қоршаған орта – бұл табиғи және қолдан жасалған объектілердің жиынтығы, оның ішінде атмосфералық ауа, Жердің озон қабаты, жер үсті және жер асты сулары, жер қойнауы, жануарлар және өсімдіктер әлемі, сонымен қатар климат, олардың өзара әрекеттері».

Экологиялық қоғамдық қарым-қатынастың белгілі бір бөлшегі басқа да бір құқықтық салалардың нормаларымен (азаматтық, әкімшілік шаруашылық, аграрлық) реттелуі мүмкін.

Экологиялық құқықпен қорғалатын табиғи объектілердің 2 ерекшеліктері болуы тиіс:

- 1) экологиялық немесе шаруашылық мәні болуы;
- 2) қалғаны табиғаттан бөлінбеуі тиіс.

Экологиялық құқықпен келесі объектілер қорғалады:

1. *Жер* – табиғи ортадан бөлінбеген, мемлекеттік шекараның аумағындағы жер қабатының бөлігі.

2. *Су* – табиғи ортадан бөлінбеген, экологиялық және экономикалық мәні бар, мемлекеттің аумағындағы Жердің гидросферасының бөлігі.

3. *Жер қойнауы* – дұрыс формалы емес, конус тәрізді, негізі ретінде мемлекеттің ауданы, ал төбесі ретінде жердің центрі болатын, мемлекеттің аумағындағы Жер қабықшасының бөлігі.

4. *Атмосфералық ауа* – мемлекеттің аумағындағы Жердің ауа қабатының бөлігі, оның төбесі ұшатын аппараттардың ұшу биіктігімен бірдей, ғарыштан басқа.

5. *Өсімдіктер әлемі* – ормандар + ормандық емес өсімдіктер. Орман – өзара байланысты және өзара тәуелді компоненттердің экологиялық кешені. Ормандық емес өсімдіктер – бұл жабайы өсетін ағаштар, бұталар, шөптер (орманға жатпайтын мемлекеттік жерлерде өсетін өсімдіктер).

6. *Жануарлар әлемі* – мемлекеттік территорияда өсетін табиғи бостандықтағы жабайы жануарлар.

7. *Континентальды шельф* – мемлекеттің территориялық су жағалауынан 200 м тереңдікке дейін немесе егер техникалық өңдеу жұмыстарының мүмкіндігі болып жатса, одан тереңіректегі ашық теңіз түбінің сызығы.

8. *Табиғи территориялар* (кешендер).

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық құқықтың негізі болатын табиғаттың дамуының негізгі заңдары.

2. Қоршаған табиғи орта құқығының аумағындағы экологиялық проблемаларды шешу жолдары.

3. Экологиялық құқық саласының белгілері.

4. Экологиялық құқықтың субъектілері мен объектілері.

5. Экологиялық құқықтың заты деген не?

6. Экологиялық құқықты құрастырғыштарға сипаттама беріңіз.

1.2. Экологиялық құқықтың көздері

Кез келген өзіндік құқықтық салаларының негізін құрағыш белгілерінің бірі болып өзіндік көздердің болуы болып табылады. Мұндай өзіндік көздердің бірі *нормативтік актілер* болып саналады, бірақ кез келген нормативтік акт құқықтың көзі бола бермейді. Құқықтың көзі болуы үшін нормативтік актілерде келесі анықталған белгілер болуы тиіс:

1) арнайы бекітілген органмен қабылдануы;

- 2) қарым-қатынастық тәртіпті құрауы;
- 3) мемлекеттік жауапкершілікпен кепілденуі (гарантия);
- 4) көп реттік қолдануға жарамдылығы;
- 5) жалпыға бірдей мінезді ұстануы.

Тек осы белгілерді ұстану арқасында нормативтік акт құқықтың көзі бола алады.

Нормативтік акт – бұл жазбаша, арнаулы белгіленген формадағы құжат, құқықтық нормаларды бекітетін, қызметін өзгертетін, тоқтататын, уақытша тоқтататын референдумдарда немесе бекітілген органдарда қабылданатын құжат.

ҚР экологиялық құқықтық көздері болып тек қана экологиялық құқықтық нормалардан және талаптардан тұратын немесе экологиялық табиғатты қорғау бағытын ұстанатын нормативтік құқықтық актілер бола алады.

Қоршаған ортаны қорғау туралы арнайы заңдылықтар мен табиғи ресурстар туралы заңдылықтардан басқа *экологиялық нормалар азаматтық, конституциялық, кәсіпшілік, қылмыстық, салықтық* және т.б. актілерінде қарастырылады.

ҚР экологиялық құқықтық көздерінің жүйесін құрайтындар: ҚР конституциясы, ҚР халықаралық келісім-шарттары, халықаралық құқықтың нормалары мен жалпы таңдалған принциптері, Президенттің нормативтік қаулылары мен жарлықтары, ҚР үкіметінің нормативтік қаулылары мен жарлықтары, ведомствалар мен министрліктердің құқықтық нормативтік актілері, басқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері, сот шешімі.

Экологиялық құқықтық көздерінің жіктелуі

Өртүрлі деңгейлерде нормативтік құқықтық актілердің санының көп басылып шығуынан, қоршаған ортаның құқықтық көздерін анықтау біркелкі қиыншылықтарды туғызды. Бұл қиыншылықтарды айналып өту олардың жіктелуі деп саналады.

1. Реттелу затына байланысты: *жалпы және арнайы* болып бөлінеді.

Жалпының сипаттамасы бойынша, оның реттеу аймағы кең және экологиялық қарым-қатынастарды қарастырады (ҚР Конституциясы).

Арнайы – бұл актілер тек қана қоршаған ортаның сұрақтары мен элементтерін қарастырады (мысалы, ҚР Экологиялық кодексі).

2. Іс-әрекет саласы бойынша – *республикалық, жергілікті және ведомствалық* болып бөлінеді.

Заңды күш бойынша – заңдар және заңдастырылған актілер.

Заңдар ең жоғарғы құқықтық күшке ие. Оны төменде келтірілген ережелер бойынша көруге болады:

- арнайы мемлекеттік органдармен қабылданады;
- жалпыға міндетті (барлық жерде және бәріне);
- заңға және заңдастырылған актілерге қарама-қайшылық жағдайлар туғанда заңның нормасы қызмет етеді;
- тек қана заңмен өзгерістер енгізіледі, тоқтатылады және толықтырылады;
- ерекше қабылдау процедурасы.

Заңдар:

1. ҚР Конституциясы – 30 тамыз 1995ж.
 2. ҚР Экологиялық кодексі – 9 қаңтар 2007ж.
 3. Ерекше қорғалатын территориялар туралы заң – 15 шілде 1997ж.
 4. Жануарлар әлемін қорғау, жаңғырту және пайдалану туралы заң – 21 қазан 2003ж.
 5. Міндетті түрде экологиялық сақтандыру туралы заң – 10 желтоқсан 2005ж.
 6. Табиғи және техногенді түрдегі төтенше жағдайлар туралы заң – 5 маусым 1996ж.
 7. Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық жайлылығы туралы заңы – 8 маусым 1994ж.
 8. Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы заң – 23 сәуір 1998ж.
 9. ҚР Жер кодексі – 20 маусым 2003ж.
 10. ҚР Су кодексі – 9 шілде 2003ж.
 11. ҚР Орман кодексі – 8 шілде 2003ж.
- Заңды күші бар Президенттің қаулылары:
1. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы – 26 қаңтар 1996ж.
 2. Мұнай туралы – 28 маусым 1995ж.
 3. *Құқықтық реттеу сипаттамасы бойынша – материалды және процессуалды* болып бөлінеді.

Материалды сипаттамадағы нормативтік құқықтық актілер – құқықтық материалды нормаларды құрайтын актілер. Материалдық экологиялық нормаларға сәйкес қарым-қатынастардағы қатысушылардың құқығын, міндетін және жауапкершілігін бекітеді (мысалы, Ерекше қорғалатын табиғи территориялар туралы заң).

Процессуалды сипаттамадағы экологиялық құқықтық көздер қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану аумағындағы процессуалды қарым-қатынастарды реттейді. Көрсетілген экологиялық құқықтық көздер келесі процедураларға арналады: қоршаған ортаға шекті әсер етудің нормаларын өңдеу, мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу, экологиялық лицензиялау, экологиялық құқық, қызығушылықты қорғау және т.б.

Процессуалды сипаттамадағы актілер – ҚР азаматтық процессуалдық кодексі, ҚР қылмыстық-процессуалдық кодексі, мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібі туралы ережелер.

Көптеген экологиялық заңдар бір-бірімен тығыз байланыста және біреуінің өзгеруі екіншісінің өзгеруін талап етумен қатар, ҚР экологиялық заңдылықтарының жалпы жүйесін бұзады.

Сонымен қатар, көрсетілген заңдарды жүзеге асыру үшін көптеген заңды нормативтік құжаттар қажет.

Осыған байланысты, ҚР заңдылықтарын ары қарай реформалау үшін, экологиялық құқықтық нормалардың санын көбейте бермей, оларды жүйелендіріп және жұмысының тиімділігін арттыруға күш салу керек. Осы мәселені тек қана ҚР экологиялық заңдылықтарын кодификация шеше алады, ол дегеніміз, қоршаған орта және табиғи ресурстарды сақтау бойынша нормаларды нақтыландыру, жүйелендіру және жалпыландыру.

Кодификацияланған актілер ең жоғарғы сапамен ерекшелінеді және белгілі бір құқықтық саланың ең басты актілері болып саналады. Қоршаған орта құқығында кодификацияланған актілер болып ҚР Экологиялық кодексі, Су кодексі, Орман кодексі, Жер кодексі саналады.

Заңдастырылған актілер

Бұл актілер заң негізінде және оны орындау негізінде арнайы атқарушы органдармен қабылданады (2-кесте). Егер заң «нені қорғау» деген сұраққа жауап берсе, онда актілер «кімге, қалай ...» деген сұраққа жауап береді.

2-кесте.

Заңдастырылған актілерді орындаушылар

Жоғарғы биліктегі органдардың актілері	Жергілікті биліктегі органдардың актілері	Ведомствалық актілер
<i>Президент, парламент, үкімет</i>	<i>Әкімшілік, мәслихат</i>	<i>Министрліктер, табиғатты пайдаланушылар</i>
1. Кез келген сұрақты қозғайды. 2. Барлық субъектілер үшін міндетті. 3. Бүкіл территория аумағында күші бар.	1. Кез келген сұрақты қозғайды. 2. Барлық субъектілер үшін міндетті. 3. Әкімшілік бірлігіндегі территорияда ғана күші бар.	1. Белгілі бір аумақтағы сұрақтарды қозғайды. 2. Белгілі бір шектегі субъектілер. 3. Территорияға байланысты емес.

Экологиялық құқықтың принциптері

Кез келген өзіндік құқықтық сала сияқты экологиялық құқықтың да өзінің принциптері бар.

Принциптер – негіз қалаушылардың басы, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану жүйесінде тұратын концептуалды идеялар.

Принциптерді 2 үлкен топқа бөлуге болады: *табиғатты пайдалану принциптері және табиғатты қорғау принциптері.*

Табиғатты пайдалану принциптері:

1. Өзінің табиғи ресурстарын өңдеу мемлекеттің құқығы.
2. «Табиғатты пайдаланушы және ластаушы төлейді» принципі.
3. Қоршаған ортаны пайдалану рұқсатының реті.

4. Шаруашылық қызмет жобаларына міндетті түрдегі экологиялық сараптама.

5. Қоршаған ортаға әсер ету деңгейін сақтау (ШРШ, ШРТ, ШРК, суды пайдалану лимиті).

6. Экономикалық қызығушылыққа қарағанда экологиялық қызығушылықтың приоритеті.

7. Рационалды және мақсатты түрде табиғатты пайдалану.

Табиғатты қорғау принциптері:

1. Адамның өмірін және денсаулығын сақтау принципі.

2. Экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандыру.

3. Қоршаған ортаның жағдайын бақылау және мемлекеттік реттеу.

4. Қоршаған ортаға келтірілетін зиянның алдын алу және міндетті түрде келтірілген зиянды төлеу.

5. Қоршаған ортаның жағдайы туралы ақпараттардың ашық түрде жариялануы.

6. Қоршаған ортаны қорғаудағы шараларда қоғамның атсалысуы.

7. Бұзылған территориялардың уақытысында қалыпқа келтірілуі.

8. Жауапкершіліктің заңды болуы.

9. Халықаралық ынтымақтастық.

Қазіргі этаптағы экологиялық заңдылықтардың дамуы табиғат пен қоғамның тұрақты даму концепциясының әсерімен, шаруашылық қызметінің экологизациялық тенденциясының болуымен, ұлттық экологиялық заңдылықтардың гармонизациясымен сипатталады.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдылықта келесі конституциялық принциптер көрсетілген: қоршаған ортаны қорғау, ҚР азаматтарының табиғатты қорғау және табиғи байлықтарға ерекше көңіл бөлу бойынша міндеттері, денсаулығын сақтау бойынша азаматтардың құқығы.

Бақылау сұрақтары:

1. Нормативтік актілер дегеніміз не?

2. Нормативтік актілердің құқықтың көзі болу үшін қандай белгілермен ерекшеленуі керек?

3. Қандай нормативтік-құқықтық актілер экологиялық құқықтың көздері болып табылады?
4. Экологиялық құқықтың көздерінің жіктелуі.
5. Заңдастырылған акт дегеніміз не және ол кімдермен қабылданады?
6. Табиғатты пайдалану принциптерін атаңыз.
7. Табиғатты қорғау принциптерін атаңыз.

1.3. Табиғатты пайдалануды басқарудың құқықтық негізі

ҚР қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдаланудағы заңдылықтары

Қоршаған ортаны қорғау аумағындағы ҚР заңдылықтары ҚР Конституциясына негізделеді және 10-нан астам заңды, 200 заңдастырылған нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Берілген аумақтағы заңдылықтардың міндеті қоршаған ортаның сапасын жақсарту, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану мен жаңғырту, заңды нақтылау және құқықтық тәртіпке келтіру мақсатында қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесу аумағындағы қарым-қатынастарды реттеу болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды реттеудің конституциалық негізі.

Конституция – кез келген қоғамдық қарым-қатынастарда қолданатын мемлекеттің негізгі заңы.

Экологиялық-құқықтың көздері сияқты конституцияның барлық нормаларын 4 топқа бөлуге болады:

1. Экономикалық сипаттамадағы нормалар (6, 26 баптар).
2. Азаматтардың құқығы мен міндеттері (12, 13, 23, 25, 29, 32, 33, 35, 38 баптар). 38-бапқа сәйкес «ҚР азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлықты аялауға міндетті».
3. Үкімет пен басқару органдарының компетенциясы (44, 45, 49, 53, 54, 86, 87 баптар).

Конституцияның 6, 31, 38 баптары экологиялық құқықтық сипаттамаға ие және олар жаңа экологиялық, табиғатты қорғау концепциясын ең алғаш болып бекітіп және іске қосты. Ол концепцияның мағынасы бойынша «Мемлекет адамның өмірі мен

денсаулығына қолайлы жағдай тудыру және қоршаған ортаны қорғау мақсаттарын алдына қояды», бұл дегеніміз, егер де лауазымды тұлғалар адамның өміріне және денсаулығына зиянды әсер ететін фактілер мен жағдайларды жариялап айтпаса, онда олар заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады (31-бап).

ҚР Конституциясында жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік құқығы туралы жаңаша сұрақтар қойылған. Мысалы, 6 б. 3 п. былай жазылған: «Бекітілген заңдардың, талаптардың негізінде жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер және жануарлар әлемі және т.б. табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі».

Сондықтан, жер қойнауы, жерлер, су, өсімдіктер мен жануарлар әлемі және т.б. табиғи ресурстар мемлекеттік меншік құқығының объектілері болып саналады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі

Заңдылықтарды қайта өңдеудің негізгі мақсаттары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйелендіру, біріккен заңды мақсаттағы нормативті актілерді қабылдау және өңдеу болып табылады.

Экологиялық кодексті өңдеу үшін халықаралық сарапшылардың көмегімен талдау жасау керек болды. Соның нәтижесі бойынша төмендегілерді кешенді және жүйелі реформалау керек:

1. Қоршаған ортаның сапасының және эмиссиясының ластануы заттардан тазалаудың нормативтері мен стандарттары.

2. Қоршаған ортаны ластанудан қорғау аумағындағы реттеу жүйелері.

3. Заңдылықтарды және құқықты қолдануды сақтау жүйелері.

4. Қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын экономикалық механизм.

5. Халықаралық міндеттерді орындауға байланысты заңдылықтардың тараулары.

ҚР Экологиялық кодексі қоршаған ортаны қорғау, сақтау және жаңғырту, қоршаған ортаға әсер ету мен табиғи ресурстарды пайдаланатын шаруашылық немесе басқа да қызметтерді орындау барысындағы табиғи ресурстарды

пайдалану мен қалпына келтіру аумағындағы қарым-қатынастарды реттейді.

Қоршаған ортаны қорғау аумағындағы қызметтерді лицензиялауға, экологиялық нормалауға, техникалық реттеуге, қоршаған ортаға әсерді бағалауға, экологиялық сараптама мен аудитке ҚР Экологиялық кодексіңде ерекше көңіл бөлінген (4-9 тараулар).

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудағы экономикалық басқарманың және де экологиялық бақылау мен мониторинг негіздерінің сұрақтары жоғарғы деңгейге қойылған.

Экологиялық кодекстің 28-45 тараулары шаруашылық қызметті орындау барысындағы экологиялық талаптарды анықтайды.

Экологиялық құқықты бұзушылық, жауапкершілік, экологиялық кері-тартпаларды шешу, сонымен қатар, қоршаған ортаға келтірілген зиянды міндетті түрде төлеу туралы 46 тарауда келтірілген.

Экологиялық кодекстің 5 бабына сәйкес экологиялық заңдылықтардың негізгі принциптерінің бірі ҚР тұрақты дамуын қамтамасыздандыру болып саналса, ал 4 бап бойынша ҚР тұрақты дамуының экологиялық негіздері болып:

1) адам өмірі мен денсаулығы үшін қоршаған ортаның тазалығымен қамтамасыздандырудағы мемлекеттің бұл мақсатқа қол жеткізуі;

2) қоршаған ортаға әсер мен табиғи ресурстарды пайдалану сұрақтарындағы ұлттық қызығушылықты ұстану мен өзінің табиғи ресурстарын өңдеуге ҚР құқығымен қамтамасыздандыру және орындау;

3) қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұраныстарын қанағаттандыру;

4) өндіріс пен пайдаланудың тұрақты модельдерін дамыту;

5) қоршаған ортаның жағдайын ескере отырып, экономикалық және әлеуметтік даму талаптарына экологиялық нормалардың сәйкес болуы;

6) экологиялық ақпараттарға әр адамның құқығын сақтау;

7) экожүйенің біртұтастығын, жағдайын жақсарту, қорғау және сақтау мақсатындағы глобальдық қарым-қатынастар болып саналады.

Сонымен, ҚР Экологиялық кодексінде жергілікті басқару органдары мен мемлекеттік органдардың компетенциясы, қоршаған ортаны қорғау аумағындағы қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың міндеттері мен құқығы анықталған.

Экологиялық кодексте табиғатты пайдалануды ұйымдастыруға, қоршаған ортаны қорғау аумағындағы лицензиялауға, қоғамдық және мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуге, қоршаған ортаға әсерді бағалауға, қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингін ұйымдастыру мен жүргізуге, экологиялық нормалауға, экологиялық бақылауға, қоршаған ортаны қорғау аумағындағы стандартизацияға, сертификацияға, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудағы экономикалық реттеуге, экологиялық төтенше жағдай зоналарындағы құқықтық реттеуге, экологиялық аудитке, экологиялық білім және ғылымдарға, қоршаған ортаны қорғау аумағындағы халықаралық қарым-қатынастарға байланысты сұрақтар көрсетілген.

ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи территориялар туралы» Заңы

Ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ЕҚТТ) дегеніміз – белгілі бір аймаққа тән табиғи кешенді халық игілігіне жарату мақсатымен мемлекет тарапынан қорғалатын, ғылыми, тарихи, мәдени және эстетикалық мәні бар табиғат нысандары. Қазіргі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы дамыған кезеңде түрлі шаруашылық әрекетін болжау үшін табиғатты эволюциялық және биологиялық заңдарды білу керек. Бұнда ерекше қорғалатын табиғи территориялық ұйымдардың маңызы зор.

ҚР «Экологиялық кодексі» 2007 жылғы 9 қаңтарда N 212 қабылданды. Заңға 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Экологиялық кодекс жалпы және ерекше бөлімнен тұрады. Жалпы бөлімге: 1-7 бөлімдердің, 1-27 тараулардың, 1-193 баптары, ал ерекше бөлімге: 8-9 бөлімдердің, 28-47 тараулардың, 194 -326 баптары кіреді.

1-бөлімде жалпы ережелер және жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары мен міндеттері, сонымен бірге мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы құзыреттері келтірілген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауға, экологиялық нормалауға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуге, қоршаған ортаға әсерді бағалауға, экологиялық сараптама, экологиялық рұқсаттар мен экологиялық аудитке арналған талаптар 2-бөлімде көрсетілген.

3-бөлімде қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу және қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау туралы заңдар мен ережелер жазылған.

4-бөлімде қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды көбейту, қорғау мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың, инспекторлық экологиялық тексерулердің, өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаты мен міндеттері, бағыттары, түрлері және құқықтары айтылған.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстарға мониторинг жүргізу, қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алу туралы, табиғи ресурстарға және өндіріс пен тұтыну қалдықтарына, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастр жүргізу талаптары, экологиялық ақпарат, табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерін есепке алу туралы мәліметтер 5-бөлімде келтірілген (16,22-тарау).

6-бөлімде жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары деп жариялаудың ұғымы мен тәртібі жайында, сонымен қатар төтенше аймақтарындағы құқықтық реттеудің ерекшеліктері жайында жазылған (23,24-тарау).

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім беру мен ағарту (25-тарау), ғылыми зерттеулер (26-тарау) және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты (27-тарау) арттыру мәселесі бойынша ақпараттар 7-бөлімде толық қарастырылған.

8-бөлімде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар туралы заңдар мен ережелер жазылған (28,45-тараулар). Шаруашылық және өзге де қызмет түрлері бойынша экологиялық талаптар туралы жалпы ережелер 28,30-тарауларда бар. Жерді, жер қойнауын, суды, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар бойынша ережелер 31,35-тарауларда айтылған. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау, өсімін молайту, еріксіз және жартылай ерікті жағдайда өсіріп-өндіру, шектеулі шаруашылық тұрғыда пайдалану жөніндегі экологиялық талаптардың ережелері 36-тарауда көрсетілген.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық талаптар және Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын экологиялық талаптардың міндеттері мен мақсаттары 37,38-тарауларда көрсетілгендей орындалады.

Радиациялық материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар және ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар 39,40-тарау бойынша жүзеге асырылады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарына меншік құқығын анықтау кезіндегі және өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар 41,42-тарауда көрсетілгендегідей орындалады.

Қалдықтарды көму полигондарына және ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына және радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптардың ережелері 43,44-тарауда толық қарастырылған.

Парниктік газдар шығарындылары мен озонды бұзатын заттар саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу туралы мәліметтер 45-тарауда келтірілген.

9-бөлімде экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешудің түрлері және құқықтары айтылған (46-тарау).

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи территориялар туралы» Заңына (1997 жыл) сәйкес мақсаттарына, қорғау режимдеріне және пайдалану ерекшеліктеріне қарай ЕҚТТ келесідей түрлерге бөлінеді: мемлекеттік табиғи қорықтар, табиғи қорықшалар, ұлттық табиғи парктер, табиғи парктер, табиғи ескерткіштер, дендрологиялық парктер және басқалар. ЕҚТТ нысандардың құндылығына қарай жергілікті және республикалық маңызы бар деп бөлінеді. Қазіргі күні Қазақстанда республикалық деңгейде 10 мемлекеттік табиғи қорық, 57 қорықша, 10 ұлттық табиғи парк, 26 табиғи ескерткіштер, 7 мемлекеттік ботаникалық бақ, 3 мемлекеттік зоологиялық парк бар.

Ерекше қорғалатын табиғи территорияларды рационалды пайдалану мен ұйымдастыруды, мемлекеттік табиғи қорықтардың қорын жаңғырту және қорғау мақсаттары мен қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заң.

Берілген аумақтағы заңдылықтардың негізгі принциптері болып төмендегілер саналады:

–табиғи экожүйені, биоалуантүрлілікті, мемлекеттік табиғи қорықтардың қорын сақтау;

– ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту мақсатындағы ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ЕҚТТ) рационалды пайдалану;

–ЕҚТТ аумағындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;

– ЕҚТТ ақылы пайдалану;

– ЕҚТТ саласындағы табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзушылықпен келтірілген зиянды төлеу.

ҚР «Жануарлар әлемін қорғау, жаңғырту және пайдалану туралы» Заңы

«Жануарлар әлемін қорғау, жаңғырту және пайдалану туралы»Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы N 3300 Заңы қабылданды. Заңға 2001, 2004 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл қауымдастықтардың бір тұтастығын және түрдің әралуандылығын сақтау, жануарлардың бостандықта өмір сүру талаптарымен қамтамасыз ету мақсатында жабайы жануарларды қорғау, жаңғырту және пайдалану аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заң.

Жануарлар әлемін қорғау және жаңғырту келесі жолдармен шешілуі қажет:

- жануарлар әлемін қорғау, жаңғырту және пайдалану нормалары мен құқығын бекіту;
- жануарлар әлемін пайдаланудағы шектеулер мен тыйымдарды бекіту;
- миграция жолдарын, көбею талаптарын, мекендеу ортасын сақтау және қорғау;
- сирек және жойылып жатқан жануарлар түрін қолда қорғау және көбейту;
- ЕҚТТ ұйымдастыру;
- өндірістік процестерді орындау барысында жануарлардың зардап шекпеуінің алдын алу;
- минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау заттарын қолдануда жануарларды қорғау;
- жануарлар әлемін қорғау, жаңғырту және пайдалануды бақылауға көп көңіл бөлу.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау» 10-тарауда келтірілген.

Заңның 49-бабында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тексеру нысанында және тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатыны айтылған.

Мұнда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілері 50-бапта, жүзеге асыратын лауазымды адамдар 51-бапта және жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері 52-бапта көрсетілген.

ҚР «Міндетті түрде экологиялық сақтандыру туралы» Заңы

«Міндетті экологиялық сақтандыру» туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 93 Заңы қабылданды. Заңға 2008, 2009, 2012, 2014 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Заңның 1 бабына сәйкес «Міндетті түрде экологиялық сақтандыру – бұл апаттық ластану және үшінші тұлғаның араласу нәтижесінде қоршаған ортаға, өмірге, денсаулыққа, мүлікке келтірілген зияннан, міндеттеме бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің болуынан жеке және заңды тұлғалардың (сақтандырылған) заңды қызығушылықтарының мүлдікті қорғау бойынша қарым-қатынастардың кешені».

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады (2-бап).

Міндетті түрдегі экологиялық сақтандырудың объектісі болып шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері саналады (3-бап).

Міндетті түрдегі экологиялық сақтандырудың негізгі принциптері:

- шығындарды төлеу кепілдігі;
- міндетті түрдегі экологиялық сақтандырудың келісім-шарты бойынша тұлғалардың өзінің міндеттерін орындауды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаның апаттық ластануын болдырмауды экономикалық стимулдау.

Заңның 5-бабында шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады деп көрсетілген.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқылы емес (7,1-бап).

Қаржы нарығы мен қаржы мекемелерін бақылау және реттеу бойынша белгіленген органдармен сақтандыру ұйымдарының қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізіледі (7-бап).

Экологиялық сақтандыру келісім-шарт негізінде жасалынады.

Бірақ та, қоршаған ортаның потенциалды қауіп төндіретін өнеркәсіптерді, ұйымдарды, өндірістерді (тәжірибені, соның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып) экологиялық аудитсіз міндетті түрдегі экологиялық сақтандыруды жүргізу мүмкін емес (18-бап). Сондықтан да, экологиялық кодекстің 10-тарауы экологиялық аудитке арналған.

Экологиялық аудит қызметінің талаптары мен тәртібін, экологиялық аудитті жүргізуді, экологиялық аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың құқығын, міндетін, жауапкершілігін кодекс бекітеді.

ҚР «Табиғи және техногенді сипаттамадағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңы қабылданды. Заңға 2000, 2003, 2004, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР территориясындағы табиғи және техногенді сипаттамадағы төтенше жағдайларды ликвидациялау мен ескерту бойынша қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заң.

Заң төтенше жағдайларды ликвидациялау мен ескерту бойынша мемлекеттік органдардың және жергілікті басқару органдардың міндеттерін бекітеді және оларды алдын ала ескерту бойынша шаралар анықталып, көрсетілген (3-тарау, 10,13-баптар).

Сонымен бірге заңның 5 тарауында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөнінде бірінші кезекте жасалатын іс-қимыл, шұғыл медициналық жәрдем көрсету, авариялық-құтқару қызметтері, төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізу, материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстар қорларын жасау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде көлік құралдарымен қамтамасыз ету шараларын орындау қажеттігі айқындалған (20-24баптар).

Заңда төтенше жағдайды ликвидациялау мен алдын ала ескерту бойынша регламенттік қызметтегі заңды бұзғаны үшін

жауапкершілік, бақылау мен басқару міндеттері, төтенше жағдайды ликвидациялау мен алдын ала ескерту бойынша шараларды қаржыландыру реті, сараптамалық объектілері мен міндеті, табиғи және техногенді сипаттамадағы төтенше жағдайды ликвидациялау механизмі анықталған (6, 9-тарау, 25, 26, 33,35-баптар).

ҚР «Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы туралы» Заңы

Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығымен қамтама-сыздандыру бойынша мемлекеттік басқару органдары мен азаматтық құқығы мен міндеттерін анықтайтын заң. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4-желтоқсандағы N 361 Заңы қабылданды. Заңға 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Заңның 2-тарауында (9,16-баптар) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының құзыреті, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілеріне тексеру жүргізуі, қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері, актілері көрсетілген. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының іс-әрекетіне шағымдану және адамның денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу жүргізу талаптары тағайындалған.

Санитарлық-эпидемиологиялық нормалау, санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың негізгі принциптері, санитарлық-эпидемиологиялық шараларды ұйымдастыру мен жүргізу бекітілген. Оның ішінде шаруашылық қызметке қойылған санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бекітілген:

- шаруашылық-ауызсумен қамтамасыздандыруға және мәдени-тұрмыста суды пайдаланатын орындарға;
- атмосфералық ауаға;
- өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау және утильдеуге, территорияны таза сақтауға;
- радиациялық қауіпсіздік.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру болып табылады. Экономиканы экологияландыру өндірістің табиғат қажеттілігін азайту және заттар мен энергия алмасуының биосфералық процестеріне экономиканың әсерін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды қамтамасыз етуде және ресурстық-экологиялық тепе-теңдікті сақтауда болып табылады.

Экономиканы экологияландыруды жүзеге асыру үшін ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту және экологиялық "лас" өндірістің үлесін азайту, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың, экологиялық мониторингтің және статистиканың табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру арқылы барлық әзірленетін мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу қажет.

ҚР «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңы

Иондалған сәулелердің зиянды әсерімен адам денсаулығын сақтау мақсатында тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігімен қамтамасыздандыру аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заң.

ҚР «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірде N 219 Заңы қабылданды. Заңға 2004, 2006, 2011, 2013, 2014 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңының 1-тарауының 1-4 баптарында жалпы ережелер, негізгі ұғымдары мен принциптері және Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы мағлұматтар берілген.

Заң мемлекеттік басқару органдарын, өндірістік бақылау мен басқаруды, радиациялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандырудың жалпы талаптарын, радиациялық апаттарды ликвидациялаудағы талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті анықтайды.

Негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- нормалау принципі – иондаушы сәулелендірудің барлық көздерінен азаматтардың сәуле алуының жеке мөлшерінің жол берілетін шегінен асырмау;

- негіздеу принципі – иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түріне тыйым салу, бұл орайда алынған пайда адам мен қоғам үшін табиғи радиациялық ортаға қосымша сәуле алу келтіретін ықтимал зиян қатерінен аспайды;

- оңтайлыландыру принципі – иондаушы сәулелендірудің кез келген көзін пайдалану кезінде сәуле алудың жеке мөлшері мен сәуле алатын адамдар санының экономикалық және әлеуметтік факторларын ескере отырып, мүмкіндігінше төмен және қол жетерлік деңгейде ұстау;

- апаттық оңтайлыландыру принципі – төтенше (апаттық) жағдайларда қолданылатын шаралардың нысаны, ауқымы мен ұзақтығы адам денсаулығына зиянды азайтудың нақты пайдасы араласуды жүзеге асырудан болатын залалға байланысты залалдан барынша көп болатындай етіп оңтайландырылуға тиіс.

2-тарауда радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың міндеттері мен құқықтары, мемлекеттік органдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құзыреті және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормалау мен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өндірістік бақылау жайында ақпараттар берілген (5- 8 баптар).

Радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін бағалауға және иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, табиғи радионуклидтердің әсер етуі кезінде және тағам өнімдерін өндірген кезде және ауыз суды пайдаланған кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар медициналық процедуралар жүргізу кезінде азаматтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сәуле алудың жеке мөлшерін есепке алу және бақылау туралы ережелер 3-тарауда толық көрсетілген (9-14 баптар)

4-тарауда уәкілетті мемлекеттік органдардың радиациялық авария кезіндегі қызметі туралы, авариялық даярлықты қамтамасыз ету, иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалана

отырып қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың радиациялық авария кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері және радиациялық аварияның зардаптарын жоюға тартылатын азаматтардың жоспарланатын сәуле алуының жоғары мөлшері жайында талаптар анық жазылған (15-18-баптар).

Азаматтардың радиациялық қауіпсіздікке құқығы, азаматтардың қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ақпарат алуға құқығы, сонымен бірге азаматтардың иондаушы сәулелендіруден сәуле алу кезінде немесе радиациялық авария салдарынан өз өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның, мүлктік залалдың орны толтырылуына құқығы туралы және азаматтардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттері мен құқықтары 5-тарауда (19-22-баптар) көрсетілген.

Радиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік ережелері 6-тарауда (23-бап), ал радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттар 7-тарауда (24-бап) толықтай қарастырылған.

ҚР Су кодексі

Қазақстан Республикасының Су Кодексі 2003 жылғы 9 шілдеде N 481 қабылданды. Кодекске 2004, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 1-бөлім, 1-тарау, 3-бабында су заңдарының мақсаттары мен міндеттері айқын жазылған.

ҚР су заңдылықтарының мақсаттары қоршаған орта мен тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту мен сақтау үшін су қорын қорғау мен суды пайдаланудың экономикалық оптималды деңгейін және экологиялық қауіпсіздікті ұстау және оған жету болып саналады.

ҚР су заңдарының міндеттері:

- су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
- су қатынастарын, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды реттеу;

➤ тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;

➤ су қорын пайдаланудың және қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;

➤ су ресурстарын зерттеу, барлау, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау, гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстары саласындағы қатынастарды басқару;

➤ жерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқындау;

➤ халықты және шаруашылық объектілерін су шаруашылығы құрылыстарындағы төтенше жағдайлардан және олардың зардаптарынан қорғау.

Қазақстан Республикасының су қорына меншік құқығы 8-бапта көрсетілген.

ҚР су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын пайдалану және иелену, оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Бұл жерде су объектілердің санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығымен, экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандыруда, экологиялық табиғи су жүйелеріне шаруашылық және басқа да қызметтердің зиянды әсерін алдын алуда пайда болатын қарым-қатынастар ҚР экологиялық заңдылықтары мен тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығымен де реттеледі.

Суды қорғау, рационалды және кешенді пайдалану, суды оптималды пайдалану жағдайын құрау, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын және тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін сақтау, экологиялық талаптар мен шектеулерді сақтау мен жоспарлау қосылған.

Су қорын қорғау және пайдалану аумағындағы мемлекеттік басқарудың *принциптері* суды тұрақты пайдалану болып саналады.

ҚР су заңдары мынадай принциптерге негізделеді (9-бап):

- халықтың өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын сулардың мемлекеттік маңызын мойындау;
- халықты ауыз судың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;
- халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі;
- су алуды азайтуға және судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игеріп, кешенді және ұтымды су пайдалану;
- су объектілерін оларды қорғаумен қоса кешенді пайдалану;
- арнайы су пайдаланудың ақылдылығы;
- Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу;
- Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғандық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларға жұртшылықты тарту;
- Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- халықаралық нормалар мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде трансшекаралық суларды пайдалану.

Өнеркәсіптерді және басқа да мекемелерді салу, жөндеу, эксплуатация, консервация, ликвидация бойынша жұмыстар су объектілерінің жағдайына әсері тиетіндіктен, Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігінің оң қорытындысының болуы қажет.

ҚР Орман кодексі

Жер заңдылығы экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандыру және жерді рационалды пайдалану мен қорғау принциптеріне негізделген.

Орман кодексі орман қорын пайдалану, басқару бойынша қоғамдық қарым-қатынастарды реттеп, сонымен қатар, орман қорының ресурсты және экологиялық потенциалын жоғарылату, оны рационалды пайдалану, қорғау, сақтау, жаңғыртудағы құқықтық негізін бекітеді.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 қабылданды. Кодекске 2004, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Орман Кодексінің 1-бөлім, 1-тарауында Қазақстан Республикасының орман заңдарының жалпы және негізгі ережелері келтірілген.

Қазақстан Республикасының орман заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Орман глобалды, экологиялық, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар биосфераның компоненті деп санай отырып, ормандық құқық қарым-қатынастарды реттейтін заң.

Қазақстан Республикасы орман заңдары келесі принциптерден тұрады (3-бап):

➤ ормандардың климатты реттейтін, орта түзетін, егіс-топырақ қорғау, су сақтау және санитарлық-гигиеналық функцияларды орындайтын жалпымемлекеттік мәнін мойындау;

➤ ормандарды тұрақты дамыту (Қазақстан Республикасының орманды аумақтарын тұрақты ұлғайту);

➤ ормандардың, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның биологиялық аралуандығын сақтау;

➤ ормандарды көп мақсатқа пайдалану;

➤ орман ресурстарын ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындай етіп пайдалану;

➤ орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау;

➤ басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен алынған сүректі қайта өңдеуді жүзеге асыру функцияларынан орман пайдалануды реттеу функцияларының ара жігін ажырату;

➤ Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұздан келтірілген залалдың орнын толтыру;

➤ орман ресурстарын ақылы пайдалану;

➤ орман қорының жай-күйі туралы ақпараттың қол жетімділігі;

➤ халықтың және қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуге және қорғауға қатысу принциптеріне негізделеді.

Орман кодексінде орман шаруашылығын жүргізу бойынша орман пайдаланушылардың құқығы мен міндеттерін орындаудағы экологиялық талаптар бекітілген, сонымен қатар, орманның ортасын түзейтін және ортаны қорғайтын функцияларын сақтаумен қамтамасыздандыратын экологиялық әдістер мен тәсілдерді жүргізу жұмыстары бекітілген.

ҚР Президентінің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қаулысы

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1996 жылғы 27 қаңтарда N 2828 қабылданды. Қаулыға 2000, 2001, 2002, 2006, 2010 жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Бұл қаулы мемлекеттік және оның табиғи ресурстарының қызығушылығын қорғаумен қамтамасыздандыру, жер қойнауын қорғау, рационалды пайдалану, жер қойнауын пайдаланушылардың қызығушылығын қорғау, шаруашылықтың барлық формаларының біркелкі даму үшін жағдайды жасау, жер қойнауын пайдалану бойынша қарым-қатынастар аумағындағы заңдылықтарды бекіту мақсаттарында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу сферасындағы қарым-қатынастарды реттеуге арналған.

Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдаланумен байланысты құқықтық қарым-қатынастарды реттеу келесі принциптерге негізделген:

- жер қойнауын рационалды, кешенді және қауіпсіз пайдаланумен қамтамасыздандыру;
- қоршаған табиғи ортаны және жер қойнауын қорғаумен қамтамасыздандыру;
- минералды-шикізат базасын жаңғыртумен қамтамасыздандыру;
- жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың ашықтығы;
- жер қойнауын ақылы пайдалану.

Бүкіл жер қойнауын пайдалану этаптарында, оған қоса жобалауда, жоспарлауда және т.б. экологиялық талаптар сақталу қажет.

Осы операцияларды жүргізуге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң нәтижесі және осы нәтижені негіздей отырып атқарушы органдармен табиғатты пайдалануға рұқсаттың берілуі жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу үшін экологиялық негізі болып саналады.

ҚР Президентінің «Мұнай туралы» қаулысы

ҚР территориясында мұнай жөніндегі операцияларды жүргізгенде пайда болатын қарым-қатынасты реттейтін қаулы.

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 28 маусымда N 2351 қабылданды.

Қаулыда мұнай операцияларын жүргізу саласындағы мемлекеттік басқару органдарының компетенциясы мен мұнай компанияларының функциясы анықталған.

Барлық мұнай операцияларын жобалау, жоспарлау және жүргізу бойынша шаруашылық қызметті орындау үшін тұрғындардың денсаулығын сақтау және табиғатты қорғау шараларын орындау міндетті шарт болып саналады.

Мұнай жөніндегі операциялардың экологиялық-экономикалық негізіне мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы келісім-шартқа қол қойылуы үшін экологиялық негіз болып саналады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қоршаған ортаны қорғауды реттеудің конституциялық негіздері қандай?
2. ҚР Экологиялық кодексінің негізгі ережелерін атаңыз?
3. Экологиялық кодексте қандай сұрақтарға көп көңіл бөлінген?
4. Экологиялық заңдылықтардың негізгі принциптері.
5. Экологиялық кодексте тұрақты дамудың экологиялық негізі қандай?

6. «Міндетті түрдегі экологиялық сақтандыру туралы» Заңның негізгі ережелері.

7. Жер, Су және Орман кодекстерінде қандай қоғамдық қарым-қатынастар реттеледі?

8. Су қорын пайдалану және қорғау аумағындағы мемлекеттік басқарудың принциптері қандай?

9. ҚР Президентінің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» қаулысында жер қойнауын рационалды пайдаланудың принциптері.

1.4. Табиғатты пайдалану құқығы

Ұлттық байлық құрамына жер, орман, сондай-ақ барланған табиғи ресурстар жатады. Қазақстан өзінің ауқымы бойынша ұлттық байлықтың үлкен көлемін иеленген. Біздің республикада жалпы жер көлемі 225,5 млн га мөлшерін құрайды, оның ішінде 82% ауыл шаруашылығы жеріне жатады. Қазақстанда 21,7 млн га орман мен табиғи егістіктер, 11 мың өзен, 7 мыңнан астам көл мен су қоймалары бар. Өсімдіктер қоры 6 мыңнан астам түрлерден тұрса, жануарлар әлемі болса алуан түрлі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны үш заңдылық болып табылады: *иелену құқығы, пайдалану құқығы, билік ету құқығы*.

Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Пайдалану құқығы табиғат объектілерінен қоғамның қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалы қасиеттерін алудың заңдылық тұрғысында қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Билік ету құқығы табиғат объектілерінің заңдық мәртебесі мен заңдық тағдырын анықтаудың заңдық тұрғыдағы қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Адамның әртүрлі іс-әрекетінің нәтижесінде қоршаған ортаға әсерді және (немесе) табиғи ресурстарды пайдалану табиғатты қолдану болып саналады.

Экологиялық кодекстің 10-бабына сәйкес табиғатты пайдалану *жалпы және арнайы* болып бөлінеді.

Табиғатты жалпы пайдалану – бұл адамдардың күнделікті өмірі мен денсаулығы, мәдени-эстетикалық қажеттіктерін табиғат объектілері есебінен тегін қанағаттандыру.

Арнайы табиғатты пайдалану –Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның қызметі.

Табиғатты пайдалану түрлеріне: жерді, суды, орманды, жер қойнауын пайдалану, жануарлар әлемін және өсімдіктер әлемін пайдалану, қоршаған орта эмиссиялары жатады.

Арнайы табиғатты пайдалану құқығы төмендегілермен негізделеді:

1. *Лицензиялар* және (немесе) табиғат ресурстарын алу және пайдалануға рұқсаттар.

2. ҚР Үкіметінің және жергілікті *орындаушы органдардың шешімі.*

3. *Табиғатты пайдалану келісім-шарты.*

Қоршаған орта эмиссиясының арнайы табиғатты пайдалану құқығы экологиялық рұқсаттың болуымен орындалады.

Табиғатты пайдаланушылар заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік болып бөлінеді.

Ұлттық табиғат пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстандық заңды тұлғалар, оның ішінде шетел қатысатын тұлғалар, ал шетелдік табиғат пайдаланушыларға – шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады.

11-бапта көрсетілгендей табиғатты пайдаланушылар: *тұрақты* және *уақытша* болып екіге бөлінеді.

Тұрақты – бұл табиғатты пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады.

Уақытша – мұнда табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектеледі.

Табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Экологиялық Кодексте белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы

Табиғат объектілеріне меншік құқығы туындауының және тоқтатылуының негіздері ҚР-ның қолданыстағы заңдарымен анықталады және қандай да бір объектінің кімдерге- мемлекетке немесе жеке тұлғаға тиесілі болуына тікелей байланысты болады.

табиғат объектілеріне меншік құқығы мыналар арқылы туындайды:

- меншік құқығын беру;
- меншік құқығын басқаға беру;
- меншік құқығының әмбебап құқық мұрагерлігі тәртібінде көшуі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мыналардың негізінде туындайды:

1. мемлекеттік органдардың актілері;
2. азаматтық-құқықтық мәмілелер;
3. ҚР-ның заңында көзделген өзге де негіздерде.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1. меншік иесінің табиғат объектілерін басқа адамдарға иеліктен шығаруы;
2. меншік иесінің табиғат объектілеріне меншік құқығынан бастартуы;
3. ҚР-ның заң актілеріне сәйкес меншік құқығынан айырылуы жағдайында.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілері деп мыналар танылады: бірінші кезекте мемлекеттің өзі, одан әрі жеке және заңды тұлғалар.

Меншік құқығы – субъект өзінің мүлігімен қалауы бойынша иеленуі, пайдалануы және қолдануы заңмен қорғалатын және мойындалатын субъектінің құқығы. Меншік құқығының институты – өркениеттің ең бастапқы этаптарында адамзатпен жасалған құқықтың ең ескілерінің бірі.

Табиғи ресурстық заңдылығында жерге, жер қойнауына, жануарлар әлеміне, су объектілеріне, орманға меншік құқығы бекітілген. Меншік құқығының объектілеріне сонымен қатар, ерекше қорғалатын территориялар да жатады.

ҚР Конституциясының 6-бабына сәйкес барлық табиғи объектілер мемлекеттің меншігі болып саналады. ҚР Жер кодексінің 20-бабы бойынша жеке тұлғалар жерге жекеменшік иегері бола алады: «ҚР мемлекеттік және жеке тұлғалардың жерге жекеменшік құқығы бірдей қорғалып, мойындалады».

Сөйтіп, қазіргі таңда ҚР табиғи ресурстарға келесі меншік түрлері бар:

1. *Мемлекеттік меншік* (бүкіл ресурстарға).

2. *Жеке меншік (жерге)*.

Жер учаскесіне жекеменшік индивидуальды және жалпы бола алады, ал жалпы өз алдында бірлескен және үлестік болып бөлінеді.

Мемлекеттік меншік субъектілері

Мемлекеттік меншік субъектісі болып өзінің органдарының тұлғасындағы мемлекет болып саналады.

Мемлекеттің иелігіндегі органдарға, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге, әскери объектілерге, ерекше қорғалатын табиғи территорияларға, орман және су қорларына, тұрғылықты жерлерде жалпы қолдануға, егісті және шабынды жерлерге мемлекеттің меншік жерлері берілген.

Жерге жекеменшік субъектілері:

1. ҚР азаматтары, жерлер азаматтарға крестьяндық (фермерлік) шаруашылықты жүргізу, жеке қойма шаруашылығын жүргізу, орман шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, индивидуальды тұрғын және саябақ құрылысы мақсаттары үшін беріледі.

2. ҚР мемлекеттік емес заңды тұлғалар, сонымен қатар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар, сауда ауылшаруашылық өндірісін жүргізу, өндірістік және өндірістік емес, сонымен қатар тұрғын ғимараттар салу үшін шетел заңды тұлғалары.

Ауыл шаруашылық сауда өндірісін және орман шаруашылығын жүргізу үшін ҚР мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және крестьяндық шаруашылығын жүргізу үшін ҚР азаматтарына ауыл шаруашылық мақсаттарында жер учаскелері беріледі.

Жер учаскесіне меншік құқығы:		
меншік құқығын табыстау;	меншік құқығын беру;	меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.
Жер учаскесіне меншік құқығы:		
мемлекеттік органдар актілерінің;	азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;	ҚР заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жер заңдарының принциптері (4-бап) келесілермен сипатталады:

➤ Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі;

➤ жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;

➤ жерді қорғау және ұтымды пайдалану;

➤ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

➤ жерді нысаналы пайдалану;

➤ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басымдығы;

➤ жердің жай-күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

➤ жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау;

➤ жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою;

➤ жерді ақылы пайдалану принциптеріне негізделеді.

Жерді пайдалану құқығы

Жер пайдалану құқығының режимі ҚР Жер кодексінің 4-тарауында, 28-бабында көрсетілгендей жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер пайдалану құқығына меншік құқығы туралы нормалар қолданылады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20.06.2003 қабылданған. 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014жж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Жер пайдалану құқығының түрлері (29-бап): *тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз* болып бөлінеді.

Жер Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген негіздерден басқа реттерде ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайтыны айтылған.

Жерге жекеменшік құқығының объектілері:

Жер учаскесі	Жер бөлігі (үлес)
Жер қарым-қатынас субъектілеріне заң тәртібімен бекітілген шектелген шекарадағы жер бөлігі	Жер учаскесінің құқығында және міндетінде басқа субъектілермен бірге қатысу бөлігі
Бөлінетін және бөлінбейтін болады.	Нормативтік акт екі арадағы келісім бойынша болады.

1-сызба. Жерге жекеменшік құқығының объектілері

Жекеменшік жер учаскелерін санамағанда барлық жерді қосатын жер қоры, мемлекеттік жердің меншігінің құқығының объектісі болып саналады.

Қор келесі категорияларға бөлінеді:

Жекеменшік + мемлекеттік	Жердің категориясы	Тек мемлекеттік
Крестьяндық шаруашылық, жеке қойма шаруашылығы, индивидуальды тұрғын құрылысы, саябақ құрылысы, бау-бақша шаруашылығы	1. Ауыл шаруашылық мақсатында	Крестьяндық шаруашылық үшін берілген жер учаскелерін санамағандағы барлық жерлер
Қалған басқа жерлер	2. Тұрғын ел пункттері	Жалпы пайдаланатын жерлер
Қалған басқа жерлер	3. Өндіріс, көлік, байланыс, қорғаныс	Қорғаныс жерлері
–	4. ЕҚТТ	+
–	5. Орман қоры	+
–	6. Су қоры	+
–	7. Қор	+

2-сызба. Қор категориялары


Суды пайдалану құқығы

Суға мемлекеттік меншік құқығының объектісіне су қоры жатады. Өз алдына су қоры төмендегілерді қосады:

- жер үстіндегі су қоймалары;
- жер асты сулары;
- территориялық сулар;
- мұздықтар.

Су пайдалану құқығы Су кодексінің 4-бөлімінің 13-тарауында 64-75 баптарда анық жазылған.

Су пайдалану құқығының түрлері:



3а-сызба. Су пайдалану құқығының түрлері



3б-сызба. Су пайдалану құқығының түрлері



3в-сызба. Су пайдалану құқығының түрлері

Су пайдаланушылардың құқықтары:

➤ Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген шарттар мен талаптарды сақтай отырып, су объектілерін берілген мақсаттарында пайдалануға;

➤ су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға, бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге;

➤ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су қорының жерлерін пайдалануға;

➤ су пайдаланушылардың бірлестіктерін, одақтарын (қауымдастықтарын) және басқа да коммерциялық емес ұйымдарын құруға;

➤ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен су шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

➤ берілетін судың сапасы мен мөлшерін тексеруге;

➤ су пайдалануға өз құқықтарын қорғауға;

➤ белгіленген су беру лимиті мен режиміне сәйкес құқықтардың, соның ішінде су алу құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеттіруге;

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласындағы заңдарында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Су пайдаланушылардың міндеттері (72-бап):

1) су ресурстарын ұтымды пайдалануға, судың ысырабын қысқартуға шаралар қолдануға;

2) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына ұқыпты қарауға, оларға зиян келтірілуіне жол бермеуге;

3) белгіленген су пайдалану лимиттерін, рұқсат етілген көлемдері мен режимдерін сақтауға (2009.12.02 № 132-IV ҚР Заңымен өзгертілді);

4) басқа су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;

5) судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларды ақаусыз күйінде ұстауға, олардың пайдаланылу сапасын жақсартуға, су ресурстарын пайдалануды есепке алуға, су шаруашылығы құрылыстарының су тарту, су жіберу мен сарқынды және коллекторлық суларды ағызу құрылыстарын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтауға (2009.12.02 № 132-IV ҚР Заңымен өзгертілді);

6) су қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға;

7) арнайы су пайдалануға рұқсат қағазда белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемінде орындауға (2007.12.01. № 222-III ҚР Заңы);

8) белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттардың ағызылуына жол бермеуге;

9) су объектісін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысан бойынша пайдалану туралы анық және толық ақпаратты мемлекеттік органдарға уақтылы ұсынуға;

10) су үнемдеуші технологияларды, суарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолдануға;

11) жер үсті және жер асты суларынан су жинау алаңының ластануына жол бермеуге;

12) су объектілерінің су қорғау аймақтарының аумағында шаруашылық және өзге де қызметтің белгіленген режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

13) уәкілетті органның және жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті негіздемесі мен

шешімсіз ауыз су сапасындағы суды өндірістік және басқа мұқтаждарға пайдалануға жол бермеуге;

14) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында өнеркәсіп қауіпсіздігінің талабын сақтауға;

15) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) барлық авариялық жағдайлар мен су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына дереу хабарлауға, сондай-ақ су объектілеріне зиян келтірілуін болғызбау жөнінде шаралар қолдануға (2004.20.12 № 13-III ҚРЗаңы); (2008.26.05 № 34-IV ҚР Заңы) тармақша өзгертілді;

17) су пайдаланғаны үшін төлемдердің уақтылы төленуін жүзеге асыруға;

17-1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру кезінде экологиялық рұқсат алуға; 2007.09.01. № 213-III ҚР Заңы мен толықтырылды

18) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы заңдарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Орманды пайдалану құқығы

Орман қорына меншік құқығы 7-бапта көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры *мемлекеттік меншік* объектілеріне жатады және *республикалық меншікте* болады.

Жекеше орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, орман Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жекеше орман иеленушілер жүзеге асырады.

3-бөлімнің 5,6-тарауы орман иелену және орман пайдалану құқығына арналған. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман иелену құқығымен беру және жекеше орман иелену құқығының туындауы туралы, Мемлекеттік және жекеше орман иеленушілердің құқықтары мен міндеттері туралы, Орман иелену құқығының тоқтатылуы туралы ережелер 5-тарауда, 22,28-баптарда жазылған.

Орманға мемлекеттік меншік құқығының объектісіне орман қоры жатады. Өз алдына орман қоры төмендегілерді қосады:

- шектелген-эксплуатациялық ормандар;
- ерекше қорғалатын ормандар, ал оның өзі 4 категорияға бөлінеді: су қорғайтын ормандар, қорғалатын ормандар, санитарлық-гигиеналық ормандар, ЕҚТТ.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды.

Орман пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы ҚР азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады. Орман пайдаланушы заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры – заңды тұлғаға ауысады. Орман пайдалану құқығы тек қана орман пайдалану түрі сақталғанда, құқық мирасқорының орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты мен өндірістік қуаты және облыстық атқарушы органдар айқындайтын, тиісті біліктілігі бар мамандары болғанда ауысуы мүмкін. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына, ағаш кесу билетіне, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы ресімделеді (29-бап).

Жекеше орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы ҚР заңдарына сәйкес жекеше орман иеленуші айқындайтын тәртіппен туындайды (30-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға тендер хаттамасы негізінде және кейін мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасындағы шартпен ресімделе отырып беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті біліктілікке ие мамандары бар орман пайдаланушыларға 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға беріледі. Сүрек дайындау үшін орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға бекіту

жөніндегі тендерге қатысуға мынадай талаптарға сай келетін жеке және заңды тұлғалар жіберіледі:

- меншік құқығында материалдық-техникалық базаның: мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларында белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізу кезінде ағаш кесудің белгіленген жыл сайынғы көлемінің және орман шаруашылығы-экология талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін сүрек құлатуға, сүйретуге, тиеуге және тасып әкетуге арналған техника мен жабдықтардың болуы;

- ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларында көзделген өрт жабдықтары мен өрт сөндіру құралдарының болуы;

- мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушы – инженер-техник қызметкердің болуы;

- ағаш құлату, бұтақ шабу, сүрек сүйреу, тиеу және тасып әкету жұмыстарын жүргізуге машықтанған азаматтардың болуы;

- еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына жауапты маманның болуы;

- іс-шараларды қаржыландыру көздері көрсетілген сүрек дайындау мен өндеуді ұйымдастыру жөніндегі перспективалық үш жылдық жоспардың болуы.

Орман ресурстарын сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берген жағдайда, орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қоры учаскесінде сүрек ресурстары орман орналастыру материалдарына сәйкес сүрек ресурстарын ұдайы және сарқылмайтындай етіп пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, бірақ орманшылық алаңынан аспайтындай етіп беріледі.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру сол аумақта тұратын халықтың мүдделері ескеріле отырып, жария жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, пайдаланылмаған орман ресурстары шарт мерзімі өткен соң орман пайдаланушының меншігіне ауыспауға тиіс (31-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында мынадай талаптар:

➤ орман телімдері мен орман орамдарының нөмірлері көрсетіліп, орман пайдалану жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры учаскесінің орман орналастырудың картографиялық материалдарынан алынған көшірме түріндегі шекаралары;

➤ мемлекеттік орман қоры учаскесінің алаңы және мөлшерлеу көрсеткіштері;

➤ орман пайдалану түрлері;

➤ орман пайдаланудың көлемі (мөлшері);

➤ орман пайдалану мерзімі; орман ресурстарын игеру және ұтымды пайдалану, тендер жеңімпазының конкурстық өтінімінде көрсетілген ормандарды күзету, қорғау және молықтыру, орман ресурстарын өңдеу жөніндегі іс-шараларды инвестициялау;

➤ орман пайдалану төлемақысының мөлшері мен оны енгізу тәртібі;

➤ тараптардың орман ресурстарын күзету, қорғау және молықтыру жөніндегі міндеттері;

➤ тараптардың шарт талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы (32-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап жасалған болып есептеледі (33-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың: 1) жанама орман пайдалану; 2) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану; 3) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану сияқты түрлерін ғана жүзеге асыруға болады (34-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлерді өткізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді (35-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады:

- мемлекеттік орман иеленушілер үшін – уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі;

- орман пайдаланушылар үшін – уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.

Ағаш кесу билеті орман ресурстарының сандық және сапалық сипаттамасы, орманды пайдалану төлемақысы мөлшері, жұмыстар жүргізудің мерзімдері, орманды молықтыру талаптары мен ағаш кесу орындарын тазарту, дайындау технологиясына қойылатын орман шаруашылығы талаптары туралы мәліметтерді, ағаш кесу билетінің қолданылуын тоқтату шарттарын қамтиды.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға жыл сайын, оны беру үшін негіздеме болған құжаттарда көрсетілген орман пайдалану түрлерін ғана жүзеге асыруға, белгіленген көлемде және мемлекеттік орман қорының нақты учаскесіне арнап беріледі.

Шайыр және ағаш шырындарын дайындауға арналған ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға сөл ағызудың бүкіл мерзіміне беріледі.

Мемлекеттік орман иеленуші аралық пайдалану мақсатында кесуді және өзгедей мақсатта кесуді, жанама орман пайдалануды жүргізген кезде ағаш кесу билеті мен (немесе) орман билеті орманшылық басшысына, ал орманшылық болмаған жағдайда - аталған ағаш кесу мен орман пайдалануды жүргізуге жауапты лауазымды адамға жазылады.

Орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар қажеттігі үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

Ағаш кесу билетінің және орман билетінің нысанын, оларды есепке алудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттама құжаттары ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі (36-бап).

Орман пайдаланушылардың:

➤ мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды рұқсаттама құжаттарында көрсетілген көлемде жүзеге асыруға;

➤ өздеріне орман пайдалануда берілген орман ресурстары туралы ақпарат алуға;

➤ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман пайдалану мерзіміне құрылыстар мен ғимараттар, сүрек сақтау қоймаларын салуға, ағаш таситын жолдар тартуға, сүректі және мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға байланысты басқа да орман өнімдерін өндеу үшін жабдықтар орнатуға;

➤ мемлекеттік орман қорының санаттарының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою салдарынан келтірілген шығындарға өтем алуға;

➤ мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман иеленушімен келісім бойынша орман питомниктері мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді орналастыруға құқығы бар. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын жүзеге асыруы кезінде өздерінің міндеттерін тиісті дәрежеде орындаған орман пайдаланушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында өзгеше белгіленбесе, шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұлғалардың алдында басқа да тең жағдайларда жаңа мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын жасауға басымдық құқыққа ие болады.

Орман пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады (37-бап).

Орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ ағаш кесу билетімен, орман билетімен белгіленген талаптарды сақтауға;

2) тұрғын халықтың денсаулығына зиян келтіруіне жол бермеуге;

3) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молайтылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

4) сүрек дайындаған кезде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілген техника мен технологияларды пайдалана отырып ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;

5) мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген учаскелерінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, өз қаражаты есебінен орман өрттерінің алдын алу іс-шараларын жүргізуге; орман өрті туындаған жағдайда ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында көзделген шекарада оны сөндіруді жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының басқа да учаскелерінде орман өрттерін сөндіруге қатысуға;

6) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман иеленушілермен келісе отырып өртке қарсы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде өз қаражаты есебінен жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында өздері сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар мен жұмыстарды өткізетін жерлерде уәкілетті орган бекіткен нормаларға сәйкес өрт сөндіру құралдары болуына;

8) ағашы кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмауға;

9) кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес тазартуға;

10) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөлінген учаскелерінде заңсыз ағаш кесуге және Қазақстан Республикасының орман заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарын өзге де бұзушылықтарға жол бермеуге;

11) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жұмыс аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік орман иеленушілерге тапсыруға;

12) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде орманның қайта түлеуін қоса алғанда, орман орналастыру жобасына сәйкес ағашы кесілген алаңның екі еселенген мөлшеріне тең алаңда ағаш отырғызуды жүзеге асыруға;

12-1) мемлекеттік орман иеленушіде: орман дақылдары қоры; орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қоры аумағында қосымша учаске беру мүмкіндігі болмаған жағдайларда жергілікті бюджетке орман көмкерген алқапқа ауыстырғанға дейін орман дақылдарын отырғызу мен өсіру құнының мөлшерінде төлемақы енгізуге міндетті. Орман дақылдарын отырғызу мен өсіру үшін төлемақы орман иеленуші әзірлеген технологиялық-есеп картасымен айқындалады;

13) ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі салдарынан өскіндер жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы шеккен шығындар мен шығасыны өтеуге;

15) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен орманды пайдаланудың төлемақысын уақтылы енгізуге;

16) ормандардың санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді (бұдан әрі ормандардағы санитарлық ережелер) сақтауға;

17) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде орман иеленушіге орман зиянкестерімен және ауруларымен күресті ұйымдастыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ оған мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөліп берілген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болуы туралы оған уақытылы хабарлауға;

орман пайдалануға берілген учаскелерде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарына сәйкес орман қорының жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;

19) өзге орман пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

20) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне, облыстың жергілікті атқарушы органдары мен мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға;

20-1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру кезінде экологиялық рұқсат алуға;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті (38-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

- орман пайдаланушы Қазақстан Республикасы орман заңдарының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарының талаптарын бұзған;

- орман пайдаланушы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының, ағаш кесу билетінің, орман билетінің талаптарын орындамаған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

- мемлекеттік орман қорының орман пайдалану жүзеге асырылатын учаскелерінде орман ресурстарының жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған табиғи және техногендік

сипаттағы төтенше жағдайлардың басталуы нәтижесінде олардың қоры азайған;

➤ орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиациялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар өткізілетін жағдайларда, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болатын кезеңде шектеледі.

Егер орман пайдалану құқығының шектелуін не тоқтатыла тұруын тудырған мән-жайлар немесе жағдайлар жойылса, орман пайдалану құқығы толық көлемінде қалпына келтіріледі.

Орман пайдаланушы өзінің орман пайдалану құқығын шектеу туралы немесе тоқтата тұру туралы шешіммен келіспеген жағдайда, оның бұл шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

Орман пайдалану құқығын шектеу немесе тоқтата тұру орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзге де жауапкершіліктен босатпайды (39-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

- орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан ерікті түрде бас тартқан;

- орман пайдалану мерзімі өткен;

- орман пайдаланушы заңды тұлға таратылған;

- орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған;

- мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда;

- орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан да көп рет) бұзған немесе төлемақыны белгіленген мерзімнен кейінгі үш ай ішінде енгізбеген;

- мемлекеттік орман қоры жері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын тоқтату орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзгедей жауапкершіліктен босатпайды (40-бап).

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы:

- ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының бұзылуы;
- орман пайдаланушының жазбаша өтініші;
- ағаш кесу билеті, орман билеті қолданылуының уәкілетті

орган белгілеген тәртіппен тоқтатылуы негізінде тоқтатылады (41-бап).

➤ Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болу тәртібі мен шарттары мемлекеттік орман қорының санатымен, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрімен, аумақтың абаттану деңгейімен және орман пайдаланудың түрімен айқындалады.

➤ Жеке тұлғалардың, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатына жатқызылған өсімдіктер дүниесі объектілерін қоспағанда, демалыс өткізу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу, жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында тегін рұқсаттама құжаттарынсыз болуға құқығы бар.

➤ Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинауына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

➤ Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына және жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын жинауына Қазақстан Республикасының

заңдарына сәйкес, халықтың денсаулығын қорғау, өрт қауіпсіздігі, жаңғақ кәсіпшілігі, орман-жеміс, орман тұқым және аңшылық шаруашылықтарын жүргізу мүддесіне орай шектеу қойылуы мүмкін.

➤ Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жабайы өсімдіктер мен саңырауқұлақ түрлерін, сондай-ақ құрамында есірткі заттар бар өсімдіктер мен құрамында есірткі заттар бар табиғи шикізат жинау мен дайындауға тыйым салынады.

➤ Жеке тұлғалар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен бұталарды сындырмауға және кеспеуге, орман ағаштарының зақымдануына, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының бұзылуына жол бермеуге, жабайы өскен тағамдық орман ресурстарын, дәрілік шикізатты олардың мольқтырылуына нұқсан келмейтін мерзімде және тәсілдермен жинауға міндетті.

Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында аң аулау және балық аулау мақсатында болуы осы Кодекспен регламенттеледі (42-бап).

Жер қойнауын пайдалану құқығы

Жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығының объектісіне жер қойнауының қоры жатады. Ол келесі қосалқы бөлшектерге бөлінеді:



4-сызба. Жер қойнауының мемлекеттік меншік құқығының объектісі

Табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерін жетілдіру

Табиғат пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға белгілеу жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуді, табиғат пайдаланудың ақылылық жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметінің тиімділігі қаржы ынталандыруынқұрумен, сондай-ақ табиғат қорғау-қызметіндегі қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық құралдарын енгізумен айқындалады. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер ресурстарды нормативтен тыс пайдаланғаны немесе нормативтен тыс шығарынды және ластаушы заттардың төгінділері үшін ставкаларды арттырудың тетігі арқылы қоршаған ортаның ластануын азайтуды экономикалық ынталандыруды қамтамасыз етеді. Ластану көзі ерекше қорғалатын аумақтардан емес солардың жанында орналасқан жағдайда қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларына арттыру коэффициенттері қолданылатын болады.

Экономикалық құралдар инновацияларды енгізу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, неғұрлым тиімді және аз қалдықты технологияларды дамыту мен енгізу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатаң нормалар мен стандарттардың белгіленуіне ықпал етуі тиіс. Табиғат қорғау заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген зиян ластану деңгейі мен келтірілген залалды (зиянды), қалпына келтіруге, ұдайы өндіріске кеткен шығындарды және өзге де шығыстар мен ысыраптарды ескере отырып, толық көлемде өтеуге жатады. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруды бақылау мен құқық қолдану функцияларын жүзеге асыру кезінде қосарланушылықты

болдырмау және мұндай қызмет процесінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау тетігін құру жолымен мемлекеттік бақылау органдарын күшейтуді көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары инспекциялар өткізумен немесе құқық қолдану іс-қимылдарын жүзеге асырумен байланысты кез келген мәселелерге қатысты тәуелсіз және әділ шешімдер қабылдау үшін барлық өкілеттіктерге ие болуы тиіс.


Табиғатты пайдалануды шектеу

Бекітілген шектерден тыс табиғатты пайдаланушылар өзінің қызметін ары қарай жүргізуге құқығы жоқ, қоршаған табиғи орта және оның бөлек объектілерін қорғау үшін, тұрғындардың экологиялық қауіпсіздігі үшін табиғатты пайдаланушылардың құқығы шектелген.

Табиғатты пайдалануды шектеулер табиғатты пайдалану құқығының формасы, сонымен қатар, оның нормалауының әртүрлілігінің бірі болып саналады.


Табиғатты пайдалану шектеулері территориялар бойынша экологиялық шектеулердің жүйесі және қоршаған табиғи ортаға төгінділердің және шығарындылардың, табиғи ресурстарды шегімен пайдалану көлемін белгілі уақытқа өнеркәсіптер мен табиғатты пайдаланушылармен бекітілген шектеулер. Шектеулер мемлекеттік органдармен бекітіледі.

Табиғатты пайдалану 2 бағытта жүргізіледі:



5-сызба. Табиғатты пайдаланудың бағыттары

Осыдан шектеулер 2 түрге бөлінеді:



6-сызба. Табиғатты пайдалану мен шығару шектеулері

Қоршаған табиғи ортаға шығарындылардың, төгінділердің және қалдықтардың шекті рауалы нормасы.

Бақылау сұрақтары:

1. Табиғатты пайдаланудың түрлері.
2. Жалпы және арнайы табиғатты пайдалану түсінігі.
3. Арнайы табиғатты пайдаланудың негізі.
4. Табиғи ресурстарға меншік құқығы дегеніміз не?
5. ҚР табиғи ресурстарына қандай меншік түрлері бар?
6. Орманды, жерді, суды, жер қойнауын пайдалану құқықтарына сипаттама бер.
7. Табиғатты пайдалануды шектеу дегеніміз не?

1.5. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты басқару

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқарудың мақсаты мен қызметі

Қоғам мен табиғаттың өзара байланыс сферасындағы басқару – қоршаған орта туралы заңдылықтардың шарттарын орындауды қамтамасыздандыру бағытындағы сәйкес субъектілермен жасалынатын іс-әрекеттердің жиынтығы.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару экологиялық заңдылықтарды іске асырудымақсат ету керек.

Табиғатты рационалды пайдалану және қоршаған ортаны қорғаумен қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттің үнемі бағыты басқарудың функциясы ретінде саналады.

Басқарудың функцияларына төмендегілер жатады:

- қоғам мен табиғаттың өзара әрекетінің аумағындағы басқару органдардың жүйесін құру;
- қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару аумағындағы қызметтің координациясы;
- табиғи ресурстарды басқару;
- қоршаған ортаның жағдайын жақсартуды, табиғи ресурстарды қорғауды және пайдалануды жоспарлау;
- экологиялық нормалау;
- экологиялық сараптама;
- экологиялық лицензиялау;
- экологиялық сертификация;
- экологиялық аудит;
- қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын пайдалану бойынша бақылау;
- қоршаған ортаның жағдайының мониторингі;
- қоршаған орта мен табиғи объектілерді пайдалану мен жағдайының есебі;
- экологиялық тәрбиелеу және білім.

Экологиялық сараптама (лат. expertus – тәжірибелі) – адам іс-әрекеттерінің табиғатқа зиянды әсер етуіне жол бермеу және табиғат қорғау саласында қабылданған заңдардың орындалуына қатаң бақылау жасау. Экологиялық сараптама мемлекеттік немесе қоғамдық негізде жүзеге асырылады. Экологиялық сараптаманың негізгі қағидалары – оның өкілеттілігі, медицина-биология тұрғыдан қауіпсіздігі, халық шаруашылығының барлық салаларының мүддесін қорғайтындығы, ешкімге тәуелді болмауы және іс-әрекеттерді кешенді түрде жүргізу. Экологиялық сараптама міндетті түрде ұзақ уақыт дамуға арналған бағдарламалы құжаттармен және сызбанұсқалармен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, Экологиялық сараптама жүргізу үшін техника-экономикалық тұрғыдан ғылыми негізделген және алдын ала жоспарланған жобалар мен жоспарларға негізделіп қадағалау жасалынады. Бұларға қоса құрылыс, табиғат байлықтарын қалпына келтіруге арналған, өндіріс орындарын, т.б. нысандарды қайта

жабдықтау немесе олардың жұмысын біржола тоқтату туралы жобаларға талдау жасалынады. Табиғатты тиімді пайдалану мақсатында белгіленген ережелерге және әдістемелік нұсқауларға сүйене отырып, адамның іс-әрекеттерін шектейтін құжаттарды талдайды. Кейбір табиғи аумақтардағы телімдерге ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін беру үшін кешенді түрде экологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуге немесе экологиялық апатты және табиғатты пайдалану кезінде төтенше жағдайларға қатысты материалдарды, шараларды жүзеге асыруға арналған бағдарламаларға сараптама жүргізеді. Табиғатқа зияны жоқ жаңа техниканы, технологиялық әдістерді пайдалануға негізделген құжаттарды талдау; табиғатты тиімді пайдалану үшін шетелдік өндіріс орындарымен, фирмалармен бірге жұмыс істеуге қажетті құжаттарға сараптама жасалады. Экологиялық сараптама әскери мақсаттағы өндіріс орындарының, т.б. нысандардың жұмыстарына да қадағалау жасауға құқылы. Экологиялық сараптама адамның барлық іс-әрекеттерінің экологиялық қауіпсіздігін сақтау мақсатын көздейді. Мемлекеттік Экологиялық сараптама ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жанынан құрылған арнайы комиссияның сарапшылары арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық Экологиялық сараптаманы жеке қоғамдық ұйымдардың ұйытқысы болуы негізінде топтастырылған арнайы мамандар жүргізеді. Қоғамдық негізде жүргізілген Экологиялық сараптама мен мемлекеттік Экологиялық сараптама жүргізетін мекемелер қорытындылары бір-бірімен үйлестіріліп отырады. Қазақстанда арнайы “Экологиялық сараптама туралы” заң қабылданған (1997).

Қазіргі заманның тенденциясы бойынша басқару – бұл жүйенің тұрақтылығын сақтау мақсатындағы жүйенің жағдайын реттеу өлшемдерінің жиынтығы.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану аумағындағы басқарудың мақсаты – тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандыру.

Басқару заты – қоғам мен табиғат аумағындағы қоғамдық қарым-қатынастар. Басқа қоғамдық қарым-қатынастарға карағанда, бұл қарым-қатынастар табиғи ортаны жаңғыртумен, қорғаумен, пайдаланумен байланысты. Мұндай ерекшелік табиғатты қорғау іс-әрекетін басқарудың мақсаттарына, оларды жүргізуге, басқару жүйелерінің функцияларына, олардың тиімді бағалау критерийлеріне әсер етеді.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқаруда келесі негізгі мақсаттарға бөлінеді:

1. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды рационалды пайдалану аумағындағы бірдей мемлекеттік саясатты жүргізу.

2. Территорияның әлеуметтік және экономикалық даму кезіндегі экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыздандыру.

3. Қоршаған ортаға шектелген деңгейдегі әсерді сақтау.

4. Табиғи кешендердің тұрақты дамуы және оны сақтау.

5. Қоршаған ортаға ауыл шаруашылық қызметінің кері әсерін максималды төмендету.

6. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың ақпараттық жүйесін құру.

7. Табиғатты қорғау шараларын қаржыландыру бөлігін жоғарылату мақсатында инвестициалық саясатын өзгерту.

8. Экологиялық қызмет көрсету рыногымен экологиялық инфрақұрылысын құрастыру.

9. Қоршаған ортаның жағдайын модельдеуді, жобалауды, мониторингті ұйымдастыру.

Бұл мақсаттарды орындау үшін қоршаған ортаны басқару жүйесінің сәйкес ұйымдары қажет. Ол ұйым төмендегілерді құрайды:

1. Экологиялық саясатты құрастыру.

2. Экосаясаттың мақсаты мен міндеттерін нақтыландыру.

3. Табиғатты пайдалану стратегиясын жасау.

4. Басқару әдістерін таңдау.

5. Табиғатты пайдаланудағы басқаруды ақпараттық құқықпен қамтамасыздандыру.

6. Қоршаған ортаны қорғаудағы басқаруды қамтамасыздандыру үшін институционалдық инфрақұрылысты құрастыру.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқарудың түрлері

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқаруды *қоғамдық, өндірістік, салалық (ведомстволық) және мемлекеттік* түрлерге бөлуге болады.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды *қоғамдық басқару* – бұл экологиялық құқықтың демократизациясының көрсетілуі.

Қоғамдық басқарудың ең негізгі функциясының бірі болып халық пен қоғамдық ұйымдардың қоршаған ортаға жоспарланған әсерді бағалаудағы шаруашылық мәселелерді шешуге, қоғамдық экологиялық сараптаманың және экологиялық бақылауды жүргізуге қатысуы болып табылады.

Экологиялық кодексте қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктердің қызметіне көп көңіл бөлінген. Қоғамдық бірлестіктердің құқығы экологиялық заңдылықта терең қарастырылған және заңды бекітілген, мұның өзі қоғамдық басқарудың даму этапындағы маңыздылығын көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдар өзінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін орындау кезіндегі келесі құқықтарға ие:

1. Экологиялық бағдарламаларды өңдеуге және насихаттауға, азаматтардың құқығын қорғауға құқылы;

2. Қоршаған ортаны қорғау және сауығу бойынша жұмыс істеуге, табиғи ресурстарды рационалды пайдалануға, жаңғыртуға, экологиялық ғылыми маңыздылығы бар қоршаған ортаның объектілерін қорғауға қатысуға құқылы;

3. Мемлекеттік органдармен қоршаған ортаға байланысты мәселелерді шешу процесіне қатысуға құқылы;

4. Экологиялық білім тану бойынша жұмыстар істеуге құқылы;

5. Қоғамдық экологиялық сараптаманы және қоғамдық жиналыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге құқылы;

6. Қоғамдық экологиялық бақылауды жүргізуге құқылы;

7. Мемлекеттік органдардан өз уақытысында толық және нақты экологиялық ақпараттарды алуға құқылы;

8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақ-тастық құруға құқылы;

9. Қоршаған ортаны қорғау мәселесіндегі нормативтік актілерді жобалауда қатысуға және өңдеушілерге өзінің ескертулерін айтуға құқылы;

10. Қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға құқылы;

11. Жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы мәселе көтеруге, экологиялық заңдылықтарды бұзу кезінде азаматтардың денсаулығына және мүлігіне келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа шағымдануға құқылы;

12. Әкімшілік немесе сот ретімен өнеркәсіптерді, кәсіпорындарды және басқа да экологиялық қауіпті объектілерді құру, салу, қайта құру және эксплуатацияға енгізу туралы шешімдерді қабылдамауды, сонымен қатар, қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін шаруашылық қызметтерді тоқтатуға, уақытша тоқтатып қоюға, шектеу туралы шешімдерді қабылдауды талап етуге құқылы.

Экологиялық кодекстің 60-бабына сәйкес, қоғамдық экологиялық сараптама азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін, қоршаған ортаның қолайлығын сақтау бойынша кез-келген шаруашылық қызметті қоғамдық мүддені сақтауға тексереді.

Кодекстің 15-тарауы қоршаған ортаны басқарудың функциясы ретінде саналатын *қоғамдық экологиялық бақылауға* арналған. Қоғамдық экологиялық бақылау, қоғамды мемлекеттік экологиялық проблемаларға көңіл аударту мақсаты үшін жасалады.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудағы өндірістік басқарудың мазмұны белгілі бір өнеркәсіптің экологиялық нормативтерді орындау бойынша міндеттерімен анықталады. Бұл мақсаттар өнеркәсіптің спецификасын ескере отырып, жер қойнауын рационалды пайдалануды қамтамасыз етуге, атмосфералық ауаны қорғауға, су объектілерін қорғауға, өндірістік қалдықтармен және т.б. байланысты болуы мүмкін.

Экологиялық кодекстің 8-тарауында шаруашылық қызметті орындау кезіндегі экологиялық талаптар көрсетілген, оларды орындау өнеркәсіптің табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы басты міндеті болып саналады.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды *салалы (ведомствалық) басқару* министрліктермен, қызметтік саласы бойынша табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаға зиянды әсерімен байланысты мемлекеттік комитеттермен реттеледі.

Салалы (ведомствалық) басқарудың мазмұны саланың спецификасымен немесе қызметтік саламен, өнеркәсіптің жүйесіне кіретін мінез-құлығымен, масштабымен және әсер ету түрімен анықталады.

Мемлекет масштабындағы экологиялық заңдылықтарды орындау жауапкершілігі табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды *мемлекеттік басқаруды* орындайтын

органдарға жүктелген. Олардың қызметінің конституциялық негізі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы болып саналады, осы негізде бірыңғай мемлекеттік үкіметті заңды, атқарушы және сот тарауларына бөлді.


Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың әдістері

Әртүрлі мемлекеттердің табиғатты қорғау қызметін басқару жүйесі тарихи, саяси, мәдени және тағы басқа факторлардың әсерінен дамыды. Сондықтан да әртүрлі мемлекеттерде табиғатты қорғау қызметін басқару құралы да әртүрлі.

Дүниежүзілік тәжірибенің анализі, сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғауды басқару механизмінің дамуы бойынша ұсыныстарды қарастыра отырып, әрбір басқару әдістерін типтендіріп және әр қайсысына қысқаша сипаттама беруге мүмкіндік береді.

Басқару әдістерінің үш негізгі топтары бар (7-сызба).

Әкімшілік реттеу – нормативтік стандарттар мен шектеулерді енгізуді, сонымен қатар, табиғатты пайдаланушыға өзінің ұстанатын шектеулерін көрсетіп тұратын, табиғатты пайдалану процестерін лицензиялауды және тікелей бақылауды ұсынады.



7-сызба. Басқару әдістерінің топтары

Экономикалық механизмдер – ластау үшін төлемдер жүйесін, экологиялық салықтарды, қаржыларды (субсидия) енгізуге, сонымен қатар, табиғатты рационалды пайдалануда өндірушіні қызықтыру үшін, басқа да экономикалық стимулдарды пайдалануға ұсыныс береді.

Экономикалық әдістер – табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқару Экологиялық кодекстің 3-тарауында көрсетілген. Кодекстің 95-бабына сәйкес, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды реттейтін экономикалық механизмдердің түрлері болып төмендегілер саналады:

- 1) қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды жоспарлау және қаржыландыру;
- 2) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер;
- 3) табиғи ресурстардың бөлек түрлерін пайдаланған үшін төлемдер;
- 4) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық стимулдау;
- 5) экологиялық сақтандыру;
- 6) қоршаған ортаға келтірілген зиянды экономикалық бағалау.

Экономикалық әдістердің жүйесі әкімшілік әдістерден айырмашылығына келетін болсақ, онда ластаушы-өнеркәсіп қатал стандарттармен жұмыс істемейді. Табиғат пайдаланушы шығын анализі мен қорытындыларға жүктеле отырып, өзінің стратегиясын таңдай алады. Сонымен қатар, барлық экономикалық параметрлер (шығындылар үшін төлем ставкалары, салықтар және т.б.) қатал түрде бекітіледі. Олар реттеушінің орталықтандырылған объектісі болып саналады. Демек, алдыңғы жағдай бойынша, қоршаған ортаның керек жағдайы бекітіледі, бірақ табиғат пайдаланушыларына таңдау еркіндігі беріледі: осы жағдайға жеткізуге мүмкіндік беретін стратегия, табиғат пайдаланушыға таңылмайды, бірақ табиғат пайдаланушы қатал экономикалық шектеулермен шектелген.

Экологиялық кодекстің 105 бабы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметімен қоршаған ортаға эмиссиясын төмендету мақсатында, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқару механизмінің күшімен нарықтық механизмді енгізу мүмкіндігі бар. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың *нарықтық басқару*

әдістері. Экологиялық салада нарықтық қатынастарды ұйымдастыру, ластау бірліктері үшін, фирмаларға ластау үшін құқықты сатуға, сатып алуға, саудаласуға немесе таратуға келісе отырып, нарықты ұйымдастыруға ұсыныс береді.

Табиғатты қорғау қызметін басқарудың нарықтық әдістері табиғи органның ассимиляциялық потенциалын рационалды пайдалауға бағытталған. Оның бәрі қоғамның табиғатқа шекті масштаб әсерін анықтаудан басталады да, содан кейін қоршаған ортаны ластауға рұқсат беріледі. Әкімшілік пен экономикалық реттеу жүйелеріне қарағанда, табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны ластау үшін рұқсатты таратуға, сатуға толық құқылы. Бұл жағдайда мемлекеттік басқару органдары тек қана келісімдердің эквиваленттігін бақылап отырады (с.с. жалпы табиғатқа әсердің өсіп кетпеуін қадағалайды) және нарықтық инфрақұрылыстың пайда болуына әсер етеді: меншік құқығын бекіту және осы құқықтардың орындалуын ұйымдастыру (соның ішінде, меншік лицензиялары мен сертификаттарын беру); экологиялық банктер мен биржалардың қызметін бақылау.

Нарықтық әдістер қоршаған ортаға эмиссияға квоталар мен лимиттерді бекіту, қоршаған ортаға эмиссияны төмендетуге міндеттемелер мен квоталармен саудаласу тәртібін бекіту дамудың перспективті бағыты болып саналады.

Бірақ, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың нарықтық әдістерінің перспектив-тілігіне қарамастан, олар толығымен басқа әдістерді алмастыра алмайды. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың әрбір әдістерінің өзінің оң және теріс жақтары бар, бұл дегеніміз, әрбір әдістің өзінің пайдалану саласы бар деп есептелінеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың анықтамасын беріңдер.
2. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың функциялары.
3. Басқарудың түрлерін ата.
4. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды қоғамдық басқаруға сипаттама бер.
5. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтары.

6. Қоршаған ортаны басқарудың әдістері қандай және оларға сипаттама бер.

7. Салалы және өндірістік басқарудың негізгі мазмұны қандай?

1.6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік реттеу институттары

Қазақстан Республикасында табиғатты пайдалануды мемлекеттік басқару мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің негізгі жағдайлары

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару – табиғи ресурстарды пайдалану, қорғау және тиімді орналастыру бойынша уәкілетті органдардың бақылаулық – бұйрықты әрекеті. Басқаруға органдар жүйесі мен функциялар жүйесі кіреді.

Экология саласында мемлекеттік басқару органдарының қызметі мемлекеттік экологиялық саясаты қалыптасатын басқару бастамаларына сәйкес негізделген. Бұл басқару идеялары мемлекеттің негізгі қасиеттерін, ішкі бірлік-ынтымағын айқындап, мемлекеттік басқару принциптері деп аталады. Мемлекеттік басқару принциптері берілген қоғамның дамуының экономикалық және әлеуметтік заңдарымен анықталады да, әдетте атқарушы заңнамамен айқындалады.

Экологиялық кодексті талдай отырып, қоршаған ортаны қорғау саласында **мемлекеттік басқарудың** негізгі жағдайын анықтауға болады. Ол келесілерден тұрады:

1. Қоршаған ортаны қорғау саласында қызметті лицензиялау.

2. Экологиялық нормалау.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық реттеу.

4. Экологиялық рұқсат беру.

5. Мемлекеттік экологиялық бақылау.

6. Қоршаған ортаны қорғауды экологиялық реттеу жүйесі, экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыру, табиғатты қорғау шараларын қаржы-ландыру.

7. Мемлекеттік экологиялық мониторинг.

8. Қоршаған ортаны ластау учаскелері мен көздерін, табиғатты пайдаланушыларды мемлекеттік есепке алу.

9. Экологиялық білім беру мен ағарту.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау саласында реттеу жүйесіне **әкімшілік құралдар мен экономикалық құралдар** кіреді.

1. Табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік жоспарлау.

2. Табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау.

3. Табиғи ресурстарды пайдаланудағы құқық беретін келісім шарттарға отыру, лицензия беру.

4. Табиғи ресурстарды жаңғырту мен қайта қалпына келтіруді ұйымдастыру, ресурстарды сақтау технологияларын енгізу.

5. Табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрын жүргізу.

6. Табиғи ресурстарды пайдалануға квоталарды бөлу мен шектеулерді орнату.


7. Табиғи ресурстарды қайта өндіріп, қалпына келтіріп, қолдануды іске асырушы мемлекеттік заңгерлік тұлғалармен басқару.

8. Табиғи ресурстарды қорғау ұйымы.

Қоршаған ортаны қорғау (жалпы біліктілік органы) мен табиғатты қолдануды мемлекеттік басқару органдары

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару органдары дәстүрлі түрде **жалпы және арнайы біліктілікті орган** (8-сызба) болып бөлінеді. **Жалпы біліктілік** органы табиғи ресурстарды басқару мәселелермен қатар, басқа да мәселелерді шешеді және оларға экологиялық функциялар басты болып саналмайды. **Арнайы компетенция** органдары табиғатты пайдалану мен қоршаған табиғи объектілерін рационалды реттеу үшін құрылған. Қоршаған ортаны қорғау бойынша саясаты уәкілдік (**Парламент, маслихат**), **атқарушы және соттық** үкімет органдары деп бөлінетін, мемлекеттік органдар жүйесіне жүктеледі. Әрбір аталған топ өзара мақсаттық бағыттарымен, жұмыс көлемінің сипатымен,

формалар мен әдістермен ерекшеленеді. Бірақ бұл органдардың жиынтығы мемлекеттің экологиялық функциясын өңдейтіндей жүйе құрады.



8-сызба. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару органдары

Қазақстан Республикасының Конституциясының 49 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғарғы уәкілдік органы болып *Парламент* есептелінеді. Парламентпен қабылданылатын барлық заңды актілер мемлекеттің экологиялық саясатын анықтайды, табиғи ресурстарға меншік формасын бекітеді, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты (халықаралық келісім-шарттарды бекітеді) анықтайды, барлық қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейді.

Қала территориясында, облыс пен аудан территорияларында атқарушы үкімет органдар жүйесі болып *маслихат* жұмыс істейді – депутаттар жиналысы. Жергілікті атқарушы органдардың компетенциясына облыстың, ауданның, қаланың экологиялық жағдайына әсер ететін негізгі сұрақтар жатады. Маслихат территорияны басқару схемасын, әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын және бағдарламасын, бюджет жобасын бекітеді. Экологиялық кодекстің 19 бабында қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті органдардың компетенциясы анықталған:

1. Сәйкес территорияларда табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламаларды, сонымен қатар, қоршаған ортаны жақсарту мен қорғау бойынша шығындарды бекітеді.

2. Өзінің компетенция аумағында қалдықтарды басқару бағдарламаларын бекітеді.

3. Өзінің компетенция аумағында қоршаған ортаның сапасының мақсаттық көрсеткіштерін бекітеді.

4. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жағдайы туралы жергілікті атқарушы органдардың басшыларының және заңда тұлғалардың есептерін тыңдайды.

5. Өзінің компетенция аумағында табиғатты пайдалану ережесін қабылдайды, ережелерді бұзу заңды жауапкершілікке тартады.

6. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақыларын бекітеді.

Сонымен, уәкілдік үкімет органдары экологиялық саясаттың заңды күшіне енуіне әсер етеді. Олардың мақсаты – экологиялық құқықты құру, ал оны бақылау ***атқарушы және сотты үкімет*** органдарына жатады.

Қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы орталық орын атқарушы үкімет органдары мен тұлғаларына жатады.

Қазақстан Республикасының *Президенті* бірыңғай атқарушы үкімет жүйесін басқарады (ҚР Конституциясының 40-бабы). Президент институтының іске қосылуынан бастап осы таңға дейін қоршаған ортаны қорғау және табиғатты рационалды пайдалану сұрақтары бойынша Президенттің 100-ден астам жарғысы мен қаулысы қабылданды олардың бәрі басқару органдар жүйесінің, табиғатты пайдалануда экономикалық механизмін енгізу және заңды жауапкершілікке тартылу шараларын қолдану проблемаларына қатысы бар. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқару органдарының құрылысын жетілдіру мақсатында, Президент республикалық, облыстық және аудандық деңгейде мемлекеттік басқару мен қоршаған ортаның жағдайын бақылау органдардың бірыңғай вертикальды жүйе құруына қаулы қабылдады.

Атқарушы үкімет өз тарпынан өте күрделі және көп салалы жүйені құрайды. Бұл жүйенің орталық орнын ***Республикалық Үкімет*** алады.

Үкіметтің қызметі болып қоршаған ортаны бірыңғай қорғайтын жалпы органдар компетенциясының қызметі саналады. Бұл органның табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша компетенциясының шектері Қазақстан Республикасының Конституциясында және Экологиялық кодекстің 16-бабында бекітілген. Өзінің құқықтық ережелеріне сәйкес, Үкімет экология бойынша аса маңызды мәселелерімен, жалпы шараларды анықтаумен, негізгі бағыттарды бекітумен, мемлекеттік экологиялық саясатты өңдеумен және іске асырумен, экологиялық нормативтерді белгілеумен, табиғи ресурстарды шекті пайдаланумен, табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін анықтаумен байланысты болуы керек. Үкімет қоршаған ортаны қорғау бойынша министрліктер мен ведомствалардың қызметін реттеу мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Қоғамдық экологиялық қатынастарды реттеуде ең маңызды рольді Үкіметпен қабылданатын нормативтік актілер атқарады.

Нормативтік шығармашылық қызметінен басқа Үкімет қоршаған ортаны қорғауда тікелей қатысады:

1. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтарды басқару және т.б. салалары бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағытын өңдейді.

2. Әртүрлі табиғатты пайдалану бағытындағы және мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды өңдейді, сонымен қатар, жердің озон қабатын және климатын қорғау саласында.

3. Әртүрлі табиғатты пайдалану бағытындағы концепцияларды мақұлдайды.

4. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес табиғатты пайдалану реті бойынша табиғи ресурстарды пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды.

5. Республикалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламаларды бекітеді және де ерекше қорғалатын табиғи территорияларда.

6. мемлекеттік есептің, мемлекеттік кадастрлардың және мемлекеттік мониторингтің ретін анықтайды.

7. *Бекітеді:*

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламентті;

- ең алдағы технологиялар тізімін;
- эмиссия нормативі бекітілетін және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақының алынатын қалдықтар түрлері мен ластаушы заттардың тізімі;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет түрлерін лицензиялау жіктелген талаптарын;
- қоршаған ортаға эмиссияны төмендету міндеттемелерімен және квоталарымен саудаласу тәртібін;
- ластанған жерлердің мемлекеттік реестрін жүргізу тәртібін;
- қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер ставкаларын;
- қоршаған ортаны ластаудан зиянды экономикалық бағалау ережелерін.

8. Анықтайды:

- шаруашылық және басқа да экологиялық қауіпті қызмет түрлерінің тізімін;
- экологиялық, ғылыми және мәдени ерекше мәні бар, қоршаған ортаны қорғау объектілердің тізімін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын жүргізу тәртібін;
- сот шешімінің үкімі бойынша республикалық меншік болып саналған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару ретін;
- қалдықтарды полигондарда орналастырудың ликвидациялық қорын құру тәртібін.

9. Бекітеді:

- қоршаған ортаның сапасының максаттық көрсеткіштерін анықтау тәртібін;
- қоршаған ортаға эмиссияның орнына берілетін кешенді экологиялық рұқсаттар алу үшін өндірістік объектілердің тізімін және кешенді экологиялық рұқсатты алу тәртібін;
- атмосфераға газдардың шығарындыларын шектеу, тоқтату немесе төмендету тәртібін;
- озон қабатын бұзатын заттектерді немесе құрамында озон қабатын бұзатын заттектері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, оларды пайдалануымен жүргізілетін өндірістік жұмыстарға, құрамында озон қабатын бұзатын заттектері бар құрал-жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, қызмет көрсетуге рұқсат беру тәртібін;

– атмосфераға газдардың шығарындыларын тастайтын және озон қабатын бұзатын заттектерді пайдаланатын көздерді мемлекеттік есепке алу тәртібін;

– территориялардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін;

– жерді бағалайтын экологиялық критерилерді;

– Каспий теңізінің сол жақ жағалауындағы мемлекеттік қорық зонасының шекарасын;

– қалдықтарды кіргізу, шығару және транзит тәртібін.

10. Халықаралық ынтықтастықты құрайды.

11. Территорияны экологиялық төтенше жағдай зонасы деп жариялайды және экологиялық төтенше жағдай зонасының құқықтық режимінің тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару ұғымы нені білдіреді?

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі ережелері.

3. Табиғат ресурстарын пайдаланудағы мемлекеттік реттеудің негізгі ережелері қандай?

4. Қоршаған ортаны қорғауды басқару органдары әдетте қалай бөлінеді?

5. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілді үкімет органдарының функциялары қандай?

6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы Президент пен Үкімет тұлғаларындағы атқарушы органдарының функциялары.

1.7. ҚР Қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың мемлекеттік басқармасының органдары

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, оның функциялары

Қазақстан Республикасының Қоршаған Ортаны Қорғау Министрлігі – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы сферасында мемлекеттік саясатты іске асыру және

өңдеу жөніндегі салааралық координацияның сауалнамаларын шешуші және жетекшілік ететін орталық орындаушы орган болып табылады.

Министрліктің негізгі мақсаты – қоршаған орта және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне жетуі болып табылады.

Министрлік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңы мен Конституциясына, Президент актілеріне, ҚР Басқармасына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі туралы мүддеге» сәйкес атқарады.

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі және оның құрылымдық бөлімдері:

1. Бірегей мемлекеттік экологиялық саясатты жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау аумағындағы бағдарламаларды орындайды.

2. Орталық және жергілікті орындаушы органдардың, олардың қоршаған ортаны қорғауды іске асыру бөлігіндегі іс-әрекетін, өзінің компетенция шегінде реттейді.

3. Жердің озон қабаты мен климатты қорғау облысында мемлекеттік басқаруды іске асырады.

4. Климатты және Жердің озон қабатын қорғау, биоәртүрлілікті, жерлерді тақырланудан және деградациядан сақтау аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың әрекеттерінің координациясын өзінің компетенциясы шегінде іске асырады.

5. Шаруашылық немесе басқа саладағы экологиялық талаптарды және экологиялық нормативтерді ұйғарады немесе өзінің компетенциясы шегінде оларды бекітеді.

6. Қоршаған орта сапасының мақсатты көрсеткіштерінің бағдарламаларын өңдейді.

7. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспарын және аймақтық бағдарламаларды растайды.

8. Экологиялық рұқсат береді, оның ішінде қоршаған орта эмиссиясына лимит орнатады.

9. Мемлекеттік экологиялық бақылауды іске асырады.

10. Қоршаған ортаны қорғау облысында көрсеткен қызмет пен атқарған жұмыстарға лицензия береді.

11. Өзінің компетенция шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды, келісім-шарттарды реттейді.

12. Өзінің компетенция шегінде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді, сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы экологиялық сараптаманы жүргізу қызметін реттеп, әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді.

13. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының бұзылуы жағдайында мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын есепке алмауға және пікір айтуға құқығы бар мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыратын және жүргізетін жергілікті орындаушы органдардың міндетті адамдарының қызметіне бақылау жасайды.

14. Қажетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім қабылдайды және қажетті экологиялық аудит туралы құжаттың қорытындысын бекітеді.

15. Қоршаған орта жағдайының мемлекеттік мониторингін және қоршаған орта мониторингінің жекеленген арнайы түрлері мен табиғат ресурстарын енгізуді ұйымдастырады.

ҚОҚ Министрлігі құрылымында ұйымдастырылған құрылымның вертикальжәне иерархияның әр деңгейінің жауапкершілігінің ортасы айқын анықталған. Шешім қабылдау жауапкершілігі төменгі сатыға ауысқан, онда тиісті сауалдардың тиімді шешілуі қамтамасыз етіледі.

Осы уақытта назарға мына жәйт алынады, аумақтық бөлімшелерге ірі және ауқымды кәсіпорындардың жұмысын жергілікті деңгейде реттеу өте ауыр болып табылады. Осыған орай ҚОҚ Министрлігі артынан ірі кәсіпорындарды инспекциялауды қалдырады немесе ірі кәсіпорындардың аумақтық деңгейде өтетін инспекциялауында қатысады. Қазіргі уақытта 40-қа жуығы ірі кәсіпорындарға жатады.

Жергілікті атқарушы органдар (аумақтық, облыстық және қалалық қоршаған ортаны қорғау басқармалары): өзінің компетенция шегінде табиғатты пайдалануды реттейді және қоршаған ортаны қорғау аумағындағы мемлекеттік бақылауды жасайды; тиісті аймақтарда табиғат пайдалану мен қоршаған

ортаны қорғау бағдарламаларын өңдеу және іске асыруды, экологиялық сараптаманы ұйымдастырады, кәсіпорындарды реконструкциялау немесе құрылыс салуға рұқсат немесе рұқсат емес экологиялық және санитарлы-эпидемиологиялық сараптама қорытындысы негізінде қоршаған ортаның ластануына төлем ақыны бекітеді, мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу кезінде қоғамдық қатысуларды ұйымдастырады, қалдықтарды жүргізу бағдарламасын өңдеу және оның орындалуын ұйымдастырады, қалдықтарды жою және орналастыру объектілерімен қамтамасыз етеді, өзінің компетенция шегінде қоршаған ортаның сапалық көрсеткіштерін өңдейді.

Атқарушы үкімет органдар жүйесінде ең маңызды орынды қалалық, облыстық және аудандық әкімшіліктер алады, олардың аумағында облыстық және қалалық (Алматы және Астана қалалары) территориалдық қоршаған ортаны қорғау басқармаларынан басқа, табиғат пайдалануды реттеу және табиғи ресурстар департаменті (облыстық әкімшіліктер) және қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстар департаменті (қалалық әкімшіліктер) қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысады. Олардың функциялары: экологиялық сараптама және мониторинг жүргізу, табиғат пайдалануды лицензиялау, табиғатты қорғау бағдарламаларының жоспарлануы мен іске асуы.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік арнайы басқару органдарының қызметі

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, жаңғырту және қорғау облысындағы мемлекеттік арнайы уәкілетті органдарына төмендегі органдар жатады:

1. Су қорын пайдалану және жаңғырту облысындағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ауыл Шаруашылық Министрлігінің су ресурстар комитеті.

2. Жер ресурстарын басқару бойынша орталықтандырылған уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ауыл Шаруашылық Министрлігінің жер ресурстарын басқару бойынша агенттік.

3. Жануарлар әлемін пайдалану, жаңғырту және қорғау облысындағы мемлекеттік уәкілетті орган.

4. Орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ауыл Шаруашылық Министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығының комитеті.

5. Ерекше қорғалатын табиғи территориялар облысындағы мемлекеттік уәкілетті орган.

6. Жер қойнауын пайдалану және зерттеу саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының минералды ресурстар және энергетика министрлігінің жер қойнауын қорғау және геология комитеті.

7. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша агенттігі.

8. Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы.

9. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының атом энергиясы агенттігі.

Мемлекеттік арнайы уәкілетті органдардың компетенциясы Жер, Су және Орман кодекстерімен, жер және жер қойнауы туралы, мұнай туралы, жануарлар әлемін пайдалану, жаңғырту және қорғау туралы, ерекше қорғалатын табиғи территориялар туралы, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардағы тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы мен азаматтардың денсаулығын сақтау облысындағы, қауіпті өндірістік объектілердегі өндірістік қауіпсіздік туралы заңдарымен бекітіледі.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану аумағында мемлекеттік бақылау

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануда мемлекеттік басқарманың маңызды құралы олардың жағдайына бақылау жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау облысында мемлекеттік бақылау органдарының алдында қоршаған ортаның ластануының алдын алу және өндірістің экономикалық өсуі барысында оның жағдайының нашарлануы сияқты қиын мәселелер орын алды.

Қоршаған ортаны, табиғат ресурстарын қорғау, өндіру және пайдалану облысында мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, ұлттық өнімді бәсекелік деңгейге көтеру болып табылады.

Экологиялық кодекспен мемлекеттік бақылаудың келесі түрлері бекітілген:

1. Экологиялық бақылау;
2. Жерді пайдалану және қорғауға бақылау;
3. Су қорын пайдалану және қорғау облысындағы бақылау;
4. Кешендерді пайдалану және зерттеу облысындағы бақылау;
5. Қазақстан Республикасының орман заңдылығы облысындағы бақылау;
6. Жануарлар әлемін пайдалану, өсіріп-өндіру облысындағы бақылау;
7. Ерекше қорғалатын аймақтар облысындағы бақылау.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды іске асырады:

1. ҚОҚ Министрлігі Комитетінің табиғат қорғау бақылауының жетекшісіне оның орынбасары болып келетін ҚР-ның бас мемлекеттік экологиялық инспекторы.

2. Табиғат қорғау бақылау Комитетінің жетекші мамандары болып келетін ҚР-ның үлкен мемлекеттік экологиялық инспекторлары.

3. Қоршаған ортаны қорғайтын аймақтық органдары басшыларының орынбасарлары болып келетін облыстардың, Алматы қаласының, Астананың бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары.

4. ҚОҚ аймақтық басқармасының инспекция бөлімінің басшылары болып келетін облыстардың, Алматы қаласының, Астананың үлкен мемлекеттік экологиялық инспекторлары.

5. Инспекция бөлімдерінің бас және жетекші мамандары болып келетін облыстардың, қалалардың мемлекеттік экологиялық инспекторлары.

Мемлекеттік экологиялық бақылау – қоршаған орта мен табиғат ресурстарының эмиссия тіркеуі бойынша статистикалық есебінің мемлекеттік және ведомстволық материалдарын талдау (анализдеу) жолымен іске асырылады, сондай-ақ табиғат

пайдаланушылардың табиғат қорғау іс-әрекеті туралы мәліметтері; ҚР экологиялық заңының сақталуы және орындалуын тексеруді ұйымдастыру және жүргізу.

Экологиялық бақылауды жүргізетін мемлекеттік инспекторлар тексерілетін объектілерді, оның ішінде қарулы күштерді, еш кедергісіз тексеруге құқылы, сондай-ақ қажетті өлшемдер жүргізуге, сынамаларды алып оларды талдауға, табиғат ресурстарын пайдалануға, сондай-ақ табиғат пайдалануға экологиялық рұқсатты лицензиялауға немесе келісім шартты бұзуға құқылы. Тексеру аяқталғаннан кейін олар экологиялық заңдылықтың бұзылуын жоюға үкім шығаруға, сотқа шектеу іскісін көрсетуге, шаруашылық іс-әрекеттің тоқтатылуына және рұқсат етілмеуіне, қоршаған ортаға келтірілген залал өлшемін анықтауға құқылы. Бұдан басқа экологиялық бақылауды жүргізетін лауазымды тұлғалар табиғат қорғау заңдылығын бұзушылардың іс-әрекетіне тосқауыл болуға немесе болдырмауға қосымша көмек алу үшін құқық қорғау органдары мен прокуратураға жүгінуге құқығы бар.

Жер қойнауы туралы заңның талаптарының бұзылуына қарай, олар кенді пайдалану операциясын әрі қарай жүргізуге келісім-шартты тоқтатуы туралы компетентті органға ұсынысын айтуға құқылы.

Инспекторлық экологиялық тексерулер бөлінеді:


– *жоспарлы;*

– *жоспардан тыс,* ол экологиялық төтенше жағдайларға оперативті кірісу қажеттілігі кезінде, бұзушылық айқындалғанда немесе бұзушылық туралы ақпарат алынғанда, сондай-ақ жоспарлы тексеру кезінде бұзушылықтарды жоюға үкімнің орындалуына бақылау жасауға белгіленеді;

– *қарама-қарсы* – бұл тексеру кезінде аталған адамдарға байланысты қосымша ақпарат алу қажеттілігі туындаған жағдайда үшінші адамдардың қатысу тексерісі;

– *рейдті* – бірнеше иеліктегі субъектілерді бір уақытта тексеру;

– *кешенді* – қоршаған ортаны қорғау органдарымен бірге арнайы басшылықтағы мемлекеттік органдардың жүргізетін тексерістері;



9-сызба. Инспекторлық экологиялық тексерулердің түрі

Инспекторлық тексеру ұйымы қоршаған ортаны қорғау аймақтық басқармасының жетекшісі құрайтын тексеру жоспарын енгізеді, оған тексеру жүргізілген мерзім, тапсырма, өндіру үрдісі мен мақсаты, сауалдар тізімі, тексеру жүргізетін график кіреді.

Жоспарлы тексерулер жылына бір рет жүргізіледі, одан жиі емес. Жоспарлы немесе кешенді тексерістен кейін табиғат пайдаланушыларға жоспардан тыс және қарама-қарсыдан басқа тексерістің өзге түрлерін бір жыл ішінде жүргізуге рұқсат етілмейді.

Тексеру мерзімі 30 күннен аспау керек. Үш жыл бойы өндірістік экологиялық бағдарламаларды орындап келген табиғат пайдаланушыларға инспекторлық тексерулер экологиялық заңның бұзылмауын қадағалайды, есеп беру құжатын толық әрі сапалы түрде өткізеді; үш жылда бір рет жүргізеді, одан жиі емес.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту:

- құқық қолданудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды ынталандырудың тиімді жүйесінің негізгі сипаттамасын табуға мемлекеттік органдарға көмектесетін және ұзақ мерзімді перспективада қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласында мемлекеттік бақылау органдарының институционалдық реформасын жүргізуге ықпал ететін модельді құруға;
- мемлекеттік органдарды, өнеркәсіп кәсіпорындарын, үкіметтік емес ұйымдарды және қалың жұртшылықты қоса алғанда, экологиялық заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету

жөніндегі қызметке барлық қатысушылардың арасындағы ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға жәрдемдесуге;

- экологиялық менеджмент жүйесінің маңызды құралы ретінде өндірістік бақылауды міндетті жүзеге асыруға;
- табиғат қорғау іс-шараларының орындалуына қызметтің барлық деңгейіндегі жауапкершілікті нақты айқындауға;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер беруге бағытталуы тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Республикамызда қоршаған ортаны қорғау сұрақтарымен айналысатын мемлекеттік органдар, олардың құзіреті.
2. ҚР-да қоршаған ортаны қорғау облысында қандай орган орталық орындаушы болып табылады?
3. Орталық орындаушы органның қоршаған ортаны қорғау облысындағы құрылымы мен функциялары.
4. ҚОҚ аймақты облыстық және қалалық басқармалардың атқаратын қызметіне сипаттама бер.
5. ҚОҚ облысында арнайы басқарушы мемлекеттік органдардың қызметі қандай?
6. ҚОҚ облысында мемлекеттік экологиялық бақылаудың мақсаты.
7. ҚОҚ облысында мемлекеттік бақылаудың түрлері.
8. Мемлекеттік экологиялық бақылау қалай іске асырылады?
9. Инспекторлық тексерістің мазмұны мен түрлерін атаңыз?

1.8. Өндірістік кәсіпорында табиғатты қорғау қызметін басқару

Өндірістік кәсіпорында экологиялық басқару проблемалары

Көптеген кәсіпорында болатын өнеркәсіптегі қазіргі экологиялық басқару жүйесін талдай отырып, келесі ішкі проблемалары анықталады:

1. Кәсіпорын басшылары экологиялық проблемаларды төменгі деңгейлі мәселелерге жатқызады, экологиялық қызмет қаржыны көп талап ететін қызметтер түріне жатқызады.

2. Жеке іспен айналысатын өнеркәсіптерде экологиялық қызмет жұмыс атқармайды. Эколог маманының орнында басқа мамандар жұмыс істейді.

3. Профессионалдық кадрлармен қамтамасыздандыру деңгейі төмен, кадрларды дайындау және оқыту процедуралары да, оқыту бағдарламалары да жоқ.

4. Экологиялық мәселелерді шешу барысында аз шығынды және шығынсыз әдістерін пайдалану үшін жүйелік жолдары жоқ.

5. Неғұрлым таза өндірістерде, технологияларда және экологиялық басқарулардағы жана әдістер туралы ақпараттарға қол жеткізудің қиындығы.

6. Кәсіпорынның табиғатты қорғау қызметін жаңарту мен бірінші орындағы экологиялық проблемаларды шешу үшін қаржы ресурстарын пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы.

Өндірістік кәсіпорындарында бұл жоғарыда аталған проблемалар неғұрлым тез шешілсе, берілген территорияда экологиялық мәселелерді шешу деңгейі соғұрлым жоғарылай түседі.

Өндірістік кәсіпорындарында экологиялық басқару саласындағы құқықтық ережелер

Кәсіпорындағы экологиялық басқарудың мақсаты – қоршаған ортаның жағдайына өндірістер мен шығарылған өнімнің зиянды әсерін шектейтін нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыздандыру және табиғи ресурстарды рационалды пайдалану, оларды қайта қалпына келтіру мен жаңғырту.

ҚР Экологиялық кодексінің ережелеріне сәйкес, технологиялық процестерді, өндірістік объектілерді және кәсіпорындарды жобалау этаптарының өзінде, қоршаған ортаның сапасының нормативтерінің ұстануын қадағалау, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру мен утильдеу, аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды қолдану, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану, оларды қайта қалпына келтіру мен жаңғырту керек.

Санитарлық-эпидемиологиялық және мемлекеттік экологиялық сараптамалардың оңтайлы шешімі жоқ болған жағдайда, жобаларды реализациялауға және қаржыландыруға тыйым салынады.

Жобаларда қарастырылғандай, толық көлемде бүкіл экологиялық талаптарының орындалу шарттарына қарай, кәсіпорын эксплуатацияға енгізіледі. Қоршаған ортаның сапасының нормативтерінің сақталуын қамтамасыздандыратын төгінділер, шығарындылар және қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, утильдеу мен тазарту бойынша қондырғылардың болмау себебінен кәсіпорын эксплуатацияға енгізілмейді, сонымен қатар, жобада қарастырылғандай, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану, оларды қайта қалпына келтіру мен жаңғырту және жерді рекультивациялау бойынша жұмыстардың аяқталмауы кәсіпорынның эксплуатацияға енгізілмеу себептері болады.

Кәсіпорынның эксплуатациясын жүргізетін табиғатты пайдаланушының жауапкершіліктері:

1. Экологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуы бойынша жұмыстарын жүргізу;

2. Кәсіпорындарында қоршаған ортаны қорғау бойынша бекітілген құжаттарды енгізу, кәсіпорынның бүкіл қызмет көрсету бойынша, мемлекеттік органдарға бекітілген есептерді уақытылы көрсету.

3. Мемлекеттік бақылаушы органдардың инспекция қызметтеріне қол ұшын беру және бекітілген уақытта заңды қағаздарда көрсетілген жұмыстарды орындау.

Әр объектіде табиғатты пайдаланушы:

1. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізе алатын және ұйымдастыра алатын жауапты жұмыскерді тағайындау немесе арнайы топты құра білу керек;

2. Қауіпсіз жағдайда қондырғыларды сақтай білу керек;

3. 5 жылда бір рет қарастырылатын қоршаған ортаны қорғау бойынша нормативтік-техникалық құжаттарды өңдей және бекіте білу керек;


4. Айқындалған кемшіліктер мен оларды жөндеу мерзімі көрсетілген техникалық және экологиялық тексеру журналын толтыра білу керек;

5. Экологиялық қауіпті объектілерде жұмыс жүруі туралы арнайы ережелерді, сонымен қатар, апаттық жағдайларды алдын алу шараларының жобасын өңдей білу керек.

Кәсіпорынның экологиялық қызметі

Кәсіпорынның экологиялық қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылайтын және реттейтін орган болып саналады. Оның жұмысы «Кәсіпорындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы типтік ережелерге» сәйкес ұйымдастырылады.

Кәсіпорынның экологиялық қызметінің екі негізгі функцияларын бөлуге болады:



10-сызба. Кәсіпорынның экологиялық қызметінің негізгі функциялары

1. **Сыртқы** – қоршаған ортаны қорғау саласындағы жалпы реттеу, с.с. қоршаған ортаны қорғауды қалалық территориалдық басқарудың облыстық басқарулармен, әртүрлі ведомствалық экологиялық қызметтердің басқа кәсіпорындармен өзара қарым-қатынастары.

2. **Ішкі** – кәсіпорын ішіндегі қоршаған ортаны қорғау бойынша жалпы жұмыстарды реттеу.

Кәсіпорында экологиялық қызметте жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны бірден 3-4 адамға дейін болады, өйткені, қызмет түріне және кәсіпорынның қуаттылығына байланысты.

Олардың ішінде су мен ауа орталарын бақылау бойынша инженерлер, инженер-технологтар, сонымен қатар, өндірістік қалдықтарды басқару бойынша инженерлер жұмыс істейді.

Ірі кәсіпорындарда басқару құрылысы төмендегідей болады:

1. Бөлім басшысы (сол сияқты қоршаған ортаны қорғау бойынша басты инженер немесе жетекшінің орынбасары болады);

2. Ауа, су және қалдықтар бойынша инженерлер.

Кәсіпорында мұндай табиғатты қорғау қызметін ұйымдастыру кезінде атмосфераға зиянды заттардың шығуы

бойынша негізгі функциялар, локальдық тазарту қондырғылардың эксплуатациясы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік бөлімдердің қызметі күшейеді, табиғатты қорғау қызметінің реттелуі, табиғатты қорғау шараларын жобалау жақсарады.

Өндірістік экологиялық басқарудың маңызды функциясы болып *өндірістік экологиялық бақылауды және өндірістік мониторингті* жүргізу болып табылады.

Өндірістік экологиялық бақылау кәсіпорынның экологиялық саясаты бойынша шешім қабылдау үшін, қоршаған ортаның сапасының мақсаттық көрсеткіштері үшін, қоршаған ортаға кері әсер ететін өндірістік процестерді реттеу аспаптары үшін ақпараттарды алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өндірістік экологиялық бақылау табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Өндірістік экологиялық мониторинг кәсіпорынның қоршаған ортаның компоненттеріне әсерлері туралы объективтік ақпарат алу үшін өндірістік экологиялық бақылаудың элементі болып табылады.

Тиімді өндірістік бақылау үшін *операциялық мониторинг*, қоршаған ортаға *эмиссия мониторингі* және *әсер ету мониторингі* орындалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорында экологиялық басқару проблемалары қандай?
2. Құқықтық экологиялық талаптарды атаңыз:
 - а) Кәсіпорынды жобалау этабында;
 - б) Кәсіпорынды эксплуатацияға енгізу кезінде.
3. Кәсіпорынның эксплуатациясын жүргізетін табиғатты пайдаланушының жауапкершіліктері.
4. Кәсіпорында қоршаған ортаны қорғау саласындағы табиғатты пайдаланушының міндеттері.
5. Кәсіпорынның экологиялық қызметінің функциялары.
6. Кәсіпорында өндірістік бақылаудың мақсаты қандай?
7. Кәсіпорындағы өндірістік мониторингтің міндеті.

1.9. Экологияның тәуекелділікті төмендету әдістері мен бағалау

Қазіргі заманғы техникамен жабдықталған қарқынды өндірістер мен қызмет көрсету орталықтардан техногендік апаттар саны көбейе түсуде. Бүкіл ірі өндірістік апаттардың – 56%-ы осы соңғы 10 жылда болды, соның ішінде 1/3 – соңғы 15 жылда.

Сонымен қатар, апаттар салдары адам өміріне өте қауіпті бола бастады. Уиндскейлдегі (Великобритания) АЭС-тегі апатта 500 мың км² аудан зиян шегіп, 13 адам мерт болды; «Три Майл Айленд» (АҚШ, 1979 ж.) апат салдарынан 1 млрд. долл. зиян шекті, Чернобыльдегі АЭС-тегі апатта 30 адам мерт болып, 115 мың адам қауіпсіз жерге көшірілді, 17 млн. адам қауіпті зонаға кірді. Мұнай өндіретін кәсіпорындарында жыл сайын болып тұратын 60 шақты апаттар салдарынан 100-150 адам мерт болып, 100 млн. долл. зиян шегеді.

Апаттардың тәуекелділігін бағалау.

Апатты алдын ала ескеруге тиімді шараны таңдау үшін олардың пайда болу тәуекелділігінің сандық бағасы керек. Өндірістік қалдықтарды, транспортты, жанатын және атылатын қауіпті жүкті сақтайтын орындар мен химиялық және металлургиялық кәсіпорындар үшін экологиялық қауіптіліктің ықтималдылық бағасы керек. Жобалауда, құрылыста, тасымалдау түрлерін таңдауда, энергиямен қамтамасыздандырғанда және өндірістік технологияларда тәуекелділіктің бағасының нормативтік әдістемелері қажет болады.

Апат қауіпін әрдайым бағалап тұру қажет, өйткені ол тек жобалық параметрлерге ғана байланысты емес, сондай-ақ ағымдағы жағдайға, ал ең бастысы, басқару әрекеттердің үйлесіміне, үрдісті болдыру параметрлеріне, персонал және жабдықтардың жағдайына, сыртқы шарттарға да байланысты. Апатты қауіп үрдісі мен оны бақылау кезінде ескертуге болады. Апатты жағдайларға, олардың себептері мен салдарына және де апатты-құтқарушы жұмыстардың жүру барысына әрдайым талдау жасау қажет.

Технологиялық апаттардың себептері:

– қауіп көзінің болуы (жоғарғы қысым, жоғары температура, платиналар, жарылу қауіптілігі, оңай жалындатқыштық, радиация, улы заттар);

– қауіп факторларының әсері (жарылыс, радиациялық әсер, токсикалық заттардан тазалау, су ағынының қуаттылығы, қауіпті жүктерді тасымалдау);

– қызмет көрсету персоналының қателігі;

– жабдықты даярлау және орнату кезіндегі конструктивті қателер;

– адамдардың біріккен жұмысы кезіндегі ақпараттың ескіруі.

Жану және жарылу қауіпі жанғыш-майлағыш материалдарды, шикізат пен өнімді қоймаға жинау жүйесін, оңай жанатын құрылыс және сылау конструкцияларды қолданудан, өртке қарсы жүйелердің болуы, электр жүйелерін изоляциялау деңгейін, сваркі жұмыстарын қолданғаннан, жұмыстың зерттеу режимін жүргізуден, жоғарға температуралық орталардың болуы, жоғарғы қысым, агрессивті материалдарды пайдаланғаннан болады.

Өнеркәсіптердің әртүрлілігінен қауіпті бағалауды унификациялау тіпті мүмкін емес.

Қауіпті (кескінді) формалы түрде бағалаудың негізінде жергілікті қауіптердің зерттелу кестесі жатыр. Кестеде бағалау 2 топтан тұрады:

– *үрдіс параметрлері бойынша қауіпті бағалау;*

– *жағдайларға байланысты қауіпті бағалау.*

Қауіпті бағалаудың 1-тобын зерттеушілер технологиялық режим: жылдамдық, қысым, температура, қашықтық, салмақ, діріл және т.б. параметрлер мәндерінің интервалдары апатты болуы мүмкін деп айтады. Қауіпті бағалаудың бұл тобы кәсіпорынның жеке агрегаттары мен учаскелерінен құрылады.

Қауіпті бағалаудың 2-тобы технологиялық үрдістің бірнеше параметрлері мәндерінің комбинациясы (араласуы) апатты болуы мүмкін деп зерттеушілермен айтылған. Бұл жәйттердің жинағы имитациялық (жасанды) зерттеу базасында құрылған.

Қауіпті бағалау үшін бірнеше деңгей қолданылуы мүмкін, олар қондырғы жағдайына байланысты бағалау мәнінің өсуін, персонал квалификациясын, сыртқы шарттар, сондай-ақ автоматты қорғаныс жүйесін қолдану, үнемі бақылау және апатты ескерту негізінде бағалау мәнінің төмендеуін қарастырады.

Қауіпті жергілікті бағалау базасында кешенді бағалану есептелінеді:

$$r = \sum_{i=1}^n (r_i + \Delta_i)$$

мұнда r_i – қауіпті жергілікті бағалау; Δ_i – қауіпті жергілікті бағалауды түзету.

Қорытынды бағалау пессимистік (кепілді қауіп), оптимистік (жақсы бастамаға үміт) және байыпты (шынайы көзқарастар) болып құрылады. Олардың үйлесімі қауіпті нақты бағалауға, қауіпті минимизациялау үшін, қорғаныс құралдары мен тәсілдерін таңдауға мүмкін болатын әртүрлі әрекеттер әсерінен апатты жағдайлардың салдарын талдауға мүмкіндік береді.

Технологиялық апаттардың туындауы мүмкін:

- жарылғыш үрдіспен (минуттар);
- жылдамдатылып (сағаттар);
- ақырындап (күндер);
- білінбей (айлар, жылдар).

Апаттың туындауының бастапқы үрдісін қайтарыс, үзіліс, ақауларға үнемі бақылау жүйесі көмегімен белгілеуге болады.

Технологиялық апаттардың алдын алудың профилактикалық шараларының кешені.

Профилактикалық шаралар кешеніне жатады:

- апатты жағдайдың қайсы бір түрі туындағанда адамдар тобы және жеке қызметтер жұмыстарының графигін жасау;
- апат қаупі төнгенде іс-әрекет тәртібін персонал үшін әдістемелік материал түрінде және инструкцияларды даярлайды;
 - қондырғыны, қоймаларды және көлік құралдарын бақылау;
 - бөлмеде ауаның газдануын және атмосфераға шығатын шығарындыларды бақылау;
 - қала үкіметі мен құтқару қызметімен бірге шаралар ережелерін жасау;
 - апатты жағдайда персоналды іс-әрекеттерге оқытуды жүргізу.

Қызмет көрсететін персоналдың қателіктері апат себептерінің басты біреуін құрайды, сондықтан персоналды тренажерларда дайындау арқылы адам – көлік арақатынасын арттыруға шаралар кешені, жасанды модельдерде әрекетті талдау, жұмыс орындары эргономикасының жақсаруы қажет етіледі. Персонал психикалық тұрақтылық, тәртіптілік, профессионалды дайындық, шешім қабылдауға қабілетті талаптарына сай келу керек.

Қауіпті жүктерді тасымалдауды бақылау үшін орталық диспетчерлік жүйені қолданады. Әрбір мемлекет өз ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін арнайы заңмен анықтайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Технологиялық апаттардың себептері.
2. Қауіпті бағалау топтарын атаңыз.
3. Қауіпті бағалау топтары нені атқарады?
4. Қауіпті кешенді бағалау қалай анықталады?
5. Апаттың туындалуының бастамасын қалай анықтауға болады?
6. Апаттың алдын алу профилактикасы шараларының кешені.

2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ (ISO 14001)

2.1. Экологиялық менеджмент түсінігі

Менеджмент (ағылшынша *manage* – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. “Менеджмент” ұғымының мәні мен мазмұны “*басқару*” түсінігіне ұқсас.

Сонымен қатар менеджмент *жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру* сияқты қызметтерді атқарады. Ғылыми менеджменттің негізін салушы белгілі ағылшын ғалымы Фредрик Уинстоу Тэйлор (1856 – 1915). Оның еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару жүйесі алғаш рет АҚШ-та ХІХ-ғасыр мен ХХ-ғасыр тоғысында кең пайдаланыла бастады. Қазіргі замандағы менеджмент, негізінен, барлық экономикалық мектептердің тәжірибелері мен бағыттарының жетістіктерін қорытындылау арқылы дамуда. Менеджмент мақсат қоюға, жоспарлауға және саясатты қалыптастыруға міндетті. Ол үшін болжам жасайды. Менеджмент бойынша дәлелденген және жоспарланған операциялары бар ұйымдық құрылым жасау, адамдар арасында міндеттерді бөлу және жауапкершілік деңгейді белгілеу, нұсқау шығару мақсатында әртүрлі шешімдер қабылданады.

Қазақстанда менеджмент қағидаттары, тәсілдері, амалдары нарықтық экономиканың өркендеуіне сай кеңінен таралған.

Нарықтық экономикада *менеджмент* фирманы басқарудың негізгі формасы болады.

Менеджмент шешімдер қабылдап, оларды орындауға бағытталған жүйе. Материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану варианттарының мүмкіндігінше ең жақсы оптималдығын жүзеге асыру көзделеді.

Менеджменттің пайда болуы корпоративтік кәсіпкерліктің дамуымен байланысты. Осы болмыста, фирманың мүліктерін басқару қызметі меншік иесінің өкіліне – *менеджерлерге* көшеді.

Менеджер деп акционерлердің пайда алуын мақсат ететін, ақы алып фирма қызметкерін ұйымдастыратын жалдама жұмысшылар аталады.

Экологиялық менеджмент – экологиялық бизнес талаптарын орындау менеджмент шегінде ғана жүзеге асуға негізделген. Ол экологиялық маркетинг ережелері мен талаптарына сәйкес жүргізіледі. Менеджмент – барлық бизнес жүйесіндегі жұмыстарды үйлестіруші. Ал оны жүргізуші адамды – менеджер дейміз. Менеджер – өз ісінің шебері болумен қатар, білікті маман әрі экологиялық сауаты болуы керек. Өйткені ол бүкіл экологиялық маркетинг жүйесіндегі пайда табудың көзін қоғамның экологиялық-экономикалық мүддесіне лайықтап жүргізетін елінің патриоты болуы тиіс.

Бүгінгі ғаламдық-экологиялық мәселелердің ядросы адам баласының материалдық және моральдық қажетін өтеу болып табылады. Ол үшін табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың маркетингтік жүйесі іске қосылды. Оны өз деңгейінде түсінуіміз және нарықтық жағдайдағы бизнес екенін білуіміз керек.

Қоршаған орта деп табиғи объектілер, ресурстар, флора, фаунаны ғана емес, сондай-ақ адам мен ортаның барлық компоненттерінің ара қатынасын сыртқы ортада функционалды жүргізетін өнеркәсіп деп білуіміз керек.

Экологиялық менеджмент үшін ұжымды басқару сауалдарына және үнемі жақсару ұстанымына кешенді көзқарас тән. Ұжым жеке қарастырылмайды, айнала мен қоршаған ортаның сыртқы фактілерінің қарым-қатынасы жүйесінде қарастырылады. Бұл компанияға ұжымның нарықта тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіншіліктердің қашанда табылуына жол береді, бір жағынан, өндірістік әрекеттердің басқалармен байланысында экономикалық және экологиялық қауіптердің төмендетілуі үшін де қажет. Экологиялық менеджмент жүйесін енгізудің басты мақсаты – іс-әрекеттің экологиялық тиімділігін жақсартуға бағытталған басқару жүйесін құру болып табылады.

ISO 14000 стандартына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі – жалпы менеджмент жүйесінің бір бөлігі, оған ұйымның құрылымы, қызметті жоспарлау, жауапкершілікті бөлу, тәжірибелік жұмыс, сондай-ақ экологиялық саясатты, мақсаттарды және міндеттерді әзірлеуге, ендіруге, оларды іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға және

оларды жетілдіруге қажетті рәсімдер, үрдістер және ресурстар кіреді. ISO принциптеріне сәйкес жасалған экологиялық менеджмент жүйесі кәсіпорынның экологиялық аспектілерін басқару үрдісін жетілдіруге жәрдемдеседі, ал бұл өз алдына қуат пен шикізатқа, қалдықтарды қайта өңдеуге және пайдаға асыруға жұмсалатын шығындарды айтарлықтай қысқартуға септігін тигізеді. Кәсіпорынның экологиялық қызметін толығымен қадағалаудың арқасында келеңсіз жағдайлардың пайда болу қаупі төмендейді, осындай жағдайларға байланысты болатын шығындар айтарлықтай қысқартылады.

Экологиялық менеджмент жүйесінің мақсаттары

- кәсіпорындар қызметінің экологиялық тиімділігін арттыру;
- кәсіпорындар қызметінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту;
- кәсіпорындар қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру;
- шығарылатын ластаушы заттардың көлемін азайту және оларды қайта өңдеу.

Экологиялық менеджмент жүйесінің міндеттері

1. Компанияның кәсіпорындар қызметінің экологиялық аспектілеріне байланысты болатын экологиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындауға негіз болатын Компания принциптері мен міндеттемелері сипатталатын экологиялық саясатты әзірлеу және қабылдау.

2. Экологиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар мен іс-әрекеттерді реттеуге және жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін экологиялық қызметті жоспарлау.

3. Ішкі және сыртқы экологиялық қызметті ұйымдастыру. Бұл міндеттің мәні – тұтынылатын материалдық және энергетикалық ресурстардың көлемін және шығарылатын ластаушы заттардың көлемін (атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың, қалдықтардың, тұтынылатын аса зиянды заттар мен материалдардың көлемін, т.б.) барынша азайтуға бағытталған, жоспарланған және жоспарланбаған (қосымша) іс-әрекеттер мен іс-шараларды жүзеге асыру.

4. Қызметкерлерді ынталандыру, бұл қызметкерлерді қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану қызметіне кірістіруге мүмкіндік береді.

5. Кәсіпорын жұмысының жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуын алдын ала анықтау мақсатында ішкі экологиялық мониторинг және экологиялық қадағалау жүргізу.

6. Экологиялық қызметтің нәтижелерін талдау және бағалау. Көрсеткіштерді тандау, деректерді жинау және талдау арқылы, экологиялық тұрғыдан кәсіпорын нәтижелілігінің критерийлері жөніндегі ақпаратты бағалау, есептілік дайындау және ақпаратпен алмасу арқылы, сондай-ақ үнемі осы үрдісті қарастыру және жетілдіру арқылы ұйымның экологиялық тұрғыдан нәтижелілігіне қатысты басқару жөніндегі шешімдерді қамтамасыз ету функциясы.

Экологиялық менеджменттің негізгі сфералары.

Өндіру және тұтыну үрдісінің экологиялық қауіпсіздігі, ресурстарға және экологиялық қауіптерді минимализациялау деңгейлерін көтеру әдістерін негіздей отырып, *экологиялық менеджмент*: компаниялар үшін – шегерімдерді үнемдеу аумағындағы мүмкіншілікті қалыптастыруды, жаңа экологиялық нарықты үйренуді, осы негізде бәсекелестікті көтеруді; мемлекеттер мен региондар үшін – қазіргі және болашақ ұрпақтар көзқарастарын есепке ала отырып, қоршаған табиғи ортаның сапасын көтеруді; табиғаттың өзіне – биоалуантүрлілікті және табиғи ресурстардың байлығын қолдануды қарастырады.

Менеджмент құрылымы үш бөлімнен тұрады:

- өндірістік менеджмент;
- қаржы менеджменті;
- нарықтық (өткізу) менеджмент немесе маркетинг.

Өндірістік менеджмент белгілі көлемде, белгіленген сапада, келісімді мерзімде және шығындарды барынша төмен жұмсап, тауарлар өндірумен айналысатын басқарушы қосалқы жүйе болып табылады.

Қаржы менеджменті фирманың қаржы құралдарының қалыптасуын табыстардың барынша мол болуын және шығындардың барынша аз болуын қамтамасыз ететін қосалқы жүйе.

Нарықтық менеджмент – маркетинг – бұл нарыққа бағытталған фирманың коммерциялық қызметтерін басқару болады. Маркетинг нарықтарды тандау үшін, нарыққа кірудің уақыты мен әдістері үшін, жаңа өнім жасалуы үшін, тауардың нарықтағы жылжуы үшін, баға саясаты үшін жауапты болады.

Экологиялық менеджмент жүйесін ендіру кезеңдері

- Бастапқы жағдайды бағалау;
- Экологиялық менеджмент жүйесін ендіруді жоспарлау;
- Мақсаттар, міндеттер қою және бағдарламаларды әзірлеу;
- Мониторингжүргізу (бақылау жүйесі);
- Нәтижелілігін бағалау;
- Экологиялық менеджмент жүйесіне ішкі аудит жүргізу.

Экологиялық менеджмент әдістері, тиісті стратегиялар, бағдарламалар мен құрылымдар, практиканың іске асуын, сондай-ақ қолжетім нәтижелерге бақылау жасау арқылы экологиялық мақсаттардың орындалуын, жақсаруын қарастырады. Бұл әдістер басқарудың барлық деңгейіне қатысты: ұжымдардың әртүрлі формалары – кіші және ірі кәсіпорындарға, олардың бөлімшелеріне, пайдасыз ұжымдарға, муниципалитеттерге, аймақтарға, мемлекеттер мен олардың интеграционды топтамаларына, трансұлттық корпорацияларға, т.б. Осыған орай экологиялық әсердің орасан бөлігі, оның ішінде экологиялық жауапкершіліктің негізгі үлесі кәсіпорындарға артылады, олардың күш салысуы бірінші кезекте адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының экологиялық жағдайына байланысты. Сондықтан, экологиялық менеджмент жүйесіндегі орталық орындардың біреуі *корпоративті экологиялық менеджментке* (КЭМ) бөлінеді.

Корпоративті экологиялық менеджмент жүйесінің түсінігі

Фирманың экологиялық стратегиясының өңдеуі барысында анықталған мақсатты құрылғыларға қол жеткізу және іске қосу үшін кәсіпорын корпоративті экологиялық менеджмент жүйесіне сәйкес болуы керек. Корпоративті экологиялық менеджмент (берілген анализ деңгейінде) – қоршаған ортаны қорғау кәсіпорны басқармасының жүйесі, ресурсжинақтаушы, экологиялық мақсат пен тапсырма орнату қатысымен өңделген өнімнің тұтыну және өндірілу, ресурстарды орналастыру, міндеттерді тағайындау жауапкершілігін, сондай-ақ тиісті әдістерді, процедураларды, үрдістерді үнемі бағалаудың экологиялық қауіпсіздігі ретінде анықталады. Берілген жүйе –

қоршаған ортаны қорғау, ресурсжинақтау, экологиялық қауіпсіздік пен өндіру және тұтыну үрдістері деңгейін көтеру бойынша фирманың қойған мақсаттарына жетуге ықпал ететін маңызды құралдар (11-сызба).

Егер КЭМ жүйесіне фирманың алға басатын қадамдарының ретінің анализіне келетін болсақ, онда оның құрылуы бірінші реттік экологиялық шолу құрылуынан кейін болуы керек және осы негізде анықталуы тиіс,

Фирманың экологиялық стратегиясы (саясат) мен КЭМ жүйесін енгізуді өңдеу бойынша міндетті шешімді қабылдау
Экологиялық саясаттың артықшылықтарын дәлелдеу және анықтау
Стратегиялық экологиялық жоспарлануды ақпаратпен қамтамасыз ететін бастапқы экологиялық көріністі құрастыру (фирма қызметінің экологиялық аспектілерінің фотосуреттері)
Корпоративті экологиялық стратегияны (саясатты) дәлелдеу және қабылдау
КЭМ жүйесінің – экологиялық мақсаттар мен тапсырмаларын анықтау, сондай-ақ ішкі бөлімшелер мен персонал арасындағы міндеттерді, жауапкершілік пен өкілді тағайындау жолымен құру
Фирманың экологиялық саясатының маңыздылығын түсінуге қажетті кәсіби мамандармен қамту, қызмет ететін персоналды оқыту жүйесі
Фирманың стратегиялық-мақсатты және ағымдағы жоспарлы экологиялық көрсеткіштеріне жетуге қызмет ететін қоршаған ортаны қорғау, ресурсқорғау және экологиялық қауіпсіздік бойынша ағымдағы жоспардың іс-әрекеттерін өңдеу
Оперативті бақылау және мониторинг
Мақсатты және жоспарлы экологиялық көрсеткіштердің іске асуының және олардың тиімділігінің нәтижелеріне экологиялық аудит жүргізу
КЭМ жүйесінің тиімділігіне мақсатты экологиялық көрсеткіштердің – экологиялық саясаты, КЭМ жүйесі, сондай-ақ ҚОҚ бойынша ұсынысты өндеп, жоспарға түзетулер өндіру арқылы негізделуіне аудиторлық қорытынды жасау

11-сызба. КЭМ жүйесінің негізгі құрылымдық элементтері және оның құрылу этаптары

Сонымен қатар, фирманың ішкі және сыртқы ортасының экологиялық саясатының анализдерінің қорытындысына да байланысты болып тұр. Осыдан кейін барып КЭМ жүйесінің өзі құрылады.

КЭМ жүйесінің құрылуынан кейін жаңа этап басталады – персоналды оқыту, бұл кәсіпорын жұмысшыларына экологиялық саясаттың және өкілдердің маңыздылығын түсіндіру болып табылады. Одан кейін қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-әрекеттердің оперативті жоспарлары құрылады, оның орындалуын қадағалайтын оперативті бақылау мен мониторинг жүргізіледі, ең аяғында фирманың жоспарлы және мақсатты экологиялық көрсеткіштерінің маңыздылығына, табиғат қорғау шараларының маңыздылығына және тиімділігіне аудиторлық тексерулер жүргізіледі. Өз алдына аудиторлық тексерулердің қорытындысын корпоративті басқару бөлімшелеріне, процедураларды және процестерді түзетуге немесе анықтауға пайдалануға болады.

Көрсетілген стратегиялық және оперативті экологиялық жоспарлар мен басқарулардың реттік этаптары және олардың мазмұнды сипаттамалары, бүгінде қоршаған ортаны қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті, ресурс-қорғауды алдына мақсат қойған және де активті экологиялық саясатты жүргізетін көптеген кәсіпорындарда іске асып жатыр. Қазіргі уақытта КЭМ жүйесіне көптеген халықаралық және ұлттық стандарттардың негізінде осы әдіс маңызды роль атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық менеджмент дегеніміз не?
2. Экологиялық менеджмент жүйесінің сыртқы ортасының түсінігі.
3. Экологиялық менеджменттің негізгі сферасы қандай?
4. Корпоративті экологиялық менеджменттің анықтамасы.
5. Корпоративті экологиялық менеджменттің негізгі құрылымдық элементтері мен құрылу этаптары.
6. Корпоративті экологиялық менеджменттің этаптарының әрқайсысына талдау жасаңыз.

2.2. Экологиялық менеджмент эволюциясы

Әлем қоғамдастығындағы алдыңғы елдермен қатарлас деңгейге шығуға ынталана отырып, Қазақстан орнықты дамуға, қазіргі кезде халықаралық қоғамдастықжылы қабылдайтынжәне кәсіпорындардың өзінің және олардың өнімдерінің сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы экологиялық менеджмент технологиясына көшуге ұмтылуы тиіс.

70-80-жылдар аралығында табиғатты қорғау инспекциялардың жігерлері реттегіш жүйелерді құрастыру үшін зейінделген болатын, қалдықтар мен төгінділердің пайда болуы және ресурстарды пайдалану деңгейіне байланысты кәсіпорындарға талаптар қойыла бастады. Табиғатты пайдалану мәселелері бойынша бұл жүйенің талаптарына сәйкес, табиғатты қорғау шаралары ірі қаржы жарнасын керек етті. Бұл берілген шаралардың мақсаты табиғи ресурстарды пайдаланудың және ластаудың рұқсаттық деңгейлеріне қол жеткізу болатын. Қазақстан да АҚШ, Жапония және Батыс Еуропа сияқты дамыған елдерде қазіргі кезде де бұл жүйе өте маңызды орын алып отыр. Үкіметтің және мемлекеттің табиғатты қорғау инспекторлық-бақылау құрылысының ресурстарды пайдалану және ластау сипаты мен масштабын реттеу мүмкіндігі мен ұмтылыстарын көрсетуге бұл жүйенің керектігі анық.

Экологиялық бақылаудың командалық-әкімшілік модельдің ең үлкен кемшілігі – біріншіден, өндірістік ортада үнемі қақтығыстарға және одан кейін экологиялық талаптардың бойкотына әкеп соқса, екіншіден, атқамінерлер ортасында коррупцияның өсуіне әкеледі. Өндірістердің шығынының өсуі экономикалық дамудың себепшісі болып отыр.

Көптеген кәсіпорындар қоршаған ортаны ластанудан қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану үшін төлем ақыны төлеуге құштарлықтары жоқ екені ешкімге құпия емес. Бірі – бұл мәселеден мысалға, қымбат құрал-жабдық сатып алып қашса, енді бірі – құпия түрде нақты қоршаған ортаны ластау деңгейін сақтайды. Осыдан – бұзушылықтар, рұқсатсыз, «түнгі» және апаттық төгінділер мен шығарымдылар орын алады.

Мүлтіксіз деген, командалық-әкімшілік реттеу жүйесі қоршаған ортаны ластанудан қорғауда тиімді болмайды, өйткені, экологиялық мәселелерді шешу мен серіктестік үшін мүмкіндікке қол жеткізе алмайды.

Бұдан басқа тағы бір үлкен проблемалардың бірі, экологиялық бақылау мен басқарудың бақыланатын командалық-әкімшілік жүйесінің тиімділігі жоғары болғанымен, кәсіпорындардың экологиялық әсерлері 15-20%-дан аспайды. Экологиялық реттеу жүйесінің тиімділігінің төмендігінің себебі, олардың проблемалары мен мүмкіндіктеріне байланысты экологиялық аспекті-лердің 80% реттеу сферасының сыртында қалып қояды. Оларға парник газдарының түзілуі, климаттың өзгеруі, биоалуантүрліліктің қысқаруы, энергияны сақтау, реттелмейтін токсикалық заттектер сияқты т.б. глобальдық проблемалар жатады. Дегенмен, командалық-әкімшілік жүйе соңғы он жылдықта ең маңызды рөл атқарғанымен, көптеген сараптамашылардың көзқарастары бойынша ХХІ ғасыр экологиялық мәселелерді болдырмауда және шешуде қабілетсіз деген шешімде.

Экологиялық менеджментінің идеясы қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен баланс сақталған кезде қоршаған ортаны қорғау және қоршаған ортаның ластануын болдырмау бойынша шараларды қолдау.

Экологиялық менеджмент жүйелері мүдделі тараптардың кең ауқымда қоршаған ортаны қорғауға қатысты қажеттіліктеріне айналды.

2006 жылы желтоқсан айының аяғына дейін әлемде ISO14001:2004

бойынша 140елде және экономикалық жүйелерде 129199кем емес сертификат-тары берілген болатын.

Ең алғаш рет экологиялық менеджменттің қажеттілігі туралы Брутланд комиссиясының баяндамасында («Наше общее будущее» (1987ж)) айтылды. Нарық талаптарында тұрақты дамуға қол жеткізу үшін экологиялық менеджмент ең тиімді аспап деп танылған. Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарттарды өңдеудегі қажеттілік, ішкі себептермен пайда болды, ол – глобализация.

Экологиялық менеджмент жүйесінің артықшылықтары:

- компания беделінің өсуі

- апат жағдайларын басқару
- заңнамадағы өзгерістерге жеңіл бейімделу
- бақылау органдары тарапынан айыппұлдар санын азайту
- тендерлердегі басымдылық

Экологиялық менеджмент жүйесін ұйымдастырудағы шетел тәжірбиесі

XX-ғасырдың 80-жылдарында ең алғаш рет компанияның үздік қызмет етуі үшін бүкіл маңызды мақсаттарды, операцияларды, қызмет түрлерін және басқару функцияларын орнату мақсатында корпоративтік басқару жүйесіне стандарттарды жасау идеясы туылды. 1979 жылы енгізілген және басылымға шыққан ең бірінші корпоративтік басқару жүйесіндегі ұлттық стандарт – *Британдық Стандарт (British Standard) BS 5750* болып отыр, ол сапаны басқару жүйесіне арналған стандарт. Бұл құжат тек қана бірінші халықаралық талап етілген стандарт болғанымен, сонымен қатар, ISO 9000 стандартын қоса, қазіргі заманда қолданылатын модельдердің және корпоративтік экологиялық менеджменттің стандарттарына да маңызды сипат берді.

Тарихи ең бірінші экоменеджменттің реттеу жүйесі ретінде «Жауапкершілік және сақтық бағдарламасы (*Responsible Care Programme – RCP*)» болып отыр. Халықаралық стандарт ретіндегі бұл берілген жүйе 1984 жылы Канадада қабылданды, содан АҚШ-тың химиялық кәсіпорындар арасында кең тарала бастады, одан әрі ол Еуроодақ мемлекеттердің химиялық өндірістерінде ене бастады. Оны енгізуге Канадалық химиялық өнімдерді өндірушілер ассоциациясы (СМА – Chemical Manufacturers' Associations) мен Великобритания Ассоциациясы көп ықпал етті. XX ғасырдың 90-жылдар аяғында бұл Бағдарламаның көптеген версиялары тағы жиырма шақты химиялық өндірістер ассоциацияларымен қабылданды, оның ішінде жалпы ұлттық та бар.

Бағдарламаның ең басты принциптеріне *өзін-өзі бағалау* және *ерікті қолдану* жатады. RSP (**Responsible Care Programme**) негізінде «*6 ережелердің жиынтығы*» (*Six Codes of Conduct*) жатыр, оның өзі 100-ден астам компаниялар

тәжірбиелерді жалпылау қорытындысы болып отыр. Бұл ережелерге: қоғамдық уайымшылдық, тосын жағдайларға жауап, қоршаған ортаны ластанудан сақтау, таралу процесі ретінде қауіпсіздікке қол жеткізу, персоналдың денсаулығын, қауіпсіздігін және шығарылатын өнімді бақылауға алу жатады. Бірақ та, бағдарламада бұл ережелерді сақтауға шарттар қойылмаған. Ең жалғыз шарт – кәсіпорынмен оларды толық сақтау уақытын анықтау.

Бағдарламада қатысуға бел буған кәсіпорындар басшыларға 6 базалық индикаторды құрайтын есеп беріп отыру керек, оның ішінде: қоршаған ортаны қорғауға мөлшерлік шығын; бағаланған, өндірістің қауіпсіздік деңгейі, соның ішінде, өндірістегі төтенше жағдайлар саны бойынша; ластану және шығарындылар көлемі, соның ішінде, қалдықтарды орналастыру туралы ақпараттар; энергияны пайдалану.

RCP туралы қатал ескертулерге қарамастан (компаниялармен дұрыс емес ақпараттардың таратылуы), бүгінгі кезде бұл бағдарламаны көптеген елдерде химиялық өндірісте қолданады. RCP артықшылықтары:

– ұлттық заңдылықтарына байланысты алдын ала ескерту әдістемелерін іске асыру (соның ішінде, қауіпсіздік, тұрғындар үшін компанияның қызметі туралы ашық ақпараттар бойынша), оның өзі артық шығындар ауыртпалықтарын болдырмауға (немесе азайтуға) мүмкіндік беруі;

– арнайы ұйымдардың болуы (ұлттық химиялық өнеркәсіп ассоциациялары);

– аудиторлық тексерулерді жүргізу бойынша міндет артатын талаптардың болмауы.

BS 7750 Британдық стандарты

BS 7750 Британдық стандарты – халықаралық және экологиялық менеджменттің негізгі принциптерін қамтитын тарихи алғашқы стандарт, ол 1992 жылы баспаға алынды.

Одан кейін бекітілген ирландық, испандық және канадалық стандарттар BS 7750 стандартына ұқсас болды.

Бұл стандарттың негізгі идеясы – эко-аудитті ұдайы жүргізу, жақсарту циклын үнемі жаңарту. BS 7750 стандартының негізгі талаптары мынадай:

✓ экологиялық саясат жағынан фирманың коммерциялық мақсаттары мен оның қоршаған ортаны қорғау саясатының арасындағы сәйкестікке орын болу керек, экологиялық менеджмент жүйесін ұйымдастыруда нақты және қатаң түрде рольдерді бөлу мен персоналдық жауапкершілік;

✓ қоғам жағынан бақылау мен тексерулер үшін менеджмент жүйесінің ашықтығы мен иілгіштігі және жүйені жақсарту бойынша ұсыныстарға жылдам реакциямен камтамасыздандыру;

✓ үнемі жақсарту циклының концепциясына негізделе отырып, компания өз алдына минималды түрде заңды талаптарды асу мақсатын қою керек;

✓ құжаттар мен есептер облысында: фирманың бүкіл жоспарлары мен стратегиялары, оның қоршаған ортаға әсерінің көрсеткіштерін, аудит қорытындысын, соған қоса, тұтынушылар мен серіктестіктерінен алынған ескертулерін есептерде көрсетіліп, құжат бойынша расталу қажет.

BS 7750 стандартының талаптарына сәйкес келесі активтерге инвентаризация қажет:

1) тұтыну инвентаризациясы (берілген уақыт ішіндегі фирма пайдаланған бүкіл материалдар ескеріледі, әсіресе, табиғи ресурстар және ерекше қауіпті субстанциялар, соның ішінде, қауіпті заттардың қоры);

2) фирмамен шығатын барлық өнімнің инвентаризациясы, өнімнің өмірлік циклын есепке ала отырып;

3) суға төгілген төгінділердің, атмосфералық ауаға шыққан шығарылымдардың, орналасқан қалдықтардың инвентаризациясы және қоршаған ортаның жағдайына әсерін бағалау.

Одан кейін материалдық баланс жағынан жоғарыда көрсетілген активтер қайта есепке алынады (бұл талапты орындағанда бұған дейін анықталмаған ластаушы заттар ағынын анықтауға болады); қоршаған ортаның жағдайына фирманың қызметінің жапы әсерін есептейді; бұл әсер ету механизмін анықтайды (бұл жағдайда, экологиялық өмірлік циклын талдау (LCA) ескертіледі); өндірістік, сақтау, тасымалдау, қалдықтарды орнату процестері зерттеледі, соның ішінде, шығарындылар жағдайлары және апаттық жағдайлар қарастырылады.

XX-ғасырдың 90-жылдар ортасынан экологиялық басқарудың халықаралық практикасында *EMAS жүйесі* (эко-менеджмент пен эко-аудиттің еуропалық жүйесі) және эко-менеджмент халықаралық *ISO 14000* жүйесінің бөлшегі болатын *ISO 14001* жүйесі кең тарала бастады.

ISO 14000 стандарттарын өңдеу процестері өте көрсетілімділік процестердің бірі. Арнайы *техникалық комитеті* (Technical Committee) бар, қоршаған орта бойынша *Стратегиялық кеңесшілер тобынан* (Strategic Advisory Group on the Environment) құрылған, *Халықаралық стандарттау ұйымы* (International Standardization Organization) бұл жұмыс ортасында жүрді. Стандарттарды өңдеу және жаңарту процесіне 50 мемлекеттен мамандар мен сарапшылар, стандарттар бойынша ұлттық үкіметтер және комитеттер, бизнес пен экологиялық қозғалыс өкілдері қатысты.

EMAS эко-менеджмент және эко-аудит стандарттарының халықаралық жүйесі.

Қазіргі замандық экологиялық менеджмент тәжірбиесінде 2 жүйе маңызды роль атқарады: Еуроодақта қабылданған *EMAS – экологиялық менеджмент пен аудиттің жүйесі* (*Eco – Management and Audit Scheme*) және *ISO 14000* халықаралық стандарттарының жүйесі. 3-кестеде олардың қысқаша салыстырмалы талдауы берілген.

3-кесте.

Эко-менеджмент пен эко-аудиттің негізгі стандарттық жүйелері

<i>Белгілері</i>	<i>EMAS</i>	<i>ISO 14001</i>
Қабылданған жылы	1993/1995	1996
Әсер ету масштабы	Еуропалық Одақ	Бүкіл әлем
Салалары	Бәрі (2001 ж. сәуір)	Бәрі
Зерттеу заты	Өнеркәсіп орны	Өнеркәсіп және оның ұйымдары
Баспалық міндеттемесі	Экологиялық декларация	Экологиялық саясат

1993 жылы EMAS стандарты Еуропалық Одақ, Норвегия және Исландия мемлекеттері үшін арналып, Еуропалық комиссиямен алғаш рет баспадан шықты. 1995 жылдан бастап бұл мемлекеттердің фирмаларына берілген жүйеге қосылуға ресми түрде рұқсат берілді. Ең басында бұл стандарт өндірістік кәсіпорындарға арналған болатын.

Бірақ та, кейіннен Еуропалық Одақ мемлекеттерінде, қоғамдық секторларында және орман мен ауылшаруашылықтарында қолданысқа енгізіле бастады. EMAS стандарты жазылған талаптарды, соның ішінде, бірінші реттік экологиялық шолу мен аудит процедураларды сақтау бойынша ISO 14000 стандартымен салыстырғанда мамандардың ойы бойынша EMAS стандарты қатаң және формализацияланған стандарт болып есептеледі. Бұл жағдайлар оның бәсекелестік қасиетін және қызықтырғыштығын төмендетеді деп есептеледі.

EMAS стандартын пайдалану тәжірбиесін талдай отырып, EMAS стандартының айқындалған версиясы 2001 жылдың сәуір айында қабылданды. Бұл версияда стандарттар өндірістік емес кәсіпорындарға жол ашылып, кіші және орта кәсіпорындардың ерекшеліктері есепке алынып, сонымен қатар, экологиялық реттеу саласындағы сертификат сәйкестігін алған кәсіпорындар үшін пайда көрсетілген.

EMAS стандартының негізінде қоршаған табиғи ортаға келтірілген зияны үшін айыпты жақтың есебінен экономикалық зиянды компенсациялау принципі жатыр. Қоршаған ортаны сақтау үшін ұйымдар өз мойнына жауапкершілік алады және бұл қызметті үздіксіз жақсартуға тырысады (ЕО «Экологиялық аудит туралы» жарлығының 1-бабы). Еуропалық жүйеге өту үшін кәсіпорындарға келесі этаптардан өту керек:

1. Бірінші реттік экологиялық тексеру.
2. Экологиялық декларация.
3. Экологиялық сараптама.
4. Экологиялық саясат.
5. Экологиялық менеджмент жүйесін құру.
6. Өндірістік экологиялық тексеру.

Экологиялық декларация жасаудың негізгі мақсаты – өндірісшілердің экология талабына сәйкес заттектер шығаруына септесу.

Экологиялық саясат– экологиялық жағдайды және елдің табиғи ресурстарын ұтымды жұмсауды қамтамасыз етуді басқару мақсатында мемлекетпен қабылданған арнайы саяси, экономикалық, заңнамалық және өзге де шаралардың жүйесі. **Мемлекеттік экологиялық саясаттың мақсаты**– экономиканың, қоғамның, табиғаттың үйлесімді, тепе-теңдікте дамуын қамтамасыз ету. Экологиялық саясаттың жалпы мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналуы (әскери, мәдени, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, ақпараттық және т.б. сияқты) дамыған елдерде 1970-1980-жылдары жүзеге асты және ол экология саласында дағдарысты құбылыстардың артуымен байланысты болды.

Кез келген мемлекеттің экологиялық саясатының негізін ресми қабылданған экологиялық мәселелерді шешудің жалпы тұжырымдамасы құрайды. Бұл тұжырымдама тікелей мемлекеттік экологиялық саясаттың сипатын және билік органдарының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы кешенінің экологиялық қырларына тәсілін айқындайды.

Еуропалық эко-аудит жүйесінің мүшесі екендігінің расталуы.

EMAS стандартының талаптарын орындайтын фирмалар және жүйеде өз ерікті қатысуға рұқсаты барлар Еуропалық эко-аудит жүйесінде жарнама мақсатында және қоғаммен байланыс үшін қатысу құқығын алады.

Берілген этаптардың қорытындысында пайда болған экологиялық менеджмент жүйесі жүйелік, аралық және объективтік экологиялық көрсеткіштердің аспабы болып саналады.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық менеджмент жүйесінің эволюциясы қандай?
2. Корпоративті экологиялық менеджмент жүйесін өңдеу үшін қандай құжаттар ең негізгі болып саналған?
3. BS 7750 стандартының негізгі талаптары.
4. EMAS және ISO 14000 стандарттары қашан қабылданды?
5. EMAS және ISO 14000 стандарттарына салыстырмалы баға беріңіз.
6. EMAS стандартының негізгі мазмұны.

2.3. ИСО 14000 Халықаралық стандарттары

Өнеркәсіптерде және компанияларда экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттары ISO 14000 серияларының пайда болуын – халықаралық табиғатты қорғау инициативтерінің ең маңыздысы деп атайды. Көптеген басқа табиғатты қорғау стандарттарына қарағанда, ISO 14000 стандарттар жүйесінде сандық параметрлерге (шығарындылар көлемі, заттектердің концентрациясы және т.б.) және технологияларға (нақты технологияларды пайдалану және пайдаланбау талаптары, «ең жақсы қол жетер технологияларды» пайдалану талаптары) бағытталмаған. ISO 14000 негізгі мәні болып экологиялық менеджмент жүйесі саналады – (environmental management system, EMS). Бұл стандарттардың типтік ережелері бойынша өнеркәсіпте анықталған процедуралар енгізіліп және сақталу қажет, нақты құжаттар дайындалып тұру керек, нақты сала бойынша жауапты бір адам бекітілу керек. Серияның негізгі құжаты – ISO 14001 қоршаған ортаға келтірілген әсерге ешқандай «абсолюттік» талаптарды құрамайды, бірақ бір ерекшелігі – кәсіпорын өзінің арнайы құжатында ұлттық стандарттарға сәйкес болу үшін тырысатынын хабарлау қажет.

Бұл сияқты стандарттар шарт бойынша, бір жағынан, ISO 14000 халықаралық стандарты бола тұра, ұлттық нормативтер қызметінің саласына қатыспауы керек. Ал екінші жағынан, ISO стандартының жол салушылары болып өнімнің сапасының «ұйымдастырушылық» әдістемелері саналады (мысалы, «Сапаны глобалдық басқару» концепциясы» – total quality management). Бұл әдістеме бойынша, сапаға қол жеткізу үшін, тиісті ұйымдастырушылық құрылысын түзу және өнімнің сапасы үшін жауапкершілікті бөліп беру керек.

ISO 14000 стандартын өңдеу туралы шешімі Уругвай раундының Бүкіләлемдік сауда келісімі бойынша және 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы қоршаған орта және даму бойынша жоғарғы деңгейдегі кездесуде қарастырылды. ISO 14000 стандарттары Халықаралық Ұйымдар Стандартизациясының (ISO) 207 Техникалық комитетімен (ТС 207) өңделді. Стандарттар үшін үлгі ретінде 1992 жылы

баспадан шыққан BS 7750 британдық стандарты саналды, бұл стандартты іске асыруда өз еркімен 500-ге жуық компаниялар қатысты. ISO 14000 стандарттар жүйесі одан басқа халықаралық стандарттар үлгісінің бірі - өнімнің сапасын басқару жүйесін (ISO 9000) пайдаланды, қазіргі кезде бұл стандарт бойынша бүкіл әлемде 70 000-нан астам өнеркәсіптер мен компаниялар сертификатталған. ISO 14000 сериясының алғашқы стандарттары 1996 жылдың аяғында ресми түрде қабылданып, баспадан шықты.

Стандарттар жүйесі қоршаған ортаға кері әсерді 3 деңгейде төмендетуді қамтамасыз етеді деп саналады:

1. **Ұйымдастырушылық** – корпорацияның экологиялық «сипаттамасын» жақсарту арқылы.

2. **Ұлттық** – ұлттық нормативтік базаға және мемлекеттік экологиялық саясаттың компонентіне елеулі толықтыруларды енгізу арқылы.

3. **Халықаралық** – халықаралық сауда талаптарын жақсарту арқылы.

ISO 14000 стандарттар жүйесі

Жүйге кіретін құжаттарды 3 негізгі топқа бөлуге болады:

– экологиялық менеджмент жүйесін (EMS) *пайдалану және құру* принциптері;

– *экологиялық база мен бақылаудың құралы;*

– *өнімге бағытталған стандарттар.*

Жоғарыда айтылған 3 сала бойынша келесі құжаттар өңделу үстінде және қабылданған:

Экологиялық менеджмент жүйелері – Environmental Management System (EMS)

06.06.2011 ИСО көптеген халықаралық стандарттары сондай-ақ өз кезегінде ИСО стандарттарын, атап айтқанда, экологиялық менеджментке арналған ISO 14000 стандарттар сериясын әзірлеуге қатысатын БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) шеңберінде жыл сайын 5 маусымда атап өтілетін Бүкіләлемдік қоршаған орта күні мақсаттарын қолдайды.

Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күнін атап өтуді 1972 жылы бастады және ол біртіндеп БҰҰ-ның қоршаған орта мәселелері, саясатшылар назарын аудару және іс-шараларды

ынталандыру туралы хабарлануын арттыруға арналған негізгі құралдың бірі болды. Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күнінің тақырыбы 2011 жылы «ОРМАНДАР: ТАБИҒАТ АДАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ» тезисіне айналды.

ISO 14000 сериялы ИСО стандарттарын әзірлеу Жер мәселелері бойынша жоғарғы деңгейде бірінші кездесуде талқыланған, орнықты дамудың мақсатын қолдау жөнінде ИСО міндеттерін тәжірибеде жүзеге асыруға рұқсат беретін 1992 жылы РИО-де-Жанейрода өткен қоршаған ортаны және дамыту жөніндегі БҰҰ конференциясының нақты нәтижелерінің бірі болды.

ISO 14000 стандарттарының тобы мыналар үшін дамыған, дамушы және өтпелі экономиканың мемлекеттік немесе жеке секторда өндіріс немесе қызмет ортасында орын алған шағын немесе ірі ұйымдарға арналған қорды ұсынады:

- қоршаған ортада зиянды әсерлерді азайту;
- қадағалау органдарының талаптарын орындау;
- экологиялық сипаттамаларды үзіліссіз жақсартуды қамтамасыз ету;
- ресурстарды аса тиімді қолдану есебінен бизнес-көрсеткіштерді арттыру.

4-кесте.

Экологиялық менеджмент жүйесін (EMS) пайдалану және құру принциптері

Стандарт түрі	Экологиялық менеджмент принциптері	Қабылданды
ISO 14001	Экологиялық менеджмент жүйелері (EMS) – қолдану бойынша арнайы және жалпы нұсқаулар	+
ISO 14004	EMS – Принциптер, жүйелер және әдістер бойынша жалпы нұсқаулар	+
ISO 14014	Өнеркәсіптің экологиялық тиімділігінің «бастапқы деңгейін» анықтау үшін нұсқаулар. Экологиялық менеджменттің формальды жүйесін құру алдында қолдану қажет.	

5-кесте.

Экологиялық баға мен бақылау құралына нұсқау

ISO 14010	Экологиялық аудит бойынша нұсқаулар – экологиялық аудиттің жалпы принциптері	+
ISO 14011/1	Экологиялық аудит бойынша нұсқаулар – Аудит процедурасы – Экологиялық менеджмент жүйесінің аудиті	+
ISO 14012	Экологиялық аудит бойынша нұсқаулар – Экологиялық аудиторлардың кәсіби критерийі	+
ISO 14031	Өнеркәсіп қызметінің экологиялық көрсеткішін бағалау бойынша нұсқаулар	

6-кесте.

Өнімге бағытталған стандарттар

Стандарт түрі	Экологиялық менеджмент принциптері	Қабылданды
ISO 14020 (құжаттар сериясы)	Өнімнің экологиялық таңбалау принциптері	+
ISO 14040 (құжаттар сериясы)	«Өмірлік цикл бағасының» әдістемесі – өнімнің бүкіл шығару циклымен байланысты экологиялық әсерін бағалау	+
ISO 14050	Глоссарий	+
ISO 14060	Өнімге байланысты стандарт-тардағы экологиялық аспектілерді есепке алу нұсқаулары	+

2009 жылдың желтоқсан айының аяғында, экологиялық менеджменттің жүйелеріне талаптар белгіленген ISO 14001 бірінші басылымын жариялағаннан кейін 13 жылдан соң стандарт 159 дамыған және дамушы елдерде, өнеркәсіптікті және қызмет аясын ұсынатын мемлекеттердегі сияқты, жеке шағын және ірі ұйымдарда да енгізілді.

ISO 14001 толықтыруда ISO 14000 стандарттарының тобы өзіне өмірлік циклды саралау, экологиялық таңбалау және парникті газдар сияқты нақты мәселелерді шешуге арналған 22 басқа стандарттарды қосады.

ISO 14064:2006 және ISO 14065:2007 стандарттары «көміртек тоннасы әрқашан тоннаға тең» дегенге кепілдік бере отырып, декларацияларды тексеру және парникті газдар шығарындыларын өлшеуге арналған халықаралық деңгейде келісілген қорда белгілейді. Олар парникті газдарды қысқарту бойынша бағдарламаларды, сондай-ақ шығарындыларға квоталармен сауда бағдарламаларды қолдауды қамтамасыз етеді. БҰҰ шектелмелі конвенциясымен климатты өзгерту туралы осы стандарттарды мақұлдағаннан кейін, қазіргі уақытта олар жаңазеландиялық типография, норвегиялық кеме компаниясы, Индия құрылыс компаниясы, ірі испан көлік компаниясы сияқты әртүрлі компаниялардың күнделікті негізінде қолданылады.

ISO 14000 сериялы стандарттар қоршаған ортаны қорғау саласында аса елеулі ИСО әзірлеуі болып табылады. Бұдан басқа, ИСО нақты экологиялық мәселелерді шешуге арналған аналитикалық әдістердің және сынаулардың, стандарттық іріктемелердің кең диапазонын ұсынады. Ауа, су, топырақ және радиоактивті сәуле шығару деңгейі сапасының мониторингісіне арналған 650 аса халықаралық стандарттар жасалды.

Экологиялық талаптар - өнімді өндіру, пайдалану және кәдеге жарату кездерінде оның қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау.

Сондықтан да, орталық құжат болып ISO 14001 – «Экологиялық менеджмент жүйелерін пайдалану бойынша спецификациялар және нұсқаулар» стандарты есептелінеді. Басқа құжаттармен салыстырғанда, оның барлық талаптары «аудиттелген» деп саналады, тұжырым бойынша нақты ұйымның осы стандарттың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі жоғарғы деңгейде анықталады. Осы ISO 14000 стандартына сәйкес келуі – формальды сертификацияның құралы болып саналады. Ал қалған құжаттар көмекші құжаттар болып саналады, мысалы, ISO 14004 стандарты экологиялық менеджмент жүйесін құру бойынша кең түрдегі нұсқауларды құраса, ал 14010 құжаттар сериясы EMS аудит принциптерін анықтайды. 14040 сериясы кәсіпорынның өнімімен байланысты экологиялық кері әсерді бағалау кезінде қолданылатын «Өмірлік циклының бағасының» методологиясын анықтайды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешудің ең тиімді жолы отандық стандарттарды халықаралық стандарттарға икемдей отырып, отандық кәсіпорындарда осы стандарттарды енгізуді жеделдету. Экологиялық стандарттар әр бір елдің дамуы мен өрлеуінің басты факторы болып табылады және өнімнің сапасына, бәсекелестік қабілеттілігіне, қауіпсіздігіне және экологиялық тазалығына кепіл бола алады.

Бүгінгі күні, экологиялық таза өндіріс көптеген халықаралық келісімдер мен ұлттық заңдылықтармен реттеліп отырады. Европалық одақ, БҰҰ, Латын Америкасы, Азия және Африка елдері мен ірі қауымдастықтар мұндай әдістерді кеңінен тарату бағытында үлкен жұмыстар атқаруда.

Бір сөзбен айтқанда, экологиялық таза өндіріс әлемді бағындыруда. Әлемді

бағындырудың әдістері мен құралдары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ-та мұның бәрі қоршаған ортаны және осы ортадағы біздің ахуалымызды сақтауға бағытталған.

IFOAM (Органикалық ауыл шаруашылығы қозғалысының халықаралық федерациясы) стандарттары бойынша экологиялық таза (органикалық, «био», табиғи, «organic food») өнімдер болып генетикалық модификацияланбаған, оларды өсіру мен өндіруде пестицидтер, гербицидтер, улы химикаттар қолданылмаған өнімдер есептеледі.

«Экологиялық таза» белгісін алу үшін, сонымен қатар өнімді сақтау, өңдеу, орамалау және тасымалдау барысында химиялық және зиянды заттар қолданылмауы қажет.

Бұл ретте, ҚР шығарылып жатқан ауыл шаруашылығы өнімдері аталған стандарттарға сай шығарылып жатқандығы баршаға мәлім.

Бүгінде, әлемде экологиялық өндірісте 250 түрлі стандарттар қолданылуда, бірақта оның ішінде АҚШ елінің мемлекеттік стандарттары, Европалық одақтың және Жапонияның стандарттары ең танымалысы болып табылады. Әрбір елдің стандарттарында өзінің ішкі рыногын сақтау мақсатындағы өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар.

Тұтынушылардың нағыз экологиялық өнім сатып алып жатқандығына сертификаттаушы ұйымдардың белгілері кепілі болады. Бұл сертификатты берер алдында өнімді өндіру мен

өндеудің барлық сатыларында өндірістің халықаралық және ұлттық стандарттарға жүргізілуіне тексеріс жүргізіп, өнімді тексеріс нәтижесі бойынша ғана куәландырады. Алайда, елімізде мемлекеттік органдардың ұрықсатынсыз және икемделінбеген халықаралық стандарттарды қолдануға болмайды.

Осы орайда, біздің елімізде экологиялық таза өнім мәселелерімен айналысатын ұйымдар құру қажеттілігі туындаған болатын. Сондықтанда, Қазақстандағы тұтынушылар мен өндірушілердің құқығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі № 159 «Стандарттау жөніндегі техникалық комитет құру туралы» бұйрығымен «Халықаралық экология академиясы» мекемесінің негізінде «Экологиялық таза өнім» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті (ТК) құрылды. Бүгінгі күнге, Техникалық комитет «КазИнСт» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірігіп, елімізде тұңғыш рет: «Экологиялық таза өнім. Жалпы ережелер», «Экологиялық таза өнімді сәйкестік белгісімен маркалау тәртібі», сондай-ақ халықаралық стандарттармен үйлестірілген «Сәйкестік белгісі» стандарттық құжаттары әзірленіп, «Экологиялық таза өнім сәйкестігін бекітуді жүргізу тәртібі» құжатының жобасы дайындалуда.

«Экологиялық таза өнім» стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің негізгі міндеті ең алдымен мемлекеттік стандарттар жүйесін қалыптастыруға қатысу, олардың талаптарын халықаралық стандарттау бойынша жұмыстарды үйлестіру болып табылады.

Сонымен қатар, Техникалық комитет мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдеріне халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық таза өнім жайлы шынайы мағлұматтар алуына көмек береді.

«Экологиялық таза өнім» стандарты уақыттың өзі тудырған қажеттілік. Қазіротандық кәсіпорындар экологиялық таза өнім өндіру мәселесіне өте үлкен мән бере бастады. Тауарда «Эко» белгісінің болуы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің бір сипатын көрсетеді. Отандық тауар өндірушілер

тұтынушылардың талабынан шығу мақсатында өндіріс пен сатуды ынталандыратын экологиялық сертификаттар мен таңбалауды қабылдай бастады.

Бақылау сұрақтары:

1. ISO 14000 стандарттар жүйесі неге бағытталаған?
2. ISO 14000 стандарттар жүйесіне кіретін құжаттар қандай топқа бөлінеді?
3. Экологиялық менеджмент жүйесіне анықтама беріңіз.
4. ISO 14004, 14010, 14040 стандарттары нені анықтайды?

2.4. Экологиялық сертификация

Экологиялық сертификацияның мақсаты – тұтынушының өмірі, денсаулығы, дүние-мүлкі және қоршаған орта үшін қауіпсіздік гарантиясын беретін және минималды деңгейде қоршаған табиғи ортаны ластайтын өнімдерді өңдеу мен жаңа технологиялық процестерді енгізуге өндірушілерді ынталандыру.

Көптеген өнімдер түрлері үшін экологиялық сертификат немесе белгі оның бәсекеге қабілетті анықтаушы факторы болып есептеледі.

Экологиялық сертификация – экологиялық қауіпсіздіктегі мемлекеттік реттеудің және әлемдік қоғамдастықтың көптеген экономикалық дамыған елдерде қоршаған ортаны қорғаудың танылған элементтерінің бірі болып саналады.

Экологиялық сертификацияның принциптері келесі шамалармен негізделеді: қоршаған орта үшін зиянды бірінші кезекте ластаушы көздерді ликвидациялау жолымен болдырмау керек. Экологиялық тепе-теңдікті бұзатын тұлғалардың қаржылық жауапкершілігі – бұл екінші кезектегі фактор. Сертификацияның тиімділігі өнімнің, қызметтің, процестің немесе басқа экосертификация объектісінің зиянсыз критерийлеріне тікелей тәуелді.

Өнімнің әр бір шығарылу циклында табиғи ресурстарды пайдалануды, атмосфераның, гидросфераның және топырақтың ластануын зерттеу керек.

ISO 14001 бойынша экосертификация

Компания өзінің экологиялық менеджмент жүйесі үшін сертификат алуға ISO 14001 критерийлерін ұстанып, қанағаттандыру керек.

Кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің бар болуы ISO 14001 стандартына сәйкестігі анықталады, төменде ISO 14001 стандартының кәсіпорындарға қоятын талаптары көрсетілген:

1. Кәсіпорын экологиялық саясатты өңдеу керек – кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттерін анықтау қызметі үшін негіз болатын кәсіпорынның принциптері мен мүддесін ұйымдастыру туралы арнайы құжат. Экологиялық саясат компанияның қызметімен, өнімімен және ісімен жасалынатын масштабына, табиғатқа және экологиялық әсерге сәйкес болу керек. Экологиялық саясат тағы басқа нормативтер сәйкестігіне, сонымен қатар, «үнемі жақсартуға» (continual improvement) және «ластауды тоқтатуға» (pollution prevention) тырысу туралы мәлімдемені құрау керек. Құжат кәсіпорында қызмет атқаратын бүкіл қызметкерлерге дейін жеткізілу керек және қоғамның бұл құжатқа қол жеткізуіне мүмкіндік болу керек.

2. Кәсіпорын қоршаған ортаға айтарлықтай тиетін әсерлерін анықтау үшін процедураларды өңдеп, оларды сақтау керек (бұл жерде, стандарт кәсіпорынға тікелей қатысты әсерлермен қатар, оның өнімі мен қызметіне байланысты әсерлерді де қарастырады). Кәсіпорын өзінің қызметі мен өнімінің экологиялық аспектілерімен байланысты барлық заңды талаптарды жүйелі түрде ескеру керек, сонымен қатар, басқа табиғаттың талаптарын да (мысалы, салалы кодекстер) ескере отыру керек.

3. Кәсіпорын айтарлықтай экологиялық әсерлерді, заңды және басқа талаптарды ескере отырып, экологиялық мақсаттар мен міндеттерді өңдеу керек. Мақсаттар мен міндеттер мүмкіндік бойынша санды болу керек. Олар экологиялық саясатпен негізделу керек және әрбір функция мен кәсіпорын деңгейі анықталу қажет (қызмет ету аймағы). Оларды өңдеу кезінде «мүдделі тұлғалардың» көз қарастарын ескере отыру керек («мүдделі тұлғаларға» кез-келген топтар мен азаматтар жатады).

4. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіпорындар экологиялық менеджмент бағдарламасын өңдеп жасау керек.

5. Кәсіпорында жауапкершіліктің сәйкес құрылысы анықталу қажет. Бұл жүйенің тұрақты жұмыс істеп тұруы үшін, адам, технологиялық және қаржы ресурстары үнемі бөлініп тұруы қажет. Экологиялық менеджмент жүйесінің жұмысына жауапты бір қызметкер тағайындалу керек, оның міндеті – EMS жүйесінің жұмысы туралы күнделікті басшылыққа мәлімдеме беріп тұру.

6. Персоналды оқыту бойынша және сонымен қатар, төтенше жағдайларға дайындық бойынша бір қатар талаптар орындалу керек.

7. Кәсіпорын өзінің қоршаған ортаға кері әсер ететін қызметі бойынша мониторинг пен негізгі параметрлердің өлшеулерін жүргізіп тұру керек. Қазіргі кезде қолданылатын заңдылықтар мен талаптарға сәйкес периодтық тексерулер үшін процедуралар бекітілу керек.

8. Экологиялық менеджмент жүйесін периодты түрде кәсіпорынмен бекітілген критерийлерге, ISO 14001 стандартына сәйкес аудит жүргізіліп тұру керек. Аудит кәсіпорын өзімен де, сонымен қатар сырттан да жүргізуге болады. Аудиттің қорытындысы басшылыққа мәлімдеме ретінде көрсетіледі.

9. Кәсіпорын басшылары экологиялық менеджмент жүйесінің жұмысын тиімділігі мен адекваттық жағынан периодты түрде қарастырып отыру керек. Экологиялық саясаттағы EMS элементтері мен мақсаттарында енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды міндетті түрде өңдеп отыру қажет. Бұл жерде аудиттің қорытындысын, өзгерген жағдайларды және «үнемі жақсарту» жоспарын ескеру керек. *Жалпы алғанда, стандарттың талабының негізінде ашық цикл жатыр: «жоспар – орындау – тексеру – жоспарды қайта қарастыру».*

Бүкіл процедуралар, олардың қорытындысы, мониторингтің берілгендері және т.б. с.с. құжатталыну керек. Стандарт бойынша экологиялық менеджмент жүйесі жалпы кәсіпорынның басқару жүйесімен интегралданған. Стандарт EMS жұмысына жауап беретін қызметкер басқа жұмысқа жауапты болмауға немесе экологиялық менеджментке қатысты құжаттармен жұмыс істемеуге тиым салмайды.

Стандартты кез келген кәсіпорында қолдануға болады, егер төмендегілерді талап етсе:

- экологиялық басқару жүйесін енгізіп, жұмыс істеуін қамтамасыз етіп және оны жақсарту;
- өзінің қызметінің қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік саясатқа сәйкес келуіне толық сену;
- сыртқы ұйымдармен экологиялық басқару жүйесіне сертификациялауды жүргізу.

ISO/TC 207 төрағасының айтуынша, 10 жылдан кейін ең үлкен кәсіпорындардың, соның ішінде трансұлттық компаниялардың 90%-дан 100%-ға дейін ISO 14000 стандартына сәйкес сертификатталады, бұл дегеніміз, «үшінші жақтан» компанияның қызметі бұл стандартқа сәйкестігі туралы куәлік алады.

ISO бойынша сертификация жүйесі ұлттық деңгейде құрылу керек. Сертификацияның ұлттық инфрақұрылысын жасау процесінде Госстандарт, кәсіпкерлер одағы сияқты ұйымдар өте шешуші рөл атқарады. Кәсіпорында экологиялық менеджмент жүйесін енгізу уақыты сияқты, стандартты тіркеу процесі 12 айдан 18 айға дейін уақыт алады. ISO 14000 талаптары ISO 9000 талаптарына сәйкес болғандықтан, ISO 9000 стандартымен сертификатталған кәсіпорындарға ISO 14000 бойынша сертификат алу оңай процесс. Консультация беретін фирмалардың айтуы бойынша «ISO 14000 сертификациясы бойынша ISO 9000 – бұл жұмыстың 70 %». «Бюро Веритас» компаниясының 170-жылдық тарихымен классификация, сертификация, инспекторлық, сараптама, оқыту, консалтинг салалары бойынша бүкіл дүниежүзіне әйгілі болған консалтингтік компания.

Кәсіпорындарға ISO 14000 стандарты не үшін керек?

ISO 14000 стандарттары заң талаптарын өзгертпейді, тек компанияның қоршаған ортаға қандай әсер ететіндігін анықтайтын жүйемен қамтамасыздандырады және заң талаптарының қалай орындалып жатқандығын көрсетеді. Кәсіпорындар EMS моделі немесе экологиялық менеджмент жүйесінің ішкі аудит форматы ретінде ISO 14000 стандарттарын ішкі қызмет үшін пайдалана алады. Кәсіпорында бұл жүйенің құрылуымен қоршаған ортаға келтірілетін зиянды басқаруда және өзінің қызметін талаптарға сәйкес реттеуде ең тиімді аспап болып саналады. Стандарттарды сонымен қатар,

сыртқы жарнама ретінде пайдалануға болады (тұтынушылар мен қоғамға өзінің экологиялық менеджмент жүйесінің қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігін көрсету). Оған қоса, компания «үшінші жақтан» (тәуелсіз) сертификат ала алады. Кәсіпорындар ISO 14000 бойынша сертификат алғылары келер, өйткені, ондай сертификация бірінші кезекте, маркетингтің халықаралық нарықтағы өнімге қойылатын талаптарының бірі (мысалы, жақын арада Еуропалық одақ нарыққа тек ISO сертификацияланған компанияларды өткізетінін жариялады). Төменде кәсіпорындарға сертификацияның немесе EMS енгізілуі қажеттілігі туралы себептер көрсетілген:

➤ табиғатты қорғау талаптарын орындау саласында фирманың образын жақсарту (соның ішінде, табиғатты қорғау заңдылықтарын);

➤ энергия мен ресурстарды тиімді пайдалану арқылы оларды үнемдеу, соның ішінде, табиғатты қорғау шараларына бағытталған ресурстар мен энергиялар;

➤ кәсіпорынның негізгі қорының бағасын өсіру;

➤ «жасыл» өнімдер рыногын жаулап алу тілегі;

➤ кәсіпорынмен басқару жүйесін жақсарту;

➤ жоғары квалификациясы бар қызмет күшін тартуға ынталану.

Қазақстандағы ISO 14000 бойынша экологиялық сертификация жағдайы

Қазақстанда экологиялық сертификация ҚР Сертификация жүйесімен, ҚР Экологиялық кодексімен, ҚР «Сертификация және стандартизация туралы» Заңы және т.б. нормативтік актілермен өнімнің, қызметтің және жұмыстың сертификациясы орындалып отырады.

ISO 14000 жүйесі бойынша сертификация алу қазақстандық кәсіпорындарға сыртқы нарыққа шығу үшін қажет болады. Өйткені, қазіргі кезде ұлттық сертификацияның құрылысы ең бастапқы даму сатысында болғандықтан, ірі кәсіпорындар шетел аудиторларын шақыруға бейім. Қазақстан жақын арада келесі шараларды қолдануға бел буады:

➤ ISO14000 дәріптеу, соның ішінде стандарттарды орыс тілінде баспадан шығару;

➤ өндірістік кәсіпорындарда экологиялық аудиттің негізгі принциптерін дәріптеу;

- аудитор мамандарын дайындау;
- экологиялық аудит бойынша нормативтік базаны дамыту;
- экологиялық сертификация мен таңбалаудың ұлттық жүйесін енгізу, ал ең бірінші қадам ретінде – импорттық өнімнің экологиялық таңбалау жүйесін ресми түрде мойындау.

ISO 14000 проблемалары

ISO 14000 стандарттары бойынша іскер қайрат-керлердің, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың қатысуымен пікір таластар жүріп жатыр.

Бір жағынан, ISO 14000 сәкестігіне сертификациясы халықаралық деңгейде әр түрлі мемлекеттердің компанияларының экологиялық саясатын салыстыру үшін бірыңғай негіз құрып отыр. Ал екінші жағынан, стандарттар «ластауды экспорттау» (дамыған елдерге зиянды өнімдерді тасу) үшін жайлы жағдай тудырады деген ойлар айтылуда. Компания ұлттық нормативтерге сәйкес, дамыған елде сертификатталуы мүмкін. Бұл елдегі сертификация ең ірі шетел инвесторларымен тығыз қатынасты дамыта алады, сонымен қатар, коррупция да дамиды.

ISO 14000 жақтаушылардың айтуынша, оның ең жақсы қасиеттерінің бірі – иілгіштігі, себебі, компания қоршаған ортаны қорғау саласында өз алдына мақсаттар қоя алады. Сонымен бірге, олардың көзқарастары бойынша ұлттық стандарттарға сәйкес келетін компаниялар өздерінің экологиялық менеджмент жүйесін үнемі өңдеп және ластауды азайта беру керек. Ал олардың оппоненттерінің айтуы бойынша, ластаушы-компания өзінің шығарындыларын ең төмен көрсеткішке дейін төмендете отырып, стандарттардың талаптарына формальді түрде сәйкес келуі мүмкін. Кей кездерде ISO 14000 стандартының сандық талаптарының жоқтығынан стандарт болып есептелінбейді деген көзқарастар айтылып жатады.

Пікір-таластың туылуының себебі ISO 14000 стандартының ұлттық нормативтік базамен арақаты-насының болуынан деп саналады. АҚШ-тың кейбір консервативті саясаткерлері ISO өзінің сертификация жүйесімен жалғыз экологиялық реттеу құралы болуы керек, сонымен қатар, «командалық» реттеу әдістерін ұлттық деңгейде алмастыру керек деп айтады.

Осылайша, Пенсильвания штатының Қоршаған ортаны қорғау департаментінің бастығы былай деді: «ISO 14000 сертификациясын алған әрбір компания, енді реттеуші органдармен кездеспеуі керек». Бұл айтылған пікір штаттың экологиялық қауымдастықтар арасында үлкен дау-дамайға әкеп соққандықтан, Департамент кейіннен ресми түрде ISO 14000 стандартын қазіргі уақытта реттеу әдістеріне қосымша ретінде қарастыратындығын айтты.

ISO 14000 стандартының талабы бойынша, кәсіп-орындардың экологиялық саясаты қоғамға ашық болуы тиіс, ал кәсіпорынның мақсаты мен міндеті «мүдделі тұлғалардың» пікірін ескере отырып құрылуы тиіс. Бір жағынан кәсіпорынның экологиялық саясаты қоғамға жалғыз ашық құжат болғандықтан, жалпы бірдей сипатталатындығы белгіленген. Осыған байланысты қоғамның маңызды экологиялық мәселелерді шешудегі стандарттың механизмдерін қайта қарастыруды ұсыныс жасап жатқандар да аз емес. Осы мақсатпен, ECOLOGIA және Green Seal мемлекеттік емес америкалық кәсіпорындар ISO 14031 (“Қызметтің экологиялық аспектілерін бағалау бойынша нұсқау”) құжатын өндеуге қатысып жатыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық сертификацияның мақсаттары.
2. Экологиялық сертификацияның ұстанымдары.
3. ISO 14000 стандартының кәсіпорындарға қоятын талаптары.
4. ISO 14000 стандарты кәсіпорындарға не үшін керек?
5. Қазақстан кәсіпорындарында халықаралық стандарттарын енгізу жағдайы қандай?
6. ISO 14000 стандартының проблемалары қандай?

2.5. Экологиялық маркетинг

Экологиялық маркетинг саласындағы негізгі қызмет түрлері

Маркетинг – кез келген шаруашылық саласынан пайда табуды жүзеге асыратын шаралар жүйесі. Маркет сөзі ағылшынша нарық және өнімдерді сату мен сатып алу деген ұғымды береді.

Экологиялық маркетинг – табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың барлық жаңа технологиясын сақтай отырып, экологиялық таза өнім өндіруді жүзеге асыратын экологиялық бизнес жолы. *Экологиялық маркетингтің негізгі мақсаты* – тауарларды сату мен сатып алу барысындағы барлық іс – әрекеттерді экологияландыру. Ал оның шешуші міндеттері жаңа қоғамның талабына сай экологиялық таза өнімді өндіру мен сатудың тиімді жолын ұсыну.

Кәсіпорындарды басқаратын жалпы концепциясы ретінде саналатын маркетинг туралы пікірлер ортасында әрқашанда тұтынушы тұрады, оның мұқтажыдығына ұсынылып отырған өнімдер мен қызметтерге бағыт жасау керек.

Өнім үшін спецификалық *пайда терімдері* арқасында, өнімнің негізгі пайдалылығынан бастап және орамасынан, бағасымен, ақпаратпен, өтімімен, имиджін өңдеумен, маркетингтің түрлі техникасымен аяқталады, сатып алушының физикалық және психикалық жағдайы жақсарады, сонымен қатар, берілген өнімге сатып алушының мұқтаждық импульсы арта түседі. Осылайша, *«жасыл» маркетинг екі принципті міндетті атқарады: өнімнің экологиялық пайдасын арттыра отырып, өнімнің тұтынушылық потенциалын өсіреді, ал екінші жағынан, өнімді қабылдауды жақсарттады.*

Қысқаша кейбір өнімдердің (маркалардың) *j* пайда терімдерін (немесе игі) төмендегідей көрсетуге болады:

$$E_j = \sum_{i=1}^m e_{ij} \cdot w_i$$

мұнда: E_j – *j* өнімінің тұтынушылық потенциалының көлемі;

m – есепке алынған пайдалар саны;

$w_i - e_{ij}$ тұтынушылардың пайда бағасы.

Шындыққа келгенде, сызықтық тәуелділікке қарағанда, функционалдық тәуелділік неғұрлым қиындау болады. Оның нақты түрін анықтау маркетинг бойынша арнайы ғылыми зерттеулердің міндеті болып табылады.

7-кестеде үш түрлі өнім *j* мен үш түрлі пайда *m* мысалға келтірілген, мұндағы үшінші пайда экологиялық пайда болып табылады.

Өнімнің тұтынушылық потенциалы және оны құрастырғыштары

i	1	2	3	E_j
w_i	1	3	2	
$j = 1$	2	2	4	16
$j = 2$	4	3	1	15
$j = 3$	3	3	1	14

Бірінші өнімнің тұтынушылық потенциалы жоғарырақ болып тұр, өйткені оның экологиялық пайдасы да, бағасы да маңызды. Егер өнімнің экологиялық пайдасы бір көрсеткішке төмен болғанда, онда ол максимальды баға алмас еді. Берілген мысал жоғарыда көрсетілген эко-маркетингтің негізгі міндеттерін шешімдерін иллюстрация жасауға көмектеседі: өнімнің тұтынушылық потенциалын жоғарылату арқылы:

- а) олардың экологиялық пайдасын өңдеу арқылы;
- б) өнімді қабылдауды жақсарту арқылы.

Жаңа маркетингтік әдістеменің ортасында өнімнің бүкіл фазасындағы (өнімнің шығуынан бастап, утильдеуге дейін) экологиялық тиімділігі тұрады, біздің мысал бойынша e_{ij} көрсеткішімен берілген. Өнімді сатудағы ең негізгі аргумент экологиялық пайданың бағасы болып саналады, бұл w_i көрсеткішімен берілген. Жалпы айтқанда, эко-маркетинг кәсіпорындардың өз міндетіне әлеуметтік жауапкершілікті және қоршаған ортаны қорғау мен экономика мүддесін шешуде қатысуын қалайды. Эко-маркетинг айналысатын мәселелер кәсіпорындардың мақсаттар жүйесін және маркетингтік стратегиясын қарастырады.

Экологиялық маркетингтің мақсаттары

Қоршаған ортаны қорғауға тұтынушылардың қарым-қатынасы өнімді сатып алғанда, оны пайдаланғанда, сонымен қатар, коммуникация процесінде көруге болады. Батыс елдерінде экологиялық бағытталған тұтынушылардың бөлігі 10-12% көлемінде бағаланады екен. Егер бұл көлемге денсаулыққа зиянсыз өнімді сатып алатын тұтынушылардың санын қоссақ, онда бұл көлем тағы өседі.

Кәсіпорындардың мақсаттары бұл қатынасты сәйкестік шараларда ескеріп отыр және келешекте оны өндеуді қарастырып отыр. Кәсіпорындардың мотивіне қарамастан бұл мақсаттар тұтынушының мінез-құлқын экологиялық пайдасын өндеу арқылы немесе өнімді қабылдауды жақсарту арқылы (мысалы, жарнама арқылы) өзгертуге бағытталған. Формулада көрсетілгендей біріншісі де, екіншісі де өнімнің тұтынушылық потенциалын жоғарылатуға себебін тигізеді, ал мұның өзі кәсіпорынның ең маңызды мақсаты болып саналады.

Экологиялық маркетингтің стратегиясы

Стратегиялық эко-маркетинг рамкасындағы шешімдерді қабылдаудың негізгі шарттарының бірі кәсіпорындардың өндірістік саясатының қоршаған ортаны қорғауға бағытталуы болып саналады. Стратегиялар кәсіпорындар қызметінің ең бастапқы этапы үшін ұзақ мерзімді жоспары бола алады, ал қалғандары үшін ары қарай табысты дамуын қолдауға керек. Осылайша олар ары қарай фирманың дамуы үшін бағытын анықтайды.

Стратегиялар *нарық, бәсекелес және уақыт* қарым-қатынасы бойынша өңделеді.

- *Нарық қарым-қатынасы бойынша* – нарықты сегменттеу жүргізіледі, өнімдер (мысалы, экологиялық кіржуғыш ұнтақ) мен тұтынушылар (мысалы, «жасыл» дүкендерінің сатып алушылары) нақты сипаттамаларының базасында оның мақсаттық сегменттерін таңдау. Бұл жерде пайда болған мәселелерді шешуге тура келеді, мысалы олар, біртекті мақсаттық тұтынушылар тобын анықтауға, олардың ұсыныстарға деген реакциясын зерттеуге, экологиялық мотивтер мен тұтынушылардың іс-әрекеттерінің сәйкестік деңгейін бағалауға, нарықтың әртүрлі мақсаттық сегменттер санын анықтауға, сегменттерге әсер ету формасын таңдауға және т.б. байланысты болады.

- *Бәсекелес қарым-қатынасы бойынша* – нарықтық қуыстың дифференциясының немесе қызметінің стратегиясы өңделеді. Бұл екі стратегия бәсекелестік артықшылықтарын арттыра түседі: бірінші жағдайда, өнімге кейбір экологиялық қасиеттерін беру арқылы (мысалы, су көлемін реттейтін

кіржуғыш машина), ал екінші жағдайда, экологиялық бағыттағы тұтынушылар ориентациясы арқылы (мысалы, қымбат өнім сатып алатын, бірақ экологиялық қауіпсіз өнім).

• *Уақыт қарым-қатынасы бойынша* – стратегия екі түрлі болады: жетекшілік стратегиясы және жетекші артынан еру стратегиясы. Жетекшілік стратегиясы нарыққа бұрындарда болмаған экологиялық қасиеті бар жаңа өніммен шығады. Бұл жағдайда өңдеуге көптеген шығындар кетеді және жоғары нарықтық тәуекел туып тұр, бірақ бұған қоса, жоғары табысқа жетуге мүмкіндік туып тұр және де ұзақмерзімді перспективасында экологиялық жауапкер кәсіпорыны атты имиджін алуы болады.

Кәсіпорындардың экологиялық стратегиясын таңдау-дағы ең маңызды құрал болып *экологиялық портфельді анализ* саналады. Оның рамкасында әртүрлі экологиялық стратегиялар бағаланады: (А) артықшылықтар көрсеткіші, мұны кәсіпорын өздерінің табиғатқорғау шараларынан алады және (В) кәсіпорынның өндірістік қызметі кезінде қоршаған ортаны ластағандағы қауіпті көрсеткіші. Практикада бұл көрсеткіштердің әртүрлі комбинациясында келесі стратегияларды пайдаланады (8-кесте):

8-кесте.

Экологиялық портфельді анализ

(А)– артықшылығы жоғары	Дифференциалдау немесе профильдеу	Инновация, концентрация немесе нарықтық қуыс стратегиясы
(А)– артықшылығы төмен	Бұрынғы стратегияны жалғастыру	Шығындарды минимизациялау немесе нарықтан кету
	(В)– қауіптілік төмен	(В)– қауіптілік жоғары

- Шығындарды минимизациялау немесе нарықтан кету (А-төмен, В-жоғары);
- Бұрынғы стратегияны жалғастыру (А-төмен, В-жоғары);
- Инновация, концентрация немесе нарықтық қуыс стратегиясы (А-жоғары, В-жоғары);

- Дифференциация немесе профилдеу (А-жоғары, В-төмен).

Маркетинг құралдары – таңдалған стратегияны өңдеу үшін және көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін шаралардың терімдері. Нарық жағдайын біле отыра және маркетингтік стратегияны таңдап, фирма әртүрлі маркетинг құралдарын (*маркетингтік терім*) пайдалана отырып, өзінің жетістігін арттыра алады. Шаралардың түрлілігіне өндіріс, өтім, коммуникация және контракция (баға және басқа да сату талаптары) жатады. Сондықтан да, дәстүрлі маркетингтік құралдарды сәйкесінше жанартуға және қажет болғанда толықтыруға болады.

Экологиялық өндірістік саясаттың міндеттеріне экологиялық тиімділігі жағынан өнімді дифференциациясы, табиғат үшін «зиянды» өнімдерді ауыстыру немесе қабылдамау, қоршаған ортаны қорғауға жауап беретін өндірістік процесс талабын ауыстыру немесе инновациялау жатады. Өндірістік бағдарламаны, ассортимент пен тауар таңбасын (маркасын) сәндеуді ауысып тұратын нарық талабымен үйлестіріп тұру керек.

Жоғары сапалы өнімдер сапаның төрт деңгейіне қарай бөлінеді:

1) тауардың негізгі пайдалылығының *жоғарғы сапасы* – тұтыну тиімділігі, ұзақ сақталуы, техникалық қызметке икемділігі, тағамдық құндылығы, дәмі, сыртқы түрі;

2) жалпы алғандағы *өнімнің экологиялық сапасы* – зиянды заттардың болмауы, оны пайдаланғанда, қолданғанда немесе тұтынғанда қалдық материалдардың пайда болмауы, денсаулық үшін ешқандай қауіп әкелмеуі, табиғи материалдарды пайдалану, эксплуатация талаптарының қоршаған табиғи ортаға кері әсерінің тимеуі;

3) *өндірістің экологиялық сапасы* – материалдар мен энергияның минимизациясымен қамтамасыз ету, дефициттік шикізатты немесе энергияны қорда жетерліктей саны бар шикізатқа (энергияға) ауыстыру, өндірістік шығындарды және қалдықтардың барлық түрлерін төмендету;

4) *қалдықтарды жоюдағы экологиялық сапа* – түйіндес материалдардан қалған рециклингке жарамды (екінші реттік қолдану) өнімдерді пайдалану, рециклинг позициясынан проблемалы өнімдерді пайдалану немесе рециклинг жүйесі бар материалдарды пайдалану.

«Жасыл» өнімге сұранысты арттыру мақсатында, өнімнің аты мен сипаттамасы экологиялық қауіпсіздігін анық көрсету керек. Сонымен бірге, өнімнің экологиялық сипаттамасының негізгі міндеті болып, тұтынушыларға «жасыл» өнімнің және оны пайдаланғанда экологиялық қауіпсіздігін дәлелдеу. *Өнімнің әлеуметтік-экологиялық сипаттамасы* ретінде төмендегілер пайдаланылады:

–*экономикалық көрсеткіштер* – баға, кепілдік талаптары, қосымша қызметтер, қызмет көрсету талаптары;

–*эстетикалық көрсеткіштер* – материалдың құндылығы, дизайн сапасы;

–*функциональды көрсеткіштері* – пайдалану облысы, сақтау үшін жарамдылығы, қызмет мерзімі, құрылысы;

–*өзіндік әлеуметтік-экологиялық көрсеткіштер* – оның қауіпсіздігін ескере отырып, жұмыс орнының сипаттамасы, өндірістік және пайдалану процесіндегі қоршаған ортаны қорғауға әсері, тұтынушы тауарларын пайдаланғандағы энергияның шығыны, денсаулыққа әсері.

Бұл көрсеткіштерге өнімнің таңбасын да қатыстыруға болады. Мысалы, мұндай экологиялық таңбалау өнімге «Голубой ангел» символы берілгеннен кейін немесе өнімді тесттен өткізетін институттардың куәлігі берілген соң ғана жүргізіледі.

Тауардың орамасы және өнімнің өзі нақты экологиялық талаптарға және критерийлерге сәйкес болу керек. Бұл жерде көпфункционалды орама, қоршаған табиғи ортаны қорғаудағы ең негізгі элемент болып саналады. Ораманың қорғау функциясы ресурстарды жоғалтпауды алдын алумен тоқталады, ал ақпараттық функциясы (коммуникативті саясат рамакасында) өнімнің өтімділігін жоғарылату мақсатында өндірістік ақпарат алу құралы болып саналады. Табиғи ортаға зиян келтірмейтін ораманың ең негізгі критерийлері мыналар:

- көп ретті пайдалануға жарамдылығы (оралу жүйесінде екінші ретті пайдалану, басқа мақсаттарда қолдану);

- орамадан бас тарту, өйткені ол өнімнің тек сырт жағын көрсетуге арналған;

- қосалқы материалдарды пайдаланбау, өйткені олар рециклинг кезінде қиындықтар тудырады.

Өтімділік саясатының құралдары (дистрибутты саясат): біріншіден, өтімділіктің каналдарын таңдауда, құрауда және қолдауда анықталады, екіншіден, логистиканы анықтауды және реттеуде қорытындыланады.

Коммуникативті саясат – кәсіпорын мен сыртқы ортамен ақпараттық байланысты ұйымдастырады. Біріншіден, фирма коммуникативті саясаттың барлық құралдарын қоршаған ортаны қорғаудағы экологиялық проблемалардың маңыздылығын түсінетін тұтынушы-ларды қызықтыру мақсатында пайдалана алады. Мұндай мақсат критериялық саладағы өнеркәсіптердің алдында тұрады (химиялық, энергетикалық, транспорт, өндірістік өнеркәсіптер). Екіншіден, мұндай саясат экологиялық қауіпсіз фирмалық өнімдерді сатып алатын тұтынушыларды қызықтыру мақсатында активті эко-маркетингке қызмет етеді. Жарнамалық ақпарат «жасыл» өнімнің ең мықты жақтарын ерекше көрсетіп тұру керек. Осы жерде өнімнің бұрынғы жағдайына деген қарым-қатынасы бойынша өзгерістер туралы немесе өнімдерді бір бағыттағы мақсаттық салыстырулар туралы жарнама жасауға болады. Өзгерістер жоғарыда айтылған сапа деңгейлері бойынша негативті немесе позитивті болады, бұл дегеніміз:

- тауардың негізгі құндылығының өзгерісі;
- өнімнің экологиялық сапасының өзгерісі;
- өндірістік процестегі экологиялық сапа өзгерісі;
- қалдықтарды утильдеу талаптарының өзгерісі.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық маркетингтің мақсаттары, стратегиялары және құралдары.
2. Кейбір өнімдердің пайда терімдері қалай анықталады?
3. Жоғары сапалы өнімдері сапа деңгейімен қалай ажыратуға болады?
4. Тауарлардың әлеуметтік-экологиялық сипаттамасы ретінде қандай көрсеткіштер қолданылады?
5. Өтімділік саясатының қандай құралдары бар?
6. Коммуникативті саясат дегеніміз не?

2.6. Экологиялық таңбалау

Экологиялық таңбалаудың мақсаты.

Экологиялық қауіпсіздік – бүгінгі күнгі басты міндеттердің бірі болып табылады. Оның оң шешімін табу еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсерін тигізеді. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында шынайы экологиялық таза өнімдер нарығын дамыту мен оның қарқындылығын арттыру мәселесі шешімін күттірмейтін шаралардың бірі. Осыған орай, мемлекет пен қоғам тарапынан тиісті заңдылықтарды, өндірісті, экономиканы және қоғамды экологияландырудың дұрыс әрі тиімді жолдары қарастырылуға.

Бүгінгі күні адамдар өмір сүріп отырған қоршаған орта да, адам ағзасы да қоғамдағы экономикалық, экологиялық ахуалдар әсерінен біршама зардап шеккен әрі ластанған. Сондықтан да күнделікті тұтынатын тағам болсын, зат болсын, адам ағзасы үшін жоғарғы сапалы болғаны үлкен маңызға ие.

Қазіргі таңда экологиялық-гигиеналық сипаттағы өнімдердің халық денсаулығын қорғау мүддесін көздейтін түрлерін ұйымдастыруды іздестіру қажет. Осыған байланысты экологиялық таңбалаудың әлеуметтік маңыздылығы оның шын мәніндегі тазалық сипатында болып отыр.

Еуропа мен Канада елдерінде қолданылатын қоршаған ортаны қорғауды реттеу заңдылықтарының әдістеріне өнімді *экологиялық таңбалау* жатады. Ең алғаш рет экотаңбалау жүйесін қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерді азайту мақсатында өнімділіктің сапасын «алға жылжытудың» бір әдістері үшін қабылдады. Бұл жүйе Германияда 1978 ж. енгізілсе, ал Канада, Жапония, Норвегия 1989 ж. қабылдады. Еуропалық Бірлестіктер аумағында 1993 ж. осы жүйе енгізілді және ең алғаш рет кір жуу машиналарына қолданылды.

Экологиялық таңбалау – өнімнің немесе қызметтің бүкіл өмірлік циклының этаптарындағы қоршаған ортаға әсерді сипаттайтын экологиялық декларацияның бір түрі. Эко-таңбалау жеке өнімнің қоршаған табиғи ортаға әсерінің оң баға беру үшін қажет. Эко-таңбалаудың болуы өнімнің немесе өнім тобының экологиялық өмірлік концепция базасына сәйкес тексерулерден өткенін көрсетеді. Компаниялардың эко-таңбалау жүйесінен өтуі өз қалауы бойынша да және міндетті түрде де болуы мүмкін.

Эко-таңбалау бағдарламасының берген ақпаратына байланысты:

- 1) позитивті (сол сияқты өнімнің экологиялық сапасы туралы позитивті ақпарат беруі);
- 2) негативті (сол сияқты қатердің бар екендігін айту);
- 3) бейтарапты (нейтральды) болып бөлінеді.

Көптеген мемлекеттерде қоршаған ортаға және денсаулыққа зиянды өнімді пайдаланғанда қатер тууы туралы алдын ала ескерту мәселесін шешу үшін эко-таңбалау бағдарламасын қолданады. Жалпы алғанда эко-таңбалау келесі маңызды мақсаттарға жету үшін керек:

- тұтынушыларға жалған немесе шатастыратын экологиялық ақпарат беретін компаниялардан өнімнің экологиялық сапасын сараптамалық, объективті бағалау жүргізу арқылы (соның ішінде жарнама арқылы) алға шығу;
- өнімнің экологиялық сапасы туралы, сатып алу алдында қоршаған ортаны қорғау және өнімнің экологиялық қауіпсіздігі туралы тұтынушылардың сана-сезімін ояту;
- экологиялық қауіпсіз жаңа өнімдер мен процестерді өңдеу үшін өндірушілерді нарықтық стимулмен қамтамасыз ету.

Экологиялық таңбалаудың негізгі ережелері.

ЕО мемлекеттерінде эко-таңбалаудың екі маңызды бағдарламалары жұмыс істейді:

- «сана белгісі» бағдарламасы – компаниялардың өз еркімен қатысуы үшін;
- *экологиялық сертификация* бағдарламасы (ЕСР – Environmental Certification Programme) – потенциалды қауіпті фирма-өндірушілер үшін міндетті.

Бұл бағдарламалар бір текті топтар ішіндегі ең жоғары сапалы және ең қауіпті өнімдерді таңдау үшін арналған. Экологиялық тіршілік циклінің концепциясын қолдану арқылы өнімдерге таңдау жүргізіледі.

ISO 14020 бойынша эко-таңбалау 3 типке бөлінеді. Үшінші жақтың өнім сертификациясының қорытындысымен экологиялық таңбалау белгісі берілсе, онда ол 1-типті таңбалау болып саналады. Бұл таңбалау қатысушы бағдарламасының рамкасында жүргізіледі. 1-типті таңбалаудың бағдарламасының

талабы бойынша қатысушы өнімнің бұл белгіні алу үшін белгілі бір критерийлерді қанағаттандыруы керек. 2-типті таңбалау өнімнің белгілі бір экологиялық нормативтерге сәйкестік декларациясына негізделеді. Бұл жерде өндіруші өнімді ерекше белгімен таңбалау жасауы мүмкін. 3-типті таңбалау 1-типті таңбалауға өте ұқсас, бірақ өнімнің өндірістік циклдарының сатысындағы экологиялық сипаттама туралы белгілі бір ақпараттармен байланысты негізделеді.

Экологиялық сертификация және таңбалау өнімге арнайы эко-лейбла белгісін берумен аяқталуы мүмкін. Эко-лейбла белгісін алу үшін экологиялық жағынан қарағанда, өнім басқа ұқсас өнімдерге қарағанда ең жоғарғы сапалы болу керек. Әдетте, эко-лейбл белгісі белгілі бір өнім топтарының ішінде санаулы өнімдерге ғана беріледі. Бұл талап ететін критерийлерге жету үшін өндірушіні үнемі өнімнің сапасын жоғарылатуға стимул беріп тұрады. Экологиялық таңбалау алған өнімдердің сандық пайызы өскен сайын, өнімге деген сапа талаптары да өсіп тұрады, ал бұл өндірушілерге үнемі жақсарту циклын өзгертуге күш береді.

Қазіргі таңда экологиялық-гигиеналық сипаттағы өнімдердің халық денсаулығын қорғау мүддесін көздейтін түрлерін ұйымдастыруды іздестіру қажет. Әдетте, ең алдымен мұндай нысанның үш түрі қарастырылғаны дұрыс. Бірінші – бұл жоғары экологиялық-гигиеналық сипаттағы өнімді анықтау бөліміндегі ерікті экологиялық сертификаттау мүмкіндігін насихаттау, мұндай өнімдерді тұтынудың артықшылығы адам ағзасындағы химиялық және радиациялық жүкті төмендетіні айқын болуы керек. Екіншісі – осы мүмкіндіктерді экологиялық таңбалауда барынша пайдалану болып табылады. Эко-белгі көптеген беделді белгілердің арасында көзге ілінбей қалмау үшін, оның басымдырақ әрі экологиялық сапаның жиынтығынан хабар беретіндей болуы керек. Сонымен қатар, үшіншіден – дүкендер желісін қалыптастыру (бірінші кезеңдерге – сөрелер), онда тек сәйкес таңбасы және өнімнің жоғары экологиялық-гигиеналық сипаттамасына құжаттары бар өнім сатылуына жағдай жасалса, насихат жұмыстары дұрыс жүргізілері хақ. Қазіргі кезде бұрынғы посткеңестік елдердің барлығы заман талабына сай өз өнімдерін экологиялық белгімен таңбалауға жаппай кірісті.

Шығарылған өнімді таңбалау өнімнің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға бірден-бір себеп болары анық.

Сонымен қатар, Техникалық комитет экологиялық таза өнім саласында білікті мамандар дайындау мақсатында шет елдерде өткізілетін семинарларға елімізден қатысушыларды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық таңбалау не үшін керек?
2. Экологиялық менеджменттің бағдарламасы қалай сипатталады?
3. Экологиялық менеджменттің мақсаты қандай?
4. ЕС мемлекеттерінде экологиялық маркетинг бойынша қандай бағдарламалар жүргізіледі?
5. ISO 14000 бойынша экологиялық таңбалау қандай типтерге бөлінеді?

Бақылауға арналған тест тапсырмалары:

1. Қазақстан Республикасында экологиялық саясатты реализациялау қай үкімет саласына жүктелген?

- A) атқарушы, қаржы, құқықтық
- B) заңды, атқарушы, құқықтық
- C) заңды, атқарушы, қаржы
- D) нормативтік, құқықтық, қаржы
- E) соттық, мемлекеттік, қоғамдық

2. ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган:

- A) Экология және биоресурстар министрлігі
- B) Экология және табиғи ресурстар министрлігі
- C) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- D) Экология және минералды ресурстар министрлігі
- E) Табиғатты қорғау комитеті

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы орган ретінде үкіметтің функциясы:

- A) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы министрліктердің қызметін басқару
- B) Қоршаған ортаны ластауға төлем ақының төлеу тәртібін бекіту
- C) Республиканың экономикалық негізгі даму бағыттарын өндеу
- D) Табиғатты пайдаланудағы әртүрлі бағыттағы және ұлттық экологиялық бағдарламаларды өндеу
- E) халықаралық ынтымақтастықтарды бекіту

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның функциясы болмайтын қызмет:

- A) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүргізу
- B) ұлттық экологиялық бағдарламаларды ұйымдастыруды жүргізу
- C) экологиялық сараптаманы жүргізу
- D) экологиялық аудитті жүргізу
- E) экологиялық рұқсатты беру

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар:

- A) маслихаттар
- B) ҚОҚ қалалық және облыстық басқармалар
- C) ҚОҚ департаменттер
- D) табиғатты қорғаудағы мемлекеттік комитеттер
- E) әкімшіліктер

6. Минералды-шикізатты рационалды пайдалану және қорғау қызметін жүргізеді

- A) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- B) Индустрия және сауда министрлігі
- C) Инвестиция бойынша мемлекеттік комитет
- D) Энергетика және минералды ресурстар министрлігі
- E) Ауылшаруашылық министрлігі

7. Жер, су және орман ресурстарын пайдалануды басқаратын орган:

- A) су ресурстары бойынша комитет
- B) ауылшаруашылық министрлігі
- C) қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- D) жер ресурстары бойынша агенттіктер
- E) табиғатты қорғаудағы мемлекеттік комитеттер

8. Табиғатты пайдалану регуляторы

- A) шектеулер (лимиттер)
- B) келісім-шарттар
- C) контракттар
- D) аудиттер
- E) лицензиялар

9. ҚР лицензиялауға жарамайды:

- A) табиғат ресурстарын пайдалану
- B) қоршаған ортаға ластаушы заттарды тастау (төгу)
- C) табиғатты қорғау қызметі
- D) экологиялық аудиторлық қызмет
- E) қоршаған ортада қалдықтарды тастау

10. ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүргізілетін бақылау:

- A) мемлекеттік, шаршуашылық, ведомствалық
- B) мемлекеттік, өндірістік, қоғамдық
- C) ведомствалық, өндірістік, үкіметтік
- D) өндірістік, шаруашылық, ведомствалық
- E) шаруашылық, өндірістік, мемлекеттік

11. Экологиялық нормативтерді бұзғаны үшін әкімшілік шаралар әсеріне жатпайды:

- A) шаруашылық қызметіне тікелей тыйымдар
- B) табиғатты пайдалануға лицензияны алу
- C) ластаушы заттарды төгуге және тастауға шектеулер қою
- D) келтірілген зардап үшін арыздарды беру
- E) айып-пұл санкциялары

12. Табиғи ресурстар туралы ақпарат қай жерде көрсетіледі?

- A) экологиялық аудит материалдарында
- B) кадастр салаларында
- C) экологиялық сараптаманың қорытындысында
- D) экологиялық мониторингте
- E) экологиялық ҚОӘБ қорытындысында

13. ҚР 2030 стратегиясындағы «Экология және табиғатты пайдалану» тарауы келесі бағыттарды қоспайды:

- A) экологиялық қауіпсіз қоршаған ортаны жасау
- B) табиғат ресурстарын пайдалану
- C) экологиялық-экономикалық саладағы рыногтық қарым-қатынастарды дамыту
- D) жануарлар және өсімдіктер әлемдерінің әртүрлілігін сақтау
- E) экологиялық білім

14. Экологиялық менеджмент жүйесі – бұл

- A) ұйымдастыру және басқару бойынша координацияланған қызмет
- B) экологиялық саясатты дамыту, талдау, өңдеу, енгізу реализациялау үшін ұйымдастырулық құрылысын, жобалауды, процедураларды, процестерді және ресурстарды қосатын жалпы менеджмент жүйесінің бөлігі

С) шаруашылық қызметтің тиімділігін арттыру үшін бағытталған ұйымдастырушылық құрылыстың қызметі

Д) ұйымдастырушылық басқару өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы

Е) экологиялық басқарудың анықталған құрылысы

15. Экологиялық менеджмент саласындағы халықаралық стандарттарды өндеуге қажеттіліктің себебі:

А) ғылыми-техникалық прогресс;

В) экономика мен экологиялық проблемалардың глобализациясы;

С) экономиканың глобализациясы;

Д) халықаралық сауданың дамуы;

Е) экологиялық қауіпсіздік

16. Өндірісте экологиялық менеджмент жүйесін пайдалану үшін стимул бола алмайтын не?

А) экологиялық тәуекелділікті төмендету;

В) нормативтік және заңды экологиялық шарттардың орындалуын қамтамассыздандыру;

С) өнеркәсіптің имиджін жоғарлату;

Д) экологиялық басқарудың ұйымдастыру құрылысының санын көбейту;

Е) энергия мен ресурстарды үнемдеу

17. Экологиялық менеджмент жүйесінің саласындағы ең алғаш өңделген стандарттар:

А) ISO 14001;

В) EMAS ;

С) BS 7750;

Д) ISO 14004;

Е) ISO 14020

18. Қандай халықаралық стандарт экологиялық менеджмент жүйесінің стандарттарына жатпайды?

- A) BS 7750;
- B) EMAS;
- C) ISO 14000;
- D) ISO 9000;
- E) ISO 14001;

19. Қоршаған ортаны қорғауды басқару саласындағы халықаралық стандарттар құрамына кірмейді:

- A) экологиялық нормативтерге талаптар;
- B) экологиялық басқарудың тиімді жүйесін құрастыру үшін ұсыныстар;
- C) инициативтік экологиялық аудиттер үшін ұсыныстар;
- D) экологиялық менеджмент жүйесінің функцияналды ұсыныстары;
- E) өнімнің тіршілік циклының бағасы

20. ISO 14000 халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес өнеркәсіптерді сертификациялауға жатады:

- A) міндетті түрде;
- B) өз қалауымен;
- C) ұсыныспен;
- D) заңды;
- E) нормативтік

21. ISO 14000 стандарттар тобы:

- A) өнімге тікелей қатынасы бар;
- B) бақылаушы болып табылады;
- C) ұйымдастырушы болып табылады;
- D) өнімнің сапасын анықтайды;
- E) қоғамдық болып табылады

22. Келесі құжаттар тобы ISO 14000 кірмейді:

- A) экологиялық менеджмент жүйесін пайдалану және құру принциптері;
- B) экологиялық бақылау мен бағаның құрылымдары;
- C) глоссарий;
- D) аз және қалдықсыз технологияларды пайдалану принциптері;
- E) өнімге бағытталған стандарттар

23. ISO 14001 сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі бар өнеркәсіптер төмендегіні істемеу керек:

- A) экологиялық нормативтерге өзгерістер енгізуді;
- B) қоршаған ортаға өнеркәсіптің қызметінің маңызы бар экологиялық аспектілеріне бағалауды жүргізуді;
- C) экологиялық саясатты жасауды;
- D) экологиялық менеджменттің бағдарламасын өңдеуді;
- E) қоршаған ортаны басқару жүйесінің құжаттарын жүргізуді

24. Экологиялық саясат – бұл:

- A) арнайы экологиялық бағдарлама;
- B) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті ұйымдастыру принциптері мен түрлері туралы арнайы құжат;
- C) өнеркәсіп қызметінің жоспары;
- D) өнеркәсіптің міндеті мен мақсатының декларациясы;
- E) өнеркәсіптің өнімінің жарнамасы

25. Қазақстан Республикасының территориясында күшіне енбеген ISO 14000 тобының қандай стандарты:

- A) ISO 14001;
- B) ISO 14004;
- C) ISO 14010;
- D) ISO 14040;
- E) ISO 14050

26. Өндірістік өнеркәсіп деңгейіндегі экологиялық басқару проблемаларына кірмейді:

- A) өнеркәсіп басшыларында экологиялық сұрақтарға көңіл бөлу деңгейінің төмендігі;
- B) экологиялық қызметті шығыны көп қызмет саласы болып саналуы;
- C) экологиялық проблемаларды шешу кезінде азшығынды әдісті қолдануына жүйелік жолдың болмауы;
- D) профессионалды жұмыскерлермен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі;
- E) табиғатты қорғау шараларын бірінші ретті қаржыландыру.

27. Өнімнің экологиялық сертификациясының міндетіне не жатпайды?

А) тұтынушының денсаулығына және өміріне қауіпті өнімді сатып алудан қорғау;

В) әлем нарығына біздің экономикамыздың интеграциясын қамтамасыз ету;

С) арзан өнімді шығару;

Д) бәсекелестіктен өндірушіні қорғау;

Е) кәсіпорынның имиджін қолдау

28. Өнімнің өмірлік айналымына не жатады?

А) өндіріс, тауар айналымы, пайдалану, утильдеу;

В) өндіріс, іске қосу, пайдалану, пайдаланғаннан кейін қайта өңдеу (утильдеу);

С) өндіріс, жарнама, пайдаланғаннан кейін қайта өңдеу;

Д) өндіріс, жарнама, іске қосу, пайдалану;

Е) дайындалу, жарнама, іске қосу, утильдеу

29. Экологиялық белгі қандай өнімге беріледі?

А) белгілі бір топ ішіндегі бір текті өнімдердегі аналог алдындағы белгілі бір экологиялық ерекшелігі бар өнімге беріледі;

В) бір текті өнім алдында сапа бойынша ерекшелінетін өнімге беріледі;

С) тауар түрі бар өнімге беріледі;

Д) топ өнімдер арасында белгілі бір сапасы бар өнімге беріледі;

Е) экологиялық сапалы өнімге беріледі

30. Экологиялық таңбалаудың мақсаты дегеніміз –

А) сапалы өнімнің айқындалуы;

В) бір текті өнім топтарының арасында белгілі бір өнімнің барлық «өмірлік айналымдағы» сатыларында қоршаған ортаға аз әсер ететін өнімді айқындау;

С) белгілі бір сападағы бір текті өнімдерін айқындау;

Д) өнімді жарнамалау;

Е) өнімді реализациялау

31. Табиғи объектілердің барлық антропогендік әсерлерден өзгерістерінің қоршаған ортамен халықтың денсаулығы үшін қолайсыз болу ықтималдығы:

- A) сақтандыру жағдайы
- B) экологиялық шарт
- C) экологиялық дағдарыс
- D) экологиялық тәуекел
- E) экологиялық жағдай

32. Мемлекеттік экологиялық сараптауды іске асыру нәтижесі болып:

- A) қоршаған ортаға әсерді бағалау
- B) қоғамдық сұрақ
- C) анкета жүргізу
- D) кәсіпорын жобасының мониторингі
- E) сараптау қорытындысы

33. Жұмыс істеп тұрған объектілерге мемлекеттік сараптау қандай материалдарға негізделіп іске асырылады?

- A) экологиялық сақтандыру
- B) қоғамдық сараптама
- C) жобадан кейінгі сараптама
- D) қоршаған ортаға әсерді бағалаумен сай орындалған экологиялық аудит
- E) қоршаған ортаға әсерді бағалау алдындағы істер

34. Жобаларды жоспарлау жұмыстарында және объектілерді сараптауда қаржыландыруды іске асыруда тапсырыс беруші заңды және жеке тұлғалар. Бұлар:

- A) мердігер
- B) инженер
- C) тапсырыс беруші
- D) өңдеуші
- E) сарапшы

35. Мемлекеттік экологиялық сараптама арнайы органдар арқылы жүзеге асырылады, олар:

- A) кен байлық қорғау және геология министрлігі;

- В) мемлекеттік жерге орналастыру қызметі;
- С) шаруашылығы басқармасы;
- Д) экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекциякомитеті(қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігі);
- Е) ауылшаруашылық министрлігі;

36. Шаруашылық іс-әрекеттерді жобалау шешімдерінде қоғам үшін кейін болатын зардаптың әсер шамасын шығару зерттеу, бағалау, есепке алу былай аталады:

- А) мемлекеттік сараптау
- В) қоршаған ортаға әсерді бағалау
- С) экологиялық аудит
- Д) экологиялық сақтандыру
- Е) қоршаған орта мониторингі

37. Экологиялық істерді жүргізгенде барлық процедурасын қаржымен кім қамтамасыз етеді?

- А) мердігер
- В) сарапшы
- С) инвестор
- Д) тапсырыс беруші
- Е) жобалаушы

38. Жобалардың барлық кезеңін экологиялық негіздеуде өзара байланысты жүйелілікті қамтамасыз ететін процедура:

- А) экологиялық сүйемелдеу
- В) экологиялық тәуекел
- С) экологиялық аудит
- Д) экологиялық салдар
- Е) экологиялық сақтандыру

39. Объектілерге экологиялық сараптау жүргізуші маман- бұл:

- А) тапсырыс беруші
- В) өңдеуші
- С) сарапшы
- Д) инвестор
- Е) мердігер

40. Мемлекеттік экологиялық сараптауға жатпайтын материалдар мен құжаттар:

- А) жобалар мен жоспар алдындағы жоспарланған құжаттардың барлық түрі;
- В) табиғи қорларды пайдалану және қорғаудың кешенді жобаларының схемасы;
- С) аумақтың бөліктеріне кешенді экологиялық зерттеу материалдары;
- Д) жобалардың техникалық-экономикалық негіздеу құжаттары;
- Е) жергілікті өзін-өзі басқару туралы құжаттар;

41. Экологиялық процедураларды орындауда заң талаптарын сақтауды бақылайтын орын:

- А) қоғамдық мекеме;
- В) мемлекеттік жерге орналастыру комитеті;
- С) денсаулық сақтау министрлігі;
- Д) ішкі істер министрлігі;
- Е) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

42. Қоршаған ортаға әсерді бағалау процедураларын іске асырушы жеке және заңды тұлғалар:

- А) өңдеуші
- В) тапсырыс беруші
- С) сарапшы
- Д) жобалаушы
- Е) мердігер

43. Жоба алдындағы кезеңде ҚОӘБ-лау жүргізуде объектінің өңдеу жұмыстарының принципі:

- А) превентивтігі
- В) дұрыстығы
- С) алғашқылығы
- Д) бірлестігі
- Е) құрылымы (интеграция)

44. Экологиялық сараптаудың субъектісі болып:

A) жобалау, жоспарлау алдындағы және жобалау құжаттары;

B) ҚР орталық атқарушы органы, министрлік, ҚР мемлекеттік комитеті;

C) қоршаған ортаға және халық денсаулығына әсер етудің нормативтік- құқықтық актілері;

D) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижесі;

E) экологиялық аудит

45. Өндіріс жетекшілерінің шешімімен жүргізілетін аудит, бұл:

A) сыртқы

B) ішкі

C) ынталы

D) міндетті

E) өндірістік

46. Экологиялық сараптауды жүргізу үшін тартылған заңды және жеке тұлғалар:

A) тапсырыс беруші

B) ынталы бастаушы

C) өңдеуші

D) сарапшы

E) аудит жүргізуші

47. Салынып жатқан және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін мемлекеттік экологиялық сараптау қорытындысының өз күшіне ену мерзімі:

A) 2 жылдан кейін

B) 2 жылға дейін

C) 5 жылға дейін

D) 5 жылдан кейін

E) 1 жыл

48. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жайында Конвенция қай жылы өтті?

A) 1992

B) 1991

C) 1989

D) 1979

E) 1987

49. Экологиялық сараптау субъектісі болып есептелінбейді:

- A) министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа атқарушы органдар
- B) экологиялық сараптауды өткізуге қатыстырылған жеке тұлға
- C) жергілікті органдар және республикада қоршаған ортаны қорғау аясындағы орталық атқарушы орган
- D) ғылыми мекемелер, қоғамдық экологиялық бірлестіктер
- E) қауіпсіздік қызмет органы

50. Қоршаған ортаға жасалынатын бағдарламаларға және қауіпті әсерлерді бағалау жұмыстарына материалдарды кім ұсынады?

- A) сарапшы
- B) ынталы топ
- C) басқарма бастығы
- D) аудит жүргізуші
- E) жобалаушы

51. Экологиялық сараптауға жататын құжаттардан тапсырыс берушілерге қайсы құжатты міндеттейді?

- A) заңды актілер талабына сәйкес экологиялық сараптама құжаттарын дайындауға міндетті;
- B) белгіленген қызметтерді заңды құжаттарға сәйкес жүргізу;
- C) сараптауға қажетті материалдарды арнайы құқықтық органдарға беруге;
- D) мемлекеттік экологиялық комиссияны өткізуді төлемеуге;
- E) объектілерді қаржыландыру үшін мемлекеттік экологиялық комиссия қорытындысын және мәліметтерін банк ұйымдарына беріп отыру;

52. Қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық міндеттерді іске асыру негізінде жүргізілетін экологиялық аудит:

- A) ынталы
- B) міндетті
- C) ішкі
- D) сыртқы
- E) негізгі

53. Күрделі объектілерде жүргізілетін мемлекеттік экологиялық сараптау мерзімі:

- A) 120 күнге дейін
- B) 30 күнге дейін
- C) 60 күнге дейін
- D) 10 күн
- E) 90 күнге дейін

54. Экологиялық сараптау туралы ҚР заңы қай жылы қабылданды?

- A) 2001
- B) 1998
- C) 1997
- D) 1999
- E) 1996

55. Қоршаған ортаға теріс әсерлердің болуын ескерту мақсатында белгіленген шаруашылық және басқа істердің экологиялық талаптарға сәйкес қойылуы:

- A) экологиялық тәуекел
- B) экологиялық аудит
- C) экологиялық паспорттау
- D) экологиялық сараптау
- E) қоршаған орта мониторингі

56. Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізудің екінші этапы, бұл:

- A) ҚОӘБ-ды жүргізуге техникалық тапсырмаларды құрастырғаны және алдын ала бағалау жасағанын хабарлау;
- B) ҚОӘБ туралы соңғы варианттың мәліметтерін дайындау;
- C) ҚОӘБ бойынша зерттеу жүргізуге алдын-ала материал дайындау;
- D) ҚОӘБ жүргізуге техникалық тапсырмаларды дайындау;
- E) қоғамдық және мемлекеттік сараптауға материалдар дайындау;

57. Аудит жүргізуші топты таңдау және экологиялық аудит параметрлерін анықтау бұл экологиялық аудит жүргізудің қайсы бөліміне жатады?

- A) бірінші
- B) екінші
- C) бесінші
- D) үшінші
- E) он үшінші

58. ҚОЭБ жүргізу қорытындысының дұрыстығы, толықтығы және сапалылығы жөнінде тапсырыс берушінің алдында кім жауап береді?

- A) мердігер
- B) сарапшы
- C) инвестор
- D) тапсырыс беруші
- E) жобалаушы

59. Мемлекеттік экологиялық сараптауды жүргізуге нағыз құқығы бар:

- A) ҚОҚ министрлігі
- B) ҚР құрылыс министрлігі
- C) мемлекеттік жер комитеті
- D) экономика министрлігі
- E) ҚР өкіметі

60. Экологиялық сараптау объектісі болып:

- A) экологиялық сараптау жүргізуге тартылған жеке тұлғалар;
- B) жобалау, жоспарлау алдындағы жобалау құжаттар, нормативтік актілер;
- C) ғылыми мекемелер, қоғамдық экологиялық бірлестіктер;
- D) биоресурстар және экология министрлігі;
- E) ҚР мемлекеттік комитеті;

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары:

Сұрақ реті	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Дұрыс жауабы	B	C	C	D	B	D	B	A	C	B	C
Сұрақ реті	12	13	14	16	17	18	19	20	21	22	23
Дұрыс жауабы	B	C	B	D	C	D	A	B	C	D	A
Сұрақ реті	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34
Дұрыс жауабы	B	C	E	C	B	A	B	D	E	D	C
Сұрақ реті	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45
Дұрыс жауабы	D	B	D	A	C	E	E	A	A	B	C
Сұрақ реті	46	47	48	49	50	51	53	54	55	56	57
Дұрыс жауабы	D	C	B	E	B	D	A	C	D	C	B
Сұрақ реті	58	59	60								
Дұрыс жауабы	C	A	B								

ГЛОССАРИЙ

Қолайлы қоршаған орта – экологиялық қауіпсіздікті, адам денсаулығын қорғауды, биоалуантүрлілікті сақтауды, ластануды алдын алуды, экологиялық жүйенің тұрақты дамуын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қоршаған орта.

Қоршаған ортаға зиян келтіру – табиғи ресурстардың деградациясын келтіретін немесе келтірген және оларды жоятын немесе тірі организмдердің өлуіне әкеп соғуы, қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды бекітілген нормативтерден көп пайдалануды айтамыз.

Қоршаған ортаға эмиссиялар – зиянды заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың орналасуы, зиянды физикалық әсерлер.

Қоршаған ортаға эмиссияларға деген квота – нақты бір табиғатты пайдаланушыға белгілі бір уақытқа берілетін қоршаған ортаға эмиссияларға деген шектеудің бөлігі.

Қоршаған ортаға эмиссияларға деген шектеу – белгілі бір уақытқа бекітілген қоршаған ортаға эмиссияның нормативтік көлемі.

Қоршаған ортаның сапасының нормативі – қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жағдайының адам денсаулығы және өмірі үшін қолайлығынын сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоршаған ортаның сапасының мақсаттық көрсеткіштері – қоршаған ортаның сапасын біртіндеп жақсарту қажеттілігін ескере отырып, нақты уақыт ішінде қоршаған ортаның нормалау параметрлерінің шекті деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоршаған ортаны қорғау – қоршаған ортаны сақтауға және жақсартуға, шаруашылық немесе басқа да қызметтердің қоршаған ортаға келтіретін кері әсерін алдын алуға және оны ликвидациялауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралардың жүйесі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы

мемлекеттік саясатты өңдеу және релализациялау мәселелері бойынша басшылық ететін және салааралық реттейтін орталық атқарушы орган, сонымен қатар, оның аймақтық органдары.

Қоршаған ортаның апаттық ластануы – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және басқа да экологиялық қауіпті қызмет кезінде туылған апат қоршаған ортаның ластануы, ол дегеніміз – берілген уақыттағы шекті деңгейінен артатын атмосфераға шығарындылар, суға зиянды заттардың төгілуі және жер қабатына, жер қойнауына қатты, сұйық және газтәрізді зиянды заттрадың төгілуі немесе иістердің, шудың, дірілдің, радиацияның пайда болуы, электромагниттік, температуралық, жарық немесе басқа да физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсерлер.

Қоршаған ортаның ластануы – қоршаған ортада ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндірістік қалдықтардың пайда болуы, сонымен қатар, қоршаған ортаға шудың, дірілдің, магниттік алаңдардың және басқа да зиянды физикалық әсерлері.

Қоршаған ортаның ластанған аймақтары – бекітілген нормативтерден асып кеткен химиялық қауіпті заттармен ластанған жер қабатының немесе су объектісінің шектелген аймақтары.

Қоршаған ортаның сапасы – қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы.

Мекендеу ортасы – жергілікті типі немесе популяцияның және басқа да организмдердің табиғи мекендеу ортасы.

Мемлекеттік экологиялық бақылау – Қазақстан Республикасының экологиялық заңдылықтарын, қоршаған ортаның сапасының нормативтерін және экологиялық талаптарды сақтау бойынша бақылайтын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметі.

Өндіру мен тұтынудың тұрақты моделі – сарқылмайтын ресурстарды падалануды азаюы кезінді, сарқылатын ресурстарды қалпына келтіру кезінде және қоршаған ортаны антропогенді ластануының төмендеген кезінде өндірістің өсуімен сипатталатын әлеуметтік-экономикалық модель.

Экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогенді және табиғи әсерінен пайда болатын, қоғамға және мемлекетке,

тұлғалардың мүдделері мен құқығына төніп тұрған қауіп-қатерден қорғаныс жағдайымен қамтамасыз етілуі.

Экологиялық қауіпті объект – шаруашылық немесе басқа да объектінің құрылысы мен қызметі қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсер ететін объектілер топтамасы.

Экологиялық маркетинг – табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың барлық жаңа технологиясын сақтай отырып, экологиялық таза өнім өндіруді жүзеге асыратын экологиялық бизнес жолы.

Экологиялық менеджмент – кәсіпорынның экологиялық саясатын қолдау, талдау, орындау, енгізу және өңдеу үшін организациялық құрылым, жоспарлау, жауапкершілік, әдістер, процедуралар, процестер және ресурстар кіретін қоршаған ортаны қорғауды әкімшілік басқару.

Экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жағдайын және оған келтірілген әсерді жүйелі бақылау және бағалау.

Экологиялық нормалау – қоршаған ортаның жағдайының және оған әсер ету деңгейінің сапалық және сандық көрсеткіштері (нормативтері) кіретін ережелер (нормалар) жүйесі.

Экологиялық талаптар – өнімді өндіру, пайдалану және кәдеге жарату кездерінде оның қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау.

Экологиялық рұқсат – қоршаған ортаға эмиссияны орындауға жеке және заңды тұлғалардың құқығын куәландыратын құжат.

Экологиялық сараптама – шаруашылық немесе басқа да қызметтер түрлерінің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін бекіту, сонымен қатар, бұл қызметтің қоршаған ортаға келтірілетін жағымсыз әсерлерді ескерту мақсатында объектінің реализациялауға дайындығын анықтайды.

Таза өнімнің экологиялық белгісі – маркировкаланған өнімнің таза өнімнің экологиялық стандарттарына сәйкестігін көрсететін тіркелген белгі.

Экологиялық талаптар – Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінде, ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде және нормативтік-техникалық құжаттарында

көрсетілген халық денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсер ететін шаруашылық немесе басқа да қызметтерге шектеулер мен тыйымдар.

Экологиялық таңбалау – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңдылықтарында бекітілген тәртіп бойынша сәйкестіктен өткен өнімге таза өнімнің экологиялық белгісінің берілуі.

Экологиялық тәуекел – белгілі бір факторлардың әсерінен табиғи объектілерінің немесе қоршаған ортаның жағдайының өзгеруінің тәуекелділігі.

Эмиссия нормативі – қоршаған ортаның сапасының нормативтері орындалатын шекті эмиссиялар көрсеткіштері.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Кушумбаев А.А. Экологическое право Республики Казахстан. – Астана. «Фолиант».2001. – 323 с.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы. «Юрист».2007. – 172 с.
3. Пахомова Н., Эндрес А., Рихтер К. Экологический менеджмент. – М.: 2003. – 536 с.
4. Инженерная экология и экологический менеджмент. Учебник под ред./ Иванова Н.И. и Фадина И.М. – М.:«Логос», 2003.– 527 с.
5. Пашков Е.В., Фомин Г.С., Красный Д.В. Международные стандарты ISO 14000. Основы экологического управления. – М.: ИПК. Издательство стандартов, 1997. – 407 с.
6. Глухов В.В., Лисочкина Т.В., Некрасов Т.П. Экономические основы экологии. Учебник: – Санкт-Петербург, 1995. – 278 с.
7. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Казахстан. – Алматы: Юрист, 2007. – 111 с.
8. Қазақстан Республикасының Су кодексі. – Алматы: Юрист, 2007
9. Қазақстан Республикасының Орман кодексі – Алматы: Юрист, 2007
10. Президенттің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» қаулысы, 1996 ж. № 2828
11. Қазақстан Республикасының 2007 – 2024 жылдар аралығында тұрақты дамуға көшу туралы концепциясы – Астана, 2006.
12. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдар аралығындағы экологиялық қауіпсіздігі концепциясы. – Астана, 2003.
13. Суляева Н.Г. Система экологического менеджмента на промышленном предприятии. Методические указания к курсовой работе по дисциплине «Экологический менеджмент». – Алматы, 2006.
14. Коробко В.И. Экологический менеджмент: уч.пособие. – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2012. – 303 с.
15. Стамқұлұлы.Ә “ҚР Экология құқығы” – Алматы : Жеті жарғы, 1995ж.

16. ҚР Конституциясы. 1995ж. 30 тамыз.
17. Чусев Р.К “Экологические право” Москва. 2000ж.
18. ҚР мемлекеті мен құқығының негіздері. Баянов. Е. – Алматы. 2003ж.
19. «Международные эколого-правовое сотрудничество» – Алматы: Дәнекер, 2001ж.
20. Сапарғалиев. Ғ. “Мемлекет және құқық негіздері”. – Алматы. 2000ж.
21. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 107-құжат 21.11.2014. 31.12.2014 жаңартылған.
22. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
23. Экологиялық сараптама туралы Қазақстан Республикасының 1997 ж. 18 наурыздағы № 85-1 Заңы (ҚР 24.12.98 ж. № 334-1; 11.05.99 ж. № 381-1; 02.07.03 ж. № 454-11; 2004.20.12 № 13-III Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)
24. Анисимов А.В. Экологический менеджмент: учебник для вузов / – Ростов н/Д.: Феникс, 2009. – 349 с.
25. Белов Г.В. Экологический менеджмент предприятия: учебное пособие для студ. вузов, обуч. по спец. «Экологический менеджмент предприятия» – М.: Логос, 2006. – 240 с.: ил. – (Новая университетская библиотека).
26. Н.Т. Кавешников, В.Б. Карев, А.Н. Кавешников. Управление природопользованием: учебное пособие для студ. вузов / под ред. Н.Т. Кавешникова. – М.: Колос, 2006. – 360 с.
27. Пахомова Н.В. Экономика природопользования и экологический менеджмент: учебное пособие для студ. вузов / Н.В. Пахомова, К. Рихтер; Санкт-Петербургский гос. ун-т, Экон. факультет. – 2-е изд., доп. и перераб. – СПб.: ЦЭиМ, 2006. – 540 с.
28. Родькин О.И. Экологический менеджмент: учебно-

метод. пособие / О.И. Родькин, Ч.А. Романовский, С.С. Позняк;
МО Республики Беларусь; Республиканский институт высш.
шк.. – Минск: РИВШ, 2008. – 254 с.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе.....	3
1. Экологиялық құқық.....	4
1.1. Экологиялық құқық туралы түсінік	4
1.2. Экологиялық құқықтың көздері	9
1.3. Табиғатты пайдалануды басқарудың құқықтық негізі.....	15
1.4. Табиғатты пайдалану құқығы	34
1.5. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару	57
1.6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік реттеу институттары.....	66
1.7. ҚР қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың мемлекеттік басқармасының органдары.....	72
1.8. Өндірістік кәсіпорында табиғатты қорғау қызметін басқару	80
1.9. Экологиялық тәуекелділікті төмендету әдістері мен бағалау	85
2. Экологиялық менеджмент жүйесі.....	89
2.1. Экологиялық менеджмент түсінігі.....	89
2.2. Экологиялық менеджменттің эволюциясы.....	96
2.3. ИСО 14000 Халықаралық стандарттары.....	104
2.4. Экологиялық сертификация	111
2.5. Экологиялық маркетинг.....	117
2.6. Экологиялық таңбалау	125
Бақылауға арналған тест тапсырмалары	129
Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары.....	143
Глоссарий	144
Библиографиялық тізім.....	148

Оқулық басылым

Зылиха Қожамқұлқызы Қанаева

«МЕНЕДЖМЕНТ ПЕН МАРКЕТИНГТЕГІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

Оқу құралы

ОБО РБ бастығы
Редакторы
Компьютерде беттеген

З. А. Ғұбайдулина
Г. Онкебаева
А. А. Кадирсизова

Басуға 13.09. 2016 ж. қол қойылды
Таралымы 300 дана. Пішімі 60x84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.
Көлемі 9,5 есепті-баспа табақ. 8,8 шартты баспа табақ.
Тапсырыс № 784. Бағасы келісімді.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті басылымы.
Қоғаммен байланыс департаменті,
Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 22

ISBN 978-601-228-978-7



9

7 8 6 0 1 2 2 8 9 7 8 7